

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 37.091.212.3

Қолжазба құқығында

ТУРАЛБАЕВА АЛМАШ ТУРГАНБАЕВНА

**Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды
тәрбиелеу**

6D010200- Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
п.ғ.д, доцент
Абсатова М.А.
Шет елдік кеңесші
PhD доктор, профессор
Гучлу Н.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|------------|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... | 3 |
| АНЫҚТАМАЛАР..... | 4 |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... | 6 |
| КІРІСПЕ..... | 7 |
| | |
| 1 ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕП ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | |
| 1.1 Педагогика және психология ғылымындағы дарындылық мәселесі..... | 17 |
| 1.2 Дарынды бала ұғымының мәні мен мазмұнының теориялық талдануы..... | 29 |
| 1.3 Ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің қағидалары..... | 51 |
| 1.4 Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі..... | 65 |
| | |
| 2 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР..... | 74 |
| 2.1 Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесі..... | 74 |
| 2.2 Бастауыш сыныптағы дарынды балалардың диагностикасын ұйымдастыру..... | 88 |
| 2.3 Қалыптастырушы эксперименттің мазмұны мен әдістемесі..... | 105 |
| 2.4 Бақылау экспериментінің нәтижелері..... | 116 |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 125 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... | 127 |
| ҚОСЫМШАЛАР..... | 136 |

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы. Астана, 16.11.2009ж. ҚРБЖҒМ №521 бұйрығы

ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы, Астана.14.12.2012ж.

Қазақстан Республикасының «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» бағдарламасы.26 наурыз.1996ж. №1125 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана

Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.Астана. 27 қаңтар 2012 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Академиялық дарындылық – уақыт талабы жағдайларындағы оқуға деген қабілеттілік (мектепте, колледжде, ЖОО-да, ЖОО-нан кейінгі білім алушыларда т.б.). Оқу үлгерімі деңгейінде көрінеді.

Арнайы дарындылық – нақты бір іс-әрекетте жетістікке жетуге мүмкіндік беретін әр түрлі қабілеттердің сапалық жағынан өзінше үйлесуі, іс-әрекеттің нақты бір түрінде көрінетін балалар (музыкалық, көркемөнер, спорттық, тілдік, техникалық т.б.).

Зияткер (интеллект) – бұл ақыл-ой дамуының белгіленген деңгейі (орташадан жоғары) ғана емес, іс-әрекеттің белгілі бір түрі бойынша жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жалпы зияткерлік және арнайы зияткерлік қабілеттен тұратын зерделі іс-әрекеттің тұтас өрісі.

Арнайы қабілеттілік – белгілі бір іс-әрекеттің талабы бойынша шапшандық сипатына ие болушылық.

Айқын дарындылық – белгілі бір іс-әрекетте айқын әрі анық («өздігінен» сияқты) жетістіктерге жеткен балалар.

Бейімділік – белгілі бір бағыттағы іс-әрекетпен айналысу беталысы.

Вундеркинд – нем. «wunderkind» («ғажап - бала») – дарындылығы сәби кезінде көрінетін, іс-әрекеттің белгілі бір түрінде (музыка, бейнелеу өнері, ән, математика т.б.) жарқын жетістіктерге жеткен мектеп жасына дейінгі немесе жасы кіші бала.

Гетерохрония (биол.) – бөлек қызметтік жүйелердің: көру, есту, қимылдау т.б. қалыптасу динамикасынан көрінетін бас миының әр түрлі қызметтік жүйелерінің әркелкі дамуы. Жас шамасының әр түрлі кезеңінде бұл қызметтердің кейбіреуі белсендірек әрі жақсы қалыптасқан болып көрінсе, кейбіреулері екінші орында қалады.

Дарынды бала – жас шамасымен салыстырғанда зияткерлігі мен шығармашылық мүмкіндігі өте жоғары деңгейдегі бала, ол белгілі бір іс-әрекетті өте жақсы орындауда көрінеді.

Дарындылық – интегралды-жеке тұлғалық құрылым, ол ақыл-ой мен шығармашылық мүмкіндіктің жоғары деңгейімен сипатталады, ал ол өз алдына индивидтің іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрі бойынша аса жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін қабілеттілігінің (жеке дара-психикалық және жеке басының қасиеттеріне байланысты) ерекше үйлесімімен анықталады.

Дарындылық белгілері – дарынды баланың шынайы іс-әрекеті арқылы көрінетін, оның әрекеттерінің сипатын бақылау арқылы бағаланатын ерекшеліктері.

Данышпандық, кемеңгерлік – іс-әрекеттің белгілі бір саласында түбегейлі өзгерістер жасауға ықпал ете алатындай дарындылықтың (талаптың) ең жоғары сатысы.

Даралық – адамды басқа адамдардан өзгешелендіріп тұратын ерекшеліктері.

Жалпы ақыл-парасат – жалпы ақыл-ой қуатының факторы, басты фактор (Ч. Спирмен енгізген) – кез келген іс-әрекетті орындауға ықпал ететін ақыл-ой қабілеті, ол ойлау міндеттерін сапалы, жылдам әрі нақты шешу арқылы, оқуда қарқынды әрі табысты болу арқылы, кәсіби іс-әрекеттің жемісті, ал әлеуметтік бейімделу деңгейінің оңды болуы арқылы көрінеді.

Жалпы дарындылық – іс-әрекеттің кең ауқымына деген жалпы қабілеттілік, іс-әрекеттің сан қилы түріне қатысу арқылы көрінетін балалар, олардың психологиялық өзегі жеке тұлғаның көңіл-күй, уәждемелік және еріктік қасиеттерімен үйлескен ақыл-ой қабілеті (немесе жалпы танымдық қабілеті) болып табылады.

Ерте дарындылық – баланың психикалық мүмкіндіктерінен әлдеқайда жоғары қарқындағы мүмкіндіктері: 2-3 жасында өте жақсы есте сақтау қабілеті арқасында, айрықша байқағыш әрі ұғымтал болғандықтан оқи алады, жаза алады, санай алады. Мұндай балалардың арасында «вундеркиндрдің» орны ерекше. Өнерге деген дарындылық өте ерте көрінеді. Әсіресе музыкада, математикада, кейінірек бейнелеу өнерінде, әдебиетте т.б. көрінеді.

Кемеңгер – лат. «genius» («рух») – адамдардың өмірі мен тағдырларына ықпал ететін адам сенгісіз күші бар қамқоршы, ақылшы, мұғалім, бұрынғы дәуірлерде құдай мен адамдар арасындағы дәнекер деп атаған.

Креативтілік (жасампаздық) – жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттілігі, ол белгілі бір заттарды, іс-әрекет пен белсенділік өнімдерін жасаумен байланысты іс-әрекеттің сан қилы үлгілері мен түрлерінде көрініс табады.

Кеш дарындылық – мүмкіндіктері белгілі бір уақытқа дейін жасырын болып келген, бірақ кейінірек аса көрнекті нәтижелерге қол жеткізген балалар.

Қабілеттілік – тұлғаның жеке-дара психологиялық ерекшеліктері, қасиеттері, олар белгілі бір іс-әрекеттің сәтті орындалуына жағдай жасайды. Қабілеттілік іс-әрекеттің нақты бір түрінде дамиды.

Мотивация (түрткі) – баланың уәждемелік-жеке тұлғалық ерекшеліктері, олар белгілі бір пән саласындағы міндетке жоғары танымдық қажеттілік пен ішкі тұрақтылықтың (әуесқойлық) болуы арқылы көрінеді.

Нышандар – биологиялық (генетикалық) мұра болған факторлар, адам ағзасы қабілеттіліктерінің дамуының іргетасы, алғышарты болып табылатын жеке дара анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері (жоғары жүйке жүйесінің, бөлек ми аймақтарының дамуының т.б. ерекшеліктері).

Талап – дарындылықтың жоғары деңгейі, ол іс-әрекеттің біртума әрі жаңашыл, аса мінсіз әрі қоғамға пайдалы өнімін алуға мүмкіндік береді.

Туа біткен – табиғат-ананың сыйы, «сый» сөзінен (табиғат сыйы, Құдайдың сыйы), о баста адамға тән нәрсенің барлығы.

Ынтымақтастық - ата-аналар мен балалардың жеке деңгейдегі әрекеттестігі; бұл жағдайда балаға сүйіспеншілік, сыйластық және балаға талап қою тепе-теңдігі орын алады.

Шығармашылық- адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|-------------|---|
| ББЖ КБА ҚДИ | – Білім беру жүйесінде кадрлардың біліктігін арттыру және қайта даярлау институты |
| РҒПО | - Республикалық ғылыми-практикалық орталық |
| ПБ | - Пән бірлестігі |
| ТЖІМ | - Тәрбие ісі жөніндегі меңгеруші |
| АДМТ | - Ақыл-ойды дамытудағы мектеп тесті |
| АПҚЖАӘ | - Ақыл-парасат қабілеттілігін жылдам айқындау әдістемесі |
| БТ | - Бақылау тобы |
| ЭТ | - Эксперимент тобы |
| ЖОО | - Жоғары оқу орны |
| ОЖЖ | - Орталық жүйке жүйесі |

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Жаңа технологияның дамуындағы сапалы қарқын қоғамның кейбір мәселелерді қалыптан тыс шеше алу мүмкіндігіне ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге озат сапа енгізуші, болашаққа қатысты негізгі міндеттерді шешуге қабілетті адамдар қажеттілігіне алып келді. Бұл қажеттілікті елдің зияткерлік әлеуетін сақтап және арттыру жолымен ғана орындау мүмкін. Дарынды балалар қазақ қоғамына зияткерлі адам қорын көбейтуді қайта өңдеу қажеттілігінің орнын толтыруға мүмкіндік береді. Дарынды балалар – көмек беруді және қорғауды қажет етуші ұлттық байлық. Сол себепті Қазақстанның заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті - адамның шығармашылық әлеуетін сақтау, оны демеу және дамыту болып табылады.

Еліміздегі дарындылықты дамыту жайлы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бап, 6-тармағында «Жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту»,- деп көрсетіледі [1].

Дарынды тұлға өркендеуді көздеген мемлекетіміздің басты байлығы болып саналады. Дарынды балаларға деген қамқорлық - бұл ертеңгі ғылым, мәдениет пен әлеуметтік өмірдің дамуына деген қамқорлық. Сондықтан бүгінгі күні отбасы мен мектептің ынтымақтастығы арқылы бастауыш сыныптағы дарынды баланы тәрбиелеуде оның табиғи дарындылығына бағыт-бағдар беру, жеке қабілетін анықтау, ізденіске жетелеу және көптеген саладағы танылатын әрекеттің зор қабілетке ие болуы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Халыққа Жолдауында: «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет»,- деген ойлары білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады [2].

Дегенмен, соңғы жылдары дәстүрлі түрде негізгі болып табылатын мектептің білім беру жүйесі дарынды балалар тәрбиелеу мәселелерін шешуге мүмкіндігі жоқ екені айқын. Білім алушылардың 30% пайызы бастауыш сыныпта білім алу кезінде шығармашылық дамуының бастапқы көрсеткіштерін төмендетеді. Педагогикалық-психологиялық зерттеу мәліметтері мұндай төмендеу себебін балалардың биологиялық ерекшеліктерінен емес, балалар дарындылығын тәрбиелеу үшін керекті жағдайдың жоқ болуымен байланыстырады.

Берілген мәселенің тиімді шешімі, ғылыми басылымдарды зерттеу мен дарынды балалармен жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, білім беру мекемелерінің педагог мамандарының шеберлігі мен біліктілігіне ғана байланысты болып қалмай, ата-аналардың педагогикалық біліміне, баланың шығармашылық әлеуетін іске асыру мен аша білу үшін жағдай жасауға да байланысты болады.

Адам капиталын дамыту еліміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында жоғары басымдыққа ие. Қазақстанда жас өркеннің талап мүддесіне жауап беретін мүмкіндіктерін қалыптастыру, тұлға әлеуетін дамыту, ой еркіндігі, инновациялық жобаларды жүзеге асыру, шығармашылығын

арттыруда сынып жетекшісімен ғана шектелмей, отбасымен ынтымақтастықта жүргізілуі қажет. Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы ұрпағының келешегіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, тағылымды ұрпақ тәрбиесіне мән беруді қолға алады. Осы орайда өскелең буынды заман талабына сай жетілдіру, отбасы мен мектеп, ұстаз бен ата-ана, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жайлы мәселе қашанда өзекті болмақ. Өйткені, баланың дүниетанымдық көзқарасы, адами құндылықтар жайлы білімі тек ата-ананың таным түсінігі мен саналы іс-әрекетін зерделей келе қалыптасады. Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына отбасында берілетін бір жақты тәрбие жеткіліксіз [3].

Сол себепті бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп ынтымақтастығында көзделетін басты мәселе – оқу-тәрбие жұмысын бірлесе атқара отырып, балалардың интеллектуалдық деңгейін жоғарылату, шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту, сондай-ақ әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік белгілері барысында ой-өрісі дамыған, терең білімді, дарынды тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесінің өзектілігінің артуы отбасы мен мектеп ынтымақтастығының ұйымдастыратын жұмыстарын жаңаша көзқараста танып, оны баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуын және тәрбиемен терең сусындауын қарастыруды міндеттейді. Біздің ойымызша, педагогикалық үдеріс ата-ана мен мұғалім және ата-аналардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тұлғаның жалпы қабілеттері мен дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып ұйымдастырылғанда өз нәтижесін береді.

Болон үдерісіне кіргелі бері саяси-экономикалық, мәдени, әлеуметтік даму жағынан түрлі өзгерістер, ауысулар болғаны бәрімізге белгілі. Бұл өзгерістер ғылым мен техникалық мәдениеттің оқу-ағарту салаларының қарқынды дамуын қалыптастыруда. Түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласындағы міндеттерді орындауды жаңаша сипатта қарастыра отырып, қол жеткен жетістіктерге сын көзбен қарап, сараптама жасау және оны бағалауда озат технологиялар арқылы бала дарындылығын дамытуды басты назар етіп алады.

Заманауи қоғамдық қарым-қатынастар дамуы және ғылыми-техникалық прогрестің әсері бала тәрбиелеуде жанұя педагогикасы рөлінің маңыздылығының тарылуына әкеп соқты. Дегенмен, отбасы - жеке тұлғаның дамуындағы маңызды орта болған және болады да. Сондай-ақ, баланың жан-жақты дамуына жауап беретін, белгілі бір дәрежедегі тұлғаны қалыптастыратын орта болып табылады.

Қазіргі кезде дарыны бар балалар әртүрлі себептерге байланысты жалпы білім беретін орта мектептерде, жалпыға міндетті стандартқа сай бағдарламалар бойынша білім алуда. Бұл жағдай орта мектептегі әртүрлі білім көрсеткішіндегі балалар ортасында білім алатын дарынды балалардың қызығушылығының төмендеп, өз қабілетін шыңдай алмауына әкелері сөзсіз. Республикамызда дарынды балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеуге байланысты орталықтар ашылып, өз бағдарламаларын іске асыруда. Белгілі болғандай, мұндай білім беру орталықтары дарынды балаларды көбінесе 5-7 сыныптардан бастап

кабылдай алады. Осы тұрғыда өркениетті мемлекеттерде әлеуметтік-экономикалық, политехникалық, гуманитарлық, көркем-өнер мәдени ағымдардан жеке тұлға қалыптастырып, дарынды балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту жұмыстары негізгі міндетке айналған. Қазақстан Республикасының «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» Елбасының 1996 жылы 24 мамырдағы № 3002 үкімін орындау барысында Президент Жарлығымен 1998 жылдың наурыз айында республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы (РҒПО) ашылды. Сол уақыттан бері орталық өзінің негізгі мақсаты - Республика бойынша дарынды балаларды анықтап, әлемдік бәсекеге қабілетті, дамыған тұлға болып қалыптасуына барлық жағдай, қамқорлық жасауда. Сонымен қатар «Дарын» орталығы қолдауымен дарынды балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мазмұндық, әдістемелік жүйесі жүзеге асырылып келеді. Білім беру мекемелері «Дарын» орталығы бағдарламасының жүзеге асуына бірден-бір көмекші, қолдаушы болып саналады.

«Қазақстан Республикасында дарынды балаларды айқындау, қолдау және дамыту тұжырымдамасы», нормативті құқықты құжаттандыру пакеті өңделді, көптеген облыстарда ғылыми-практикалық орталықтар құрылды, дарынды балалар үшін жаңа типті мектептер ұйымдастырылды (ғылыми негізделген аралас бейінді республикалық сырттай оқу мектептері, ғылыми олимпиадалық қоры бар мектептер). Бүгінгі таңда педагогикалық оқу орындарында мұғалімдерді дарынды балалармен жұмыс жасауға арнайы дайындамайды (тек жеке тұлға теориясын анықтауға байланысты, педагогика және психология курсына жалпы қабілеттілік және дарындылық туралы жалпы түсінік беріледі)[4].

Дарындылық пен дарынды баланың зерттелуі тереңнен тамыр алады. Адамның психикалық ерекшеліктері жөніндегі идеялар ертедегі философтардың еңбектерінде Сократ [5], Платон [6], Демокрит [7], Аристотель [8], Плутарх [9], әл-Фараби [10], Д.Хебб [11], И.Кант [12], Х.Уарте [13], т.б. кездеседі.

Дарынды балалардың кейбір мәселелерін зерттеуде философиялық, педагогикалық, психологиялық ой-пікірлер жан-жақты жинақталған. Халқымыздың ұлы тұлғалары Ы.Алтынсарин [14], Ш.Уәлиханов [15], А.Құнанбаев [16], Ш.Құдайбердиев [17], М.Жұмабаев [18], Ж.Аймауытов [19] т.б. өз еңбектерінде бала қабілеті жайында және ондағы отбасының ықпалы туралы ой қозғайды.

Елімізде педагогика және психология ғылым саласы бойынша оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда маңызды бірқатар зерттеулер жасалынған: психологиялық үрдісті жетілдіру мәселелері бойынша адам дамуының психологиялық негіздері Т.Тәжібаев [20], М.Мұқанов [21], Қ.Б.Жарықбаев [22], тұлғаның қалыптасуындағы танымдық іс-әрекет мәселесі Ж.Ы.Намазбаева [23], С.М.Жақыпов [24], т.б.жұмыстарында қарастырылады.

Адамның жан-жақты қалыптасуы мен дамуының педагогикалық негіздері Б.И.Муканова [25], А.А.Бейсенбаева [26], Г.К.Нургалиева [27],

Б.А.Тұрғынбаева [28], Қ.И.Адамбеков [29], А.Қ.Рысбаева [30], М.А.Абсатова [31] және т.б. еңбектерінде зерделенеді.

Бастауыш мектепке қатысты білім беруді дамыту Т.С.Сабыров [32], Р.М.Қоянбаев [33], Қ.А.Аймағамбетова [34], А.Е.Жұмабаева [35], Ә.С.Әмірова [36], т.б. еңбектерінде қарастырылады.

ТМД, Ресей ғалымдарының еңбектерін талдауда дарындылық, қабілет, креативтілік мәселесі (С.Л.Рубинштейн [37], М.Дьяченко [38], Я.А.Понамарев [39], т.б.), жалпы және арнайы дарындылық (В.А.Крутецкий [40], Н.С. Лейтес [41], Б.М.Теплов [42]), жеке тұлғалық және қабілеттілік (Ә.А.Голубева [43], В.С.Мерлин [44], К.К.Платонов [45], т.б.) жайында зерттелген еңбектерін арнаған.

Бастауыш сыныптағы дарынды балалардың интеллектуалдық дарындылығын анықтау мәселесі (В.В.Давыдов [46], А.В.Запорожец [47], Д.Б.Эльконин [48], М.А.Холодная [49], Ю.З.Гильбух [50], А.И.Савенков [51], дарындылықты тумалы нышандар негізінде дамуы мәселесі (Б.Г.Ананьев [52], В.Д.Щадриков [53], А.В.Брушлинский [54], т.б.) жөнінде еңбектерінде көрініс береді.

Біздің елімізде дарынды балалармен жұмысты жетілдірудің мынадай бағыттары бойынша зерттеулер зерделенді: дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың басқару аспектісі (У.Б.Жексенбаева [55], Г.Х.Буханова [56], Б.А.Нурмағамбетова [57], т.б.) мектепке дейінгі шақта балалардың дарындылығын дамыту (Г.С.Байтүреева [58], О.А.Жумадилаева [59], т.б.), математиканы оқыту барысында бала дарындылығын арттыру (Ж.О.Үмбетова [60], т.б.), бастауыш сыныптағы бала дарындылығын дамыту шарттары (Л.М.Нарикбаева [61], С.В.Кузнецова [62], И.А.Бевз [63], Н.Н.Телепнева [64], Ж.К.Елеупаева [65], Л.Казангапова[66] т.б.), жалпы білім беретін мектептегі білім сапасы турасында балалардың қабілетін арттырудағы, дамытудағы отбасы мен мектептің бірлесіп жасайтын жұмыстарының маңызы (Ш.А.Алтынбай [67], Ш.М.Шүйіншина [68], Қ.Т.Әтемова [69], И.Б.Юсупова [70], Г.К.Байдельдинова [71], З.Ж.Жаназарова [72], Г.Ш.Сейдуалиева [73], Г.Колесова [74], т.б.

Әрбір педагог бастауыш сыныпта дарынды балаларды анықтау, дамыту және оқытуға арналған ғылыми-әдістемелік тұрғыдан өзінің жинақтаған және тек семинарларда алған тәжірибесі деңгейінде ғана оқушымен жұмыс жасай алады. Ал бұл дарынды балаларды тәрбиелеуде түрлі мәселелер тұрғысынан қиындықтар туғызады. Осыдан барып, бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеуде ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығына арнайы тәжірибе талап етіліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттігі туындайды.

Білім беру мен тәрбиелеу үдерісін реттеу, дарынды балаларды оқыту арнайы мектептер және жалпы орта мектептердің бастауыш сыныбында отбасы мен мектептің ынтымақтастығын жүзеге асыруын міндеттейді. Сондықтан отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудегі атқаратын жұмыстар мәселесі арнайы зерттеуді талап ететін, қоғамымызға маңызы зор өзекті мәселе болып отыр. Сонымен, философиялық, ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттер мен теориялық

зерттеулерді талдай отырып, мектептердегі оқу-тәрбие үдерісіндегі іс-тәжірибелерді саралау нәтижелері мынадай қарама-қайшылықтарды анықтап отыр:

- мектептің тәжірибесінде отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесі әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық тұрғыда жеткілікті зерттелмеуі мен бүгінгі таңдағы мәселелерге қатысты отбасы мен мектептің ынтымақтаса әрекет етуінің қажеттілігі арасында;

- отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері және ата-ананың мұғаліммен жүйелі жұмыстар жүргізуде арнайы кәсіби-педагогикалық біліктілігінің болмауы арасында;

- мектеп пен отбасының бастауыш мектеп жасындағы дарынды тұлғаны тәрбиелеуде өзара ынтымақтаса әрекет етуін ғылыми-теориялық тұрғыда пайдаланудың маңыздылығы мен осы талаптарды орындауда оқыту бағдарламалар жоқтың қасы және бұл салада арнайы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің болмауы арасында.

Сондықтан дарынды балаларды тәрбиелеудегі ең негізгі орта болып табылатын отбасы мен мектептің ынтымақтастығының қажеттілігін дәлелдей отырып, айтылған қайшылықтардың шешімін табу мақсатында зерттеу тақырыбы: **«Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу»** деп таңдалынды.

Зерттеу мақсаты: отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуді теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау.

Зерттеу нысаны: бастауыш мектептегі біртұтас педагогикалық үрдіс.

Зерттеу пәні: отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу үрдісі.

Зерттеудің міндеттері:

1. Дарынды балаларды тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындау.

2. «Дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» ұғымдарының мәнін анықтау және нақтылау.

3. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасау.

4. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру, ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы

Егер: мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік құрылымдық-мазмұндық өзара байланыстағы отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің үлгісі жасалса, дарынды оқушыларды тәрбиелеуде отбасы мен мектептің ынтымақтастығы мақсатты және тұрақты түрде жүзеге асырылса, бала бойындағы дарындылықты тәрбиелеуге байланысты ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін көтеруде мектеп пен отбасының өзара бірлесе әрекеттесуінің тиімді құралдары

мен формалар жиынтығы анықталса, онда сенім мен сыйластық, қолдау мен көмек беру, бір-біріне деген төзімділік пен толеранттылық негізінде ата-ана мен мұғалімнің өзара әрекеттесуі табысты болады, өйткені білімге құштар шығармашылығы белсенді балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік беріледі.

Зерттеудің жетекші идеясы: отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу жүйелілік, жеке тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, рефлексиялық амалдарға сүйеніп, ата-ана мен мұғалімнің табысты өзара әрекеттесу негізінде баланың қалыптан тыс нәтижеге жетуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері: теориялық әдістері: философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент-талдау, салыстыру әдістері; эмпирикалық әдістер: бақылау, сауалнама, семинар, диагностикалау, сараптау; математикалық статистикалық: эксперименттік мәліметтерді өңдеу, сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: философиялық танымдық ілімі, жеке тұлға теориясы, психология мен педагогиканың теориялық тұжырымдамалары, жүйелілік, жеке тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, рефлексиялық амалдар алынды.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.; Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы. Астана, 16.11.2009ж. ҚРБЖҒМ №521 бұйрығы; ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы, Астана.14.12.2012ж.; Қазақстан Республикасының «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» бағдарламасы, 26 наурыз.1996ж. №1125 бұйрығы.; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана.; Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.Астана. 27 қаңтар 2012 ж.; зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел ғалымдарының (философиялық, педагогикалық, психологиялық) еңбектері, педагогикалық зерттеулер, арнайы бағдарламалар, мерзімдік ғылыми-әдістемелік ақпараттар, мектептердің іс-тәжірибе жұмыстары, озат педагогикалық тәжірибелер, автордың жеке педагогикалық іс-тәжірибесі алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2011-2012 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталды, философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге талдау жасалып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеге келтірілді. Бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеу туралы нормативтік құжаттар, отбасы тәрбиесі, оның мектеппен ынтымақтастығының зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды. Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалды.

Екінші кезеңде (2012-2013 ж.ж.) отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арнап «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс, ата-аналарға арналған «Педагогикалық академияның» бағдарламасы, «ата-ана - дарынды бала - мектеп» үштік негізінде «Ынтымақтастық мектебі» жобасы жасалды. Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің диагностикасы жасалды, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану әдістемесі сынақтан өткізіліп, тәжірибеге енгізілді. Қалыптастыру және бақылау эксперименті жүзеге асты.

Үшінші кезеңде (2013-2014 ж.ж.) отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің диагностикасы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері сараланып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар әзірленді. Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуде тәжірибелік-эксперимент жұмыстары негізінде жаңа нәтижеге қол жеткіздік. Ғылыми-зерттеу жұмысы қорытындыланды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі математикалық-статистикалық өңдеуден өтті. Диссертациялық жұмыстың материалдарының дайындалуы мен жариялануы жүзеге асты.

Зерттеу базасы: №156 көп коммуналды орта білім беретін мектеп, экспериментке 129 оқушы, 244 ата-ана, 23 мұғалім қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы

- отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалды.

- тұлғаға қойылатын қазіргі заманғы әлеуметтік – экономикалық талаптар аспектіндегі «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» ұғымдарының мәні нақтыланды.

- отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

зерттеу барысында «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курстың жасалуымен;

жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесіне: «Педагогикалық академия» бағдарламасының (дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында ата-аналарға арналған) енгізілуімен;

«Ынтымақтастық мектебінің» (ата-ана - дарынды бала - мұғалім үштік негізінде) жобасы құрылуымен қорытындыланады.

Зерттеу нәтижелері отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуге бағытталған нақты әзірлемелер жалпы білім беретін мектептерде, болашақ мамандар үшін ЖОО мен педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- «Дарынды бала -қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін біртұтас құрылым»; «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы - сенім мен сыйластық, өзара қолдау мен көмек беру, бір-біріне деген төзімділік пен толеранттылық негізінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерінің ерте анықталуын қамтамасыз ететін, білімге құштар, шығармашыл белсенді балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін өзара әрекеттесудің табысты, мақсатқа бағытталған үрдісі».

- отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі - жүйелілік, жеке тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, рефлексиялық амалдарға негізделген, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлерінің айқындалуы мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінің бірлігін құрайды;

- тәрбиелеу үрдісіндегі отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдістемесінің мазмұны: «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс; «Педагогикалық академия» (дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында ата-аналарға арналған) бағдарламасы; «Ынтымақтастық мектебі» (ата-ана - дарынды бала - мұғалім үштік негізінде) жобасы.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі талапқа сай әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен, бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеу жағдайында олардың тиімділігін тексерумен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыстың құрылымы, көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әдебиетке шолудан, зерттеу материалдары мен әдістерінен, өзіндік зерттеулер нәтижелерінен, зерттеу нәтижелерін талқылаудан, қорытындыдан, практикалық ұсыныстардан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Жұмыс жалпы 146 бетке компьютермен теріліп басылған, ол 21 кесте, 19 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 175 аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге теориялық талдау жасалынып, ғалымдардың еңбектеріне контент-талдау, дарынды бала құрылымының үлгісі ұсынылады. «Дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» ұғымдары нақтыланды, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, жеке тұлғалық,

көпсубъектілі, синергетикалық, рефлексиялық амалдар және зерттеудің негізгі қағидалары ретінде ұмтылысты демеу және сенімділік, субъектілік қағидасы, шығармашылық және табыстылық қағидасы қамтылып, отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінен түзілген құрылымдық-мазмұндық үлгісі, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері келтіріледі.

«Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесі» атты екінші тарауда бастауыш сыныптағы дарынды балалардың диагностикасы жүргізілді, «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесі» беріліп отыр, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдістемесі жасалып ұсынылды, олар: «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс, «Педагогикалық академия» бағдарламасы, «Ынтымақтастық мектебі» жобасы бойынша ұйымдастыру жұмыстары жүйеленді, сондай-ақ, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің нәтижелері мен тұжырымдары берілді, ұсыныстар мен отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесінің болашақтағы зерттелетін бағыттары көрсетілді.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, SciVerse Scopus, Index Copernicus (ISI web of Knowledge, Thomson Reuters, Scopus, Copernicus) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, мектептердің әдістемелік кеңестерінде және баспасөз бетінде жарық көрген ғылыми мақалаларда, әдістемелік нұсқауларда көрініс тапты: «XXI ғасыр зерттеушісі» тақырыбындағы магистранттар мен докторанттардың Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы.2011ж. (262-265б.б.) «Бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеудің маңызы»; Материали за VIII Международна научна практична конференция «Ключови въпроси в съвременната наука- 2012». София, 2012, 17-25 април. (25-28 б.б.) «Some problems of teacher's work with gifted children»; «Жаһандану үдерісі контексінде педагогикалық білім беру жүйесінің дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары (I бөлім), 2012 ж. (13-17 б.б.), «Бастауыш сыныптарда дарынды тұлғаны тәрбиелеудің жүйесі»; 2nd Cyprus International Conference on Educational Research. 2013. – Vol.89. P.(906-910), «Possibilities of the Professional Competence Formation of Future Teachers»; Хабаршы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми журналы. №3(94)2013ж. II бөлім, «Дарынды балаларды тәрбиелеудің әдіснамалық ұстанымдары мен амалдары»; Актуальни Проблеми Економіки. Науковий Економічний журнал.№7(145) 2013г.(226-230), «Современное сотрудничество школы и бизнеса как существенный фактор развития человеческого капитала»; Материалы

международной научно-практической конференции «Современные векторы развития науки в Казахстане: теория и опыт» 31 октября, 2013 года(273-278), «Дарынды баланы дамытудағы отбасы мен мектеп ынтымақтастығының маңызы»; Педагогика және психология (ғылыми-әдістемелік журнал) №1(18)2014ж. 139-143б.б., «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды баланы тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі»; Selection and peer-review under responsibility of the Organizing Committee of linelt 2013.Doi: 10.1016/j.sbspro.2014.05.348

Malta, Procedia - Social and Behavioral Sciences-136 (2014) P.400 – 404. «Personal peculiarities of gifted children development»; «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» жас ғалымдардың VI халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы 2014ж. 04 сәуір(273-275б.б.), «Дарынды баланы тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп ынтымақтастығының кейбір мәселелері»; Life Science Journal 2014;11(12) P.343-347, Potentials of cooperation between school and family for education of gifted children. «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс. Алматы, 2014. 23б.

Мақалалар. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 13 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 3-үі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 1мақала республикалық ғылыми конференцияда, 3 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 3 мақала алыс-жақын шет елдік халықаралық конференциялар материалдары жинағында және ғылыми журналда жарық көрген. 1 арнайы курс жарияланған.

1 ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕП ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Педагогика және психология ғылымдарындағы дарындылық мәселесі

Қоғам қажеттілігіне сәйкес қабілетті балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық мәліметтер және ғылыми еңбектер жылдан жылға көбеюде. Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты мақсат - Республиканың зияткерлік әлеуетін сақтау және қазақстандық азаматтан зиялы қауымды дайындау. Білім мен ғылым кеңістігінде еліміздің білім қызметкерлері көптеген тың өзгерістер енгізді. Интеллектуалды жоғары, қоғамға жаны аши білетін азаматтарды дайындау, бастауыш мектеп қабырғасынан басталады. Ендеше жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет - дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылады. Оқу мен тәрбиенің сыныптағы бала танымына лайық жолдарын сұрыптау, әр баланың даралық ерекшелігін дамытуға, қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатымызға айналуы тиіс. Әрбір жеке тұлғаның өз басына сын көзбен қарап, өзін-өзі реттеп, өз бойындағы қасиеттерді іске асыратын тұлға тәрбиелеп шығару. Баланың отбасылық жағдайы, оның ерте балалық шағынан бергі жетілуі туралы ақпараттарды жинаудағы түрлі әдістер мұғалім мен ата-ананың ықпалымен жүзеге асырылуы тиіс.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында өркениетті әлем дарынды баланың нағыз құндылық деп есептейтінін түсіндік. Осыған байланысты теория мен тәжірибеде дарындылық құбылысын зерттеп білуге, сондай-ақ балалар дарындылығы мәселесіне қызығушылық артуда.

Дүниежүзілік білім кеңістігіне кіру және халықаралық байланыс елімізде білім беру жүйесіне үлкен өзгеріс жасауға мүмкіндік туғызуда. Сондықтан ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды талапты ұрпағы.

Зерттеу барысы көрсеткендей, дарындылыққа деген қызығушылық ерте заманда пайда болған. Халық даналығының қазынасы – мақал-мәтелдерден, ұлы адамдардың еңбектерінде мінсіздікке, талапқа, данышпандыққа жетудің данагөй ойларын таба аламыз, бұл әр дәуірдегі адамдардың «жаратушылардың» тылсым дүниесін тануға деген талпынысын білдіреді. Философтар, психологтар, педагогтар өз еңбектерін бірнеше мәрте ақиқат ізденістеріне арнаған, бұл қоғамдық және ғылыми танымның нысаны ретінде үздік қабілеттілікке ерекше көңіл бөлінгендігінің айғағы.

XIV-XV ғасырларда ғылымда қабілеттілік, дарындылық тек өнер адамдарына ғана тән деп ойлаған. Басқа қызмет саласындағыларға дарындылық қабілетін жат санады [5,96.].

Адамның айрықша психикалық ерекшеліктері жөніндегі идеялар, оның ішінде дарындылық туралы ойлар ертедегі грек философтарының

зерттеулерінде, қайта өрлеу дәуірі ғалымдарының және алдыңғы қатарлы әр елдің белгілі педагогтары мен психологтарының еңбектерінде кездеседі.

Көптеген ғалымдар дарындылықты генетикалық нәрсе деп қарастырып, оны белгілі бір даму сатысының нәтиже көрсеткіші ретінде түсіндіреді. Ерте дәуірде адам психикасы танымдық құбылыстың ішіндегі танып білуге, ұғынуға өте қиын мәселелердің бірі болғандықтан, жекелеген адамдардың табиғи ерекшелігі мен оларда табиғи қабілеттіліктің болуы құдіреті күшті құдайдың жаратқаны деп есептегені белгілі [5,96.].

Грек философтары дарындылықты құдайдың құдіретінен дей келе, оны дамытуда білім мен тәрбие берудің маңызын жоққа шығармайды. Ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесіне негізделген айналасындағы дүниені шынайы ақиқат тұрғыда танып-білуін қамтамасыз етуі мен қоғамға, адамзатқа дұрыс қарым-қатынасының қалыптастырылуын қарастырады. Бұл идеялар Сократ, Платон, Демокрит, Аристотель, Плутарх еңбектерінде одан әрі дами түсті.

Мысалы, философ Сократ өзінің ерекше қасиетін түсіндіргенінде «маған көмекке мейірімді перім – Гений келеді» деген екен[5,136.].

Сократ оқыту барысында шәкірттердің іс-әрекетін арнайы басқарып отыру қажеттілігімен қоса, ол дарындылықты тану мақсатында арнайы оқыту әдісі – эвристикалық әңгімелесуді алғашқылардың бірі болып қолданды. Эвристикалық сұрақтарды алдын-ала дайындай отырып, сұрақ қою арқылы ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге үйретті. Талантты баланың туа біткен кейбір ерекше қасиеттерін сақтап қалуды ұстаздар еңбегінің жемісі болуы тиіс,- деп санады. Сократ белсенді ойлайтын және бағытталған құлықтылық мінездегі біздің санамызды жан деп түсінеді. Сократ үшін жан - «танымдағы «мен», яғни, ұят және интеллектуалды, адамгершілігі бар жеке тұлға. Сократтың біз көретін барлық логикалық салдарлар шығатын, сыни рефлексиясы осындай[5,146.].

Кезінде философ Платонның өзі ақындықты «өнер мен білімнің арқасында емес, құдайдың берген сыйы мен кернеген сезімнен туындайды» деген болатын[6,с.24].

Демокрит тәрбие жолында табысқа жетудің құралы ата-аналар мен мұғалімдердің бірлесіп жұмыс істеуінде деп көрсетті. Ол ақыл-ой тәрбиесін бірінші орынға қойды. Адам алдымен ақылын, ойлау жүйесін жетілдіру керек, екіншіден, оны іс жүзіне асыруы шарт, сонда ғана жеке тұлға толысады, айнала ортамен қарым-қатынас жасай алады,- дейді. Демокрит ілімінің «Бой жеткен жерге ой жетеді» - деген өсиетінен, педагогикада баланы тәрбиелеу арқылы ғана даналыққа жеткізуге болатынын ұғынуға болады[7,с.27].

XIV ғасыр ойшылдары қабілеттілік, дарындылық тек өнер адамдарында ғана байқалады деп есептеген. Үкімет қызметкерлеріне, әскери адамдарға, оқымыстыларға қатысты дарындылықты, қабілетті жат санаған. Дегенмен, бұл ойды жоққа шығаруға әрекет жасағандар да бар. Мысалы, Аристотель көркем өнер туындысының зияткерлік іс-әрекетпен байланысты екендігін айтады[8,с.34].

Плутарх жеке тұлғаның дарындылығын танып-білуге, қабілеттілікті ашуға үлкен мән бере келе: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздарының

кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырғандай құртып тынады», - деп атап көрсетеді [9,с.37].

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, дарындылық – Орта Азия мен Қазақстан ойшылдарын да толғандырған мәселе. Белгілі ойшылдар әл-Фараби, Иассауи, Ибн Сина т.б. философия, логика, химия, астрономия, география, медицина, психология ғылымдарымен бірге тәрбие мәселесіне еңбектерін арнаған. Мысалы, әл-Фараби «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде ақылдылық пен адамгершілік қасиеттер жеке адамның дамуында тәрбие арқылы жүзеге асады дей отырып, адамның әр саладағы қабілеті мен дарындылық сатысының болуы міндетті деп көрсетті. Басқа да еңбектерінде этика мәселесіне көбірек көңіл бөлумен қатар, білім беруде адам қабілеттілігін дамытуға түрлі озық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдарының болуы тиіс деп санады [10,466.].

Осылайша ғалымдар еңбек қызметіне, тәрбиеге, қажеттілікке, қабілеттілікке үлкен мағына берді. Дарындылықтың тұқым қуалайтындығы, ұрпақтан-ұрпаққа берілетіндігі сөзсіз екендігін ғалымдардың келесідегідей еңбектерінен аңғаруға болады.

Я.А.Коменскийдің табиғи сәйкестілік қағидасын Джон Локк қуаттап, әрі қарай дамытып: «Балалармен тәрбие қатынасына түскен әрбір адам, олардың табиғатын мейлінше зерттеп, тумадан берілген нышандарын айқындауы, оларды қалай жетілдіру және қалай пайдалану керек екенін ойластыруы қажет» деп көрсетті [75].

Ж.Ж.Руссоның тұжырымы баланың табиғатпен байланыста жетілетінін жақтады. Оның пікірінше, тәрбие: «баланың табиғи ерекшелігіне араласпай, оның өсуіне ерік беруі қажет», - деді. Оның қызығушылығын, еліктеушілігін, дарындылығын табиғи тұрғыда зерттеуді ұйғарды [76].

А.Дистервегтің тұжырымдауы бойынша, «нағыз тәрбие – дамудың табиғатқа ұқсас түрін және оның күнделікті өсіп-жетілуіне ұдайы ұмтылады. Егер дарындылық ерте оянса немесе шамадан тыс шаршаса соның салдарынан әлсірейді, ал дарындылық кеш пайда болса, ол қандай қабілетті болса да, ешқашан ойлаған мақсатына жете алмауы мүмкін» деп тұжырым жасады [77].

Д.Хебб «генотиптік интеллект» деген ұғымды енгізді. Бұл таза тұқым қуалайтын интеллект сыртқы ортамен қарым-қатынас орната отырып, «фенотиптік интеллектіні» құрайды. Соңғысының деңгейі бәрімізге белгілі тест әдісімен анықталады. Д.Хеббтің ойынша ген арқылы берілуі мен сыртқы ортаның әсерінің арасындағы қатынас 8:2. Мұнда 8-тұқым қуалаушылық, 2-сыртқы орта. Осыдан ол мынадай қорытындыға келеді: ой-өріс (интеллект) – бұл мәдени-әлеуметтік орта мен индивидтің (адамның) тәжірибесінен пайда болатын өнім, ал осы тәжірибені ассимиляциялап, (жинақтап) тиімді пайдалана білуінің 80% генотиптік құрылымға байланысты.

Д.Хебб және басқа да гендік дарындылықты жақтаушылардың тұжырымдары практик-ғалымдар мен білім қызметкерлері тарапынан қатты сынға алынды. Олардың бірінші қарсылығы «қатып қалған интеллектіні» жоққа шығарудан басталады. Сегіз бен он алты жас арасындағы сынақтан өткен оқушылардың 50% ғылымның әртүрлі саласынан әр дәрежеде ой-өріс деңгейін

көрсете білген. Сонда оқушы 8 жыл ішінде тұрақсыз интеллектуалды дарындылығын танытқан. Нақты, шүбә келтірмейтін немесе көпшілік мойындаған дарындылық туралы тұжырымдама болған емес және бұл бағыттағы жақсы жетістіктерге қарамастан оны жоқ деуге болады. Әйтсе де, бұл жағдай дарындылықты ғылыми тұрғыдан зерттеушілерді көп қиналта қоймайды. Тіпті, кейбіреулері мұны дұрыс заңды нәрсе ретінде қабылдау керектігін алға тартады [11,с.24].

Иммануиль Кант данышпандық – дарындылықтың жоғары сатысы тек өнерде болуы мүмкін, ал ғылымда және тіпті тәжірибелік істе болмайды деген пікір айтты. Мұндай дарындылықты түсіну, әрине кездейсоқтық емес. Өйткені, XVIIIғ. Германияның ондаған жылдар бойғы жағдайы Канттың материалист ретінде «Пікір қабілеттілігіне сын» шығармасында қамтылған [12,с.36].

Х.Уарте Испан империясының қайта өрлеуінің болашағы мемлекеттік қызметке аса дарынды азаматтарды тарту деп есептеді. Оның зерттеулерінің негізгі мақсаты - адамдардың жеке басындағы қабілеттілікті анықтай отырып, болашақта кәсіби маман таңдауда ескеру болып табылады. Бұл зерттеулер саралау (дифференциалды) психологияның негізін қалады деуге болады. Оның пікірінше, талант адам табиғатына байланысты, дегенмен, оның дамуына тәрбие мен еңбек қажет. Ол таланттылық мәселесімен айналысатын мемлекеттік жүйе құру жөнінде пікір қозғаған және жас жеткіншектердің қабілеттіліктерін дамыту үшін арнайы жұмыс жүргізу керектігі, сондай-ақ мұндай жұмысты ақылы мен білімі жоғары ұлы адамдар жүргізу керек деп есептеді [13,с.49].

XIXғ.екінші жартысынан бастап неміс әдебиетінің шарықтау кезеңі басталып, адамдар жоғары дарындылықты тек көркем шығармадан іздеген болса, ал қазақ халқының ағартушылары халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін дамыту мәселелерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин: «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім», - дейді [14,26б.].

Жоғарыда айтылған тұжырымдарда ұлы ағартушыларымыз дарындылықты туа біткен қасиет деп санай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

Қазақ арасынан шыққан жас түлек Ш.Уәлиханов еңбектерінде жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынадай: «Қырғыз-қайсақтар табиғат жаратылысының ақыл-ой жүйріктілігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшеленеді». Тәрбиеге үлкен мән бере отырып, этнограф-ғалым Ш.Уәлиханов, адам қабілетінің дамуына оның табиғи белсенділігінің мәні зор екендігін алға тартады [15,64б.].

Белгілі болғандай XIXғ. аяғы мен XXғ. басында қазақ зиялылары бала тәрбиесіне көңіл бөліп мектептер аша бастады. Оқу-ағарту ісі, отбасы тәрбиесінде ұлттық тәрбие берудегі ата-ананың рөлі, отбасындағы бала тәрбиесі, қазақ балаларын оқыту жайы сынды мәселелер олардың өз еңбектерін дүниеге алып келуіне себепкер болды.

XX ғасырдың басында ұлы ойшыл, кемеңгер А.Құнанбаев өзінің жетінші кара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі – білсем екен демек», - дейді. Бұл тұжырымы психология саласы жайлы тән мінез-құлық туралы болып келеді [16,27б.].

Қабілетті жас буынды дер кезінде тәрбиелеу мәселесі жайында ақын Ш.Құдайбердиев «Үш анық» атты еңбегінде өмір сүрудің негізі өнер мен білімде, өнерлі озады, білімді бүкіл ғаламды билейді, ғылым-таусылмас кен, оны жас күнінде үйрен деп үндеуге шақырады [17,21б.].

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «... егер де адам баласына төрт тәрбие түрі берілсе, (дене, ақыл, сұлулық, құлық) онда оның тәрбиесі түгел болғаны», - дейді. Автордың мұндағы ойын «ақыл- дарындылықтың бастауы» деп түсінеміз [18.29б.].

Ж. Аймауытовтың «Психология (жан жүйесі) мен өнер таңдау» атты еңбегінде, автордың ойынша «қоғамдағы ең үлкен қателіктің бірі – адамның өзінің қалауына сай өз орнында қызмет етпеуі» деп көрсетеді. Яғни жас баланың сәби кезіндегі бейімділігін ең бірінші ата-ана байқап, сол мамандыққа бағыттауы тиіс екендігін меңзейді [19,36б.].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде XX ғасырдың соңғы онжылдығында дарындылық мәселесіне ерекше көңіл бөліне бастағандығын байқадық. Ал шетелдерде, соның ішінде экономикасы жақсы дамыған елдерде бұл мәселе ең маңызды міндет ретінде біршама жылдар бойы үздіксіз зерттеліп келеді. Осылайша соңғы жылдары дарындылық пен дарынды балалар мәселесі көптеген ресейлік ғалымдардың аса қызығушылығын оятып, зерттеу нысанына айналды. Олардың теориялық тұжырымдамалары «дарындылыққа» интегралды-жеке тұлғалық құрылым ретінде жүйелі көзқарастың іргетасына айналды, адамның қабілеттілігінің құрылымдық бөлшектерін анықтады.

Дегенмен, іс-әрекеттің әр алуан саласында ұлы жетістіктерге жету үшін интеллекті емес, психиканың одан да күрделі ерекшеліктері жаңа, ұшқыр ойлар мен идеяларды туындату және қисыны көп, стандартты емес есептердің шешімін таба білу қабілеті болуы керек. Мұны психологияда креативтілік деп атайды. Креативтілік - адамның қалыптан тыс ойлай алуы; индивидтің жаңа идеяларды ашуға қабілеттілігі; дарындылық аспектісі болып саналады.

Бүгінгі күні ғылымдағы біздің зерттеу мәселеміз бойынша мәліметтерге ешқандай күдікпен қарауға болмайды, өйткені дарындылық көптеген факторлардың өзара қатынасы; танымдық және тәжірибелік үрдістердің қорытындысына байланысты. Атап айтқанда, табиғи талабы, әлеуметтік жағдайы оқушының жеке қасиеті. Дарындылықтың дамуы көбіне жоғары дәрежедегі мақсаттылық арқылы педагогтық ықпал жасағанда ғана жүзеге асады.

Көптеген ғалымдар дарындылықтағы жалпы және арнайы қабілеттіліктің (Б.Т.Ананьев, Н.С.Лейтес, К.К.Платонов, Б.М.Теплов, В.Д.Шадриков т.б.) ара қатынасын зерттеді. Білімнің әр түрлі саласын (философия, психология, генетика, физиология, педагогика, әлеуметтану) кешенді пәнаралық зерттеуді

талап ететін дарындылық табиғаты күрделі әрі көпқырлы болғандықтан ғалымдар оны әр түрлі қырынан қарастырды:

- дарындылықтың (арнайы) түрлеріне: математикалық (Ж.О.Умбетова, В.А.Крутецкий т.б.); көркем сурет-бейнелеу (Г.И.Кудина, А.А.Мелик-Пашаев т.б.); әдебиеттік (Е.А.Корсунский, З.Н.Новоявленская т.б.); өнердің алуан түрі бойынша дарындылықты (немесе жалпы көркем дарындылық) (Н.В.Гончаров және т.б.); музыкалық (В.В.Кузьмин және т.б.); психомоторлық (М.И.Гуревич, т.б.); педагогикалық (Н.В.Кузьмина және т.б.) дарындылықтарына арналған зерттеулер жасалған.

- дарынды балалардың зияткерлігі мен шығармашылық мүмкіндіктерінің ара қатынасы мен даму ерекшеліктері мәселелерін (У.Б.Жексенбаева, Б.А.Тұрғынбаева, Ә.С.Әмірова, Ж.К.Елеупаева, И.С.Аверина, Е.И.Щебланова, Н.П.Щербо, т.б.) еңбектерінен көруге болады.

- дарындылықты мәдени-білім беру ортасының кейбір шарттарымен байланыстыра (О.М.Дьяченко, Н.Б.Шумакова, т.б.) отырып қарастырды.

- мектеп жасына дейінгі балалардың (Г.С.Байтурсева, О.А.Жумадилаева, Кулемзина А.В., т.б.) бастауыш сыныптағы балалардың дарындылығын айқындап, дамытатын үздіксіз білім беру жүйесі бойынша (Л.М.Нарикбаева, Л.Казангапова, С.В.Кузнецова, И.А.Бевз, т.б.), ауыл жағдайындағы (Б.А.Нурмагамбетова); қала жағдайындағы (Г.Х.Буханова, Н.Н.Телепнева, Г.Т.Шпарева, т.б.); оқыту мен тәрбиенің педагогикалық жағдайы қарастырылған.

- дарынды балалардың жеке дара айырмашылықтары мен қабілеттілігінің психологиясы мен психофизиологиясы мәселесі бойынша (Э.А.Голубева, В.С.Мерлин, Б.М.Теплов, т.б.); жеке дара айырмашылықтардың генетикалық алғышарттары бойынша (И.В.Равич-Щербо, т.б.) ғылыми жұмыстар жүргізілді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шетелдерде «дарындылық», «дарынды балалар» мәселесі бойынша теориялық және эксперименталды материалдардың кең ауқымы жинақталған. Ф.Баррон, Х.Гарднер, Дж.Гилфорд, Х.Пассов, П.Торренс, Дж.Фельдхьюсен, т.б. өз зерттеулерін осы мәселеге арнаған. «Дарындылықтың» олар жасаған әр түрлі теориялық үлгілері бұл құбылыстың көпфакторлығы мен оның түрлерінің көптігін дәлелдейді. Аталмыш мәселе И.П.Павловтың еңбектерінде де көрініс тапқан.

Бұл тұжырымдар И.П.Павловтың еңбектерінен бастау алатын сияқты, ол жеке дара айырмашылықтардың табиғи бастамалары туралы мәселенің ғылыми негізін жасаған. Ол адам мінез-құлқының айырмашылықтарының негізі ретінде жүйке жүйесінің қызметінің «ойлау», «көркемдік», «орташа» сияқты үш түрін қарастырады. И.П.Павлов адамның туа біткен қабілеттіліктерін ескере отырып, жүйке жүйесінің функциясына талдау жасау арқылы жүйке жүйесінің үш типін бөліп көрсетті: көркем, ойшыл және тыныш тип. Егер адамның нерв әрекетінде бірінші сигнал жүйесінің жұмысы басым болса, оны «өнерлі тип», ал екіншісі сигнал жүйесінің жұмысы басым болса, «ойшыл тип» деп атауды ұйғарды. И.П.Павлов сигнал жүйелері әрекеттің кез-келген түрінен байқалады және олар өмірінде ауысып, өзгеріске түсіп отыратындығын айта келе, бұл өзгеруі тәлім-тәрбиемен байланысты деп көрсеткен [78].

Ғылыми әдебиеттерде бас миының әр түрлі қызметтік жүйелерінің әркелкі дамуы (гетерохрония, диссинхрония, дислекция, т.б.) сияқты дарынды балалардың маңызды мәселелері туралы деректі мәліметтер көп кездеседі.

Дамудың жас ерекшеліктеріне байланысты адамдардың жетістікке жету әлеуеті және әлеуметтік қоршаған ортасымен салыстыру бойынша әлдеқайда жоғары болады. Жоғары деңгейдегі білімге деген құштарлық және зерттеушілік белсенділік – дарынды балалардың ерекше қасиеті болып табылады. Психофизиологиялық зерттеулер көрсеткендей мұндай балаларда ми қыртысының биохимиялық белсенділігі жоғары.

Психологтар бұл оймен келісе отырып: музыкалық, көркемдік, математикалық т.б. қабілеттіліктердегі жеке дара айырмашылықтарды қарастырды. Белгілі бір қабілеттердің сандық өлшемі бойынша көрінуін эмпирикалық мәліметтердің үлкен көлемі жинақталды, ол көбінесе кәсіби іріктеу үшін қолданылған.

Б.Блум т.б. дарындылықтың деңгейлерінің бірі - талап біршама тар ауқымда, көбінесе іс-әрекеттің академиялық емес түрлерінде көрінеді деп есептеген [79]. Көбінесе тікелей іске асыру әрекеттерінде, мұнда дарындылықтың сан алуан түрлері бар: атлетикалық және психомоторлық сала; эстетикалық, музыкалық, көркемдік сала; адамдар арасындағы қарым-қатынас саласы; бұлардың барлығы ұсақ өрістерден тұрады.

Сонымен қатар, педагогикада дарынды балалардың бейімделе алмау мәселесі ерекше назарды қажет етеді, ол көбінесе оқу, қарым-қатынас пен мінез-құлық, адамның ішкі күйзелісі сияқты өрістерде көрінеді. Бұл қатарға педагогикалық ықпал етуді де қосқан жөн, ол баланың мектеп тәжірибесіндегі мұғалімнің теріс ықпалының нәтижесінде пайда болатын қиындықтарымен байланысты.

Шетелдік зерттеушілер баланың ұл немесе қыз болуына байланысты (Б.Кларк, А.Холингуорд т.б.), дене бітімінде кемістігі бар дарынды балалардың (Дж.Мейкер т.б.) дарындылығының психологиясына айтарлықтай үлес қосты [80].

Қабілеттілік жайлы алғашқы зерттеулер ағылшын психологы Фрэнсис Гальтон есімімен байланысты. Ол «Таланттың тұқым қуалаушылығы, оның заңдылығы мен шығу тегі» атты еңбегін жазды [81]. Ф.Гальтон бұл аталған еңбегінде адам баласының өте жоғары қабілеттілігі болмаса, ешқандай да қоғамда жоғары дәрежелі атақ-даңққа ие бола алмайды деп атап өтті.

Дарындылық ұғымының бір сатысы ретінде сирек айтылатын ұғым данышпандық туралы түсінік ХХғ. басында, әсіресе неміс психологтарының арасынан қолдау тапты. И.Канттың кезінде орын алған өнер, енді ғылымға орын берілді және жоғары дарындылықты тек қана ғылыми тұрғыдан ойлауды көре бастады [82].

«Шешуші кезеңде данышпан үшін ақыл-парасат жігерлі қайратта да, аса нәзіктік сезімде де данышпандық қалыптаспайды» - деп жазады ғалым Фребес. Осыған ұқсас Мейманның (1862-1915) пікірі: «Енді біз үшін ешқандай күмән келтіруге болмайды, сондай-ақ интеллигенттікті тек пайымдау және ойлау қабілеттерінен қорытындылауға болады. Интеллигенттік мағынасын, біз,

адамның рухани жұмысқа қабілеттілігінің ең жоғары түрі және зияткерлі дарындылығының ең бағалы жағы деп түсінеміз»[83].

XX ғасырдың екінші жартысына дейін дарындылық туралы тұжырымдама болған емес және бұл бағыттағы жақсы жетістіктер болғанымен, аса мән беріле қоймады. Р.Айзенк осы мәселе жайындағы көзқарасын былай түйіндейді: «Термометрді алғаш ойлап тапқанда ғылымда жылу құбылысы, оның өлшем бірліктері туралы мәлімет өте мардымсыз болды, ..түбінде жылулық теориясы термометр және басқа да құралдар мен өлшеулер жүргізу арқылы дамыды емес пе?». Сол себепті Р.Айзенк дарындылық туралы түбегейлі, тұрақты қорытынды шығаруға асықпаған жөн деп өз ойын тұжырымдайды [84].

XIX-XX ғасырлар тоғысында ассоциативтік психологияда дарындылық мәселесіне қатысты функционалдық көзқарас туындады. Г.Спенсер, Т.Циген сияқты психологтар ой-өріс дарындылығын диагностикалау үшін бес негізгі функцияны өлшеп, зерттеу керектігін айтады. Олар: ой, зейін, ерік, қабылдау және есте сақтау. Тек XX ғасыр басында ғана ғалымдар нағыз дарын иесін ғылыми қызмет, ғылыми ойлаудан іздеу керектігін айта бастады. Содан әр түрлі, өзара қарама-қайшы шиеленіскен көзқарастарды жүйелей отырып, ғалымдар дарындылықты жалпы және арнайы деп екіге бөліп қарастыруға көшті [85].

В.Штерн жалпы дарындылық – интеллектіден өзгеше, оны индивидтің өз ойын жаңа талаптар, мақсаттар мен міндеттерді орындауға саналы түрде бағыттай алатын қабілеті дей келе, ал арнайы дарындылықты – бұл белгілі бір бағытта ерекше қабілеттер таныта білуі,- деп түсіндіреді. Мысалы, қолөнер, сурет, ақындық және т.б. көптеген біріне-бірі байланыссыз арнаулы факторлар түбінде ақыл-ой қабілетін, яғни интеллектіні құрайды [86].

Баланың ойлауын дамытуды зерттеуде Ж.Пиажениң ой-пікірлерінің маңызы зор.

Ж.Пиаже баланың интеллектуалдық дамуының сенсомоторлық деңгейін белгілеуді ашқан. Ойлау әрекетінің құрылымы болып табылатын – зияткерлігі баланың (логикалық) қисынды ойлауын дамыту барысында қалыптасады. Бала логикасының онтогенетикалық дамуын зерттеуде Ж.Пиаже төмендегілерге сүйенген:

-интеллектуалдық даму тепе-теңдікке ұмтылады, оның соңғысы бөлшектер мен тұтастың теңестірілетін құрылымы;


- интеллектуалдық дамудың әрбір деңгейі жинақталған тәжірибе ретінде әрекеттерде бейнеленеді;

- жаңа ойлар, еңбектік құрылымдар, әрекеттер негізінде қалыптасады [87].

Л.И.Божовичтің сипаттауынша, баланың тұлға ретінде дамуы, тұлғалық жаңа қасиеттердің біртіндеп қалыптасуымен анықталады деген. Ғалым баланың тұлғалық дамуындағы жас ерекшеліктік кезеңдерінің талдауын келтірген. Сондай-ақ, балада «мен» жүйесі болады және осы қасиеттен туатын әрекет жасау қажеттілігі, өзіндік сана-сезімінің қалыптасуы жүреді деп пайымдайды. Зерттеушінің бала тұлғасын қалыптастырудағы пікірлері бойынша баланың дарындылығын тәрбиелеудің орны ерекше [88].

Сонымен, дарынды бала тәрбиесі мәселесіне байланысты ғалымдардың ғылыми зерттеулерін саралай келе, бастауыш сынып балаларының тілдік дамуы мен эстетикалық сезімін, қызығушылығын, талғамын іс-әрекетке түрткі (мотив) болатын итермелеуші факторлар (белсенділік, қажеттілік) арқылы баланың «Менін», тұлғалық қасиеттерін, белсенділігін дамыту негізі айқындалады .

Дарындылық мәселесіндегі негізгі факторларды зерттеген ғалым Мюнхен болатын. Ол өзінің зерттеулерінде дарындылық факторлары жетістіктермен бірлесе келе, әсер етуші күш ретінде қоршаған орта факторларын атап өтеді. Олар: жанұядағы микрожағдай, сыныптағы микрожағдай болып табылады (1-сурет) [89].



Сурет 1- Дарындылықтың Мюнхендік үлгісі (К.Хеллер бойынша)

Дарынды баламен жұмыстың маңыздылығын айқындау үшін атақты тұжырымдамалық әдістерге, дарындылық түсінігіне тоқтала кету керек. Жоғарыда айтылғандай, қазіргі уақытта ғылымда 3 негізгі бағытта зерттеліп жүр:

- зияткерлі ағымда;
- шығармашылық дарындылықта;

- толық тұлға ретінде дарындылықты-интегративті әдіс бойынша зерттеу.

«Зияткерлі дарындылықты» өзгермейтін бағалы зерттеу үшін (интеллект, грек тілінен, түсінік, «ми» мағынасы бойынша ұқсас; латын тілінен аударғанда, түсінік, сана, ақыл, ойлау қабілеттілігі, рационалды сана). Француз психологы А.Бине баланың ми дамуының негізгі диагностикасымен айналысатын зерттеулерді қалыптастырды. А.Бинені зияткерлі дарындылық теориясының негізін қалаушы деп санауға болады. Сонымен қатар, А.Биненің тұжырымдамасы онтогенезде зияткерліктің биологиялық детерминерлік дамуын болжады [90].

Дарындылықтың құрылымдық бөлшегі қабілеттілік жайлы В.Стернберг және Е.Григоренка өз теорияларын ұсынды, яғни оған спецификалық сапа қажет болып отыр, бірақ өзара байланысты қайнар көздері: зияткерлі қабілеттілік, білім, ойлау қабілетінің стилі, тұлғалық мінездемесі, мотивация, қоршаған ортаның да маңызы зор [91].

Зерттеушілер шығармашылық қабілеттіліктердің 3 түрінің қажеттігін айқындады және олардың әрқайсысын дамытуға болады:

- синтетикалық (қызық пікірлерді жалпылау қабілеттілігі).
- талдау (пікірлерді бағалау, сыни түрде ойлау қабілеттілігі).
- тәжірибелік (пікірлерге тәжірибелік қолдануды табу қабілеттілігі).

Шығармашылық дарындылыққа арналған - тұжырымдама ретінде зерттеу жұмыстарының бірі болып А.М.Матюшкиннің еңбегі саналады[92].

А.М.Матюшкин шығармашылық дарындылықты толық тұлғалық даму қарқындарымен анықталады деп санайды. Дарындылық құрылымына А.М.Матюшкин келесі компоненттерді кіргізеді:

- белгілі бір үстемдікке негізделген белсенділік;
- зерттеу жұмысына шығармашылық белсенділік;
- шешімдерге жету мүмкіндігі;
- болжау және алдын-ала сезу мүмкіндігі;
- саналы эталондарды құру қабілеттілігі;
- танымдық белсенділіктің жоғары болуы;
- қолға алған ісіне саналылық пен жауапкершілігінің басымдығы;
- ой дербестігіне иелік жасау;
- жоғары эстетикалық өнегелілік және интеллектуалдық бағасының болуы.

Автор өз зерттеулерінде егер арнайы қабілеттіліктер жалпы негіздерден дамыса, онда олар шығармашылық дәрежеде, яғни білім беруде, техникада, мәдениетте жетіледі деп көрсеткен [93].

Бұл – Ганьенің ұсынған үлгісі, оның жасаған дарындылық пен таланттың үлгісінде дарын адами әрекетке қатты ықпал ететін әсерлер мен өзгерістер арқасында талантқа айналатын немесе айналмайтын табиғи қабілет ретінде қарастырылады (кесте 1).

Кесте 1 - Ганьенің дарынның талантқа айналуының үлгісі

| | | |
|---|---|--|
| <p>Дарындылық</p> <p>Зияткерлі (пайымдау, есте сақтау, ауызша айту)</p> <p>Шығармашылық (жаңа)</p> <p>Әлеуметтік-эмоционалдық (лидерлік, жанашырлық)</p> <p>Қозғалыс (күш-қуат)</p> | <p>Жеке тұлғалық ішкі ықпалдар</p> <p>Түрткі</p> <p>Мінез-құлқы</p> <p>Жеке тұлғасы</p> <hr/> <p>Дамытпалы үрдіс</p> <p>Білім алу, тәрбие, жаттығу</p> <hr/> <p>Айналасы</p> <p>Адамдар</p> <p>Міндеттер мен шаралар</p> <p>Қоршаған ортаның ықпалы</p> | <p>Талант</p> <p>Оқу пәндері бойынша</p> <p>Стратегиялық</p> <p>Технологиялық</p> <p>Бейнелеу өнері</p> <p>Қарым-қатынастық</p> <p>Іскерлік</p> <p>Спорттық</p> <p>Көшбасшылық</p> |
|---|---|--|

Мұнда табиғи қабілеттер (дарын) іс-әрекеттің ерекше түрін атқару мүмкіндігі ретінде көрінеді – асқан дарынның арқасында оны игеру оңайға түседі. Ептілік қабілеті бар адам табиғаты жағынан осы қасиетті қажет ететін кез-келген іс-әрекетті орындауға аса бейімді. Алайда, талант дарынның білім алу, тәрбие, жаттығу арқасында ұшталған әрі жүйелі түрде дамитын, адами іс-әрекеттің нақты бір саласына қатысты дағдыға айналуы арқылы көрініс табады. Осылайша пайымдау қабілеті дарын ретінде сот мамандарына, шахмат ойыншыларына немесе компьютер бағдарламашыларына қажетті дағдыға айналады, бірақ бұл адамның ішкі тұлғалық және қоршаған ортаның ықпалына байланысты.

Аталмыш үлгінің негізгі мәселелері:

– дамымай қалған дарын пайдалы қазбалар сияқты тереңде қалып қойып, сәтсіздікті білдіреді;

– таланттың аса жоғары деңгейін өте қарқынды дамыту қажет;

– дарынды талантқа айналдырудың дамытпалы үрдісінің сапасы «тәрбие табиғатын» айқындайтын мектеп бағдарламасы, қоршаған ортаның ықпалымен қоса, тұрақсыз, болжап болмайтын сан түрлі түрткілерге, тұқым қуалайтын бейімділікке немесе ерекшеліктерге, білім алуға деген қатынасына байланысты.

– әлеуетті талантқа айналдыру кезінде жеке тұлғаның жасырын қасиеттерімен қоса табандылық, батылдық, әрекеттестік және ынта-ықылас сияқты қасиеттердің де болуы өте маңызды [94].

Д.Рензулли дарындылықты негізгі екі дәрежеге бөліп қарастырған. Біріншісі (немесе мектеп дарындылығы) тестке жауап беру, есепті шығару кезіндегі үздік нәтижемен байланысты. Мұндай оқушыларды айқындау қиын емес, дегенмен оқушының зияткерлік сапасын айқындау тестінде ашылған әлеуеті үздік оқушының сипаттамасы үшін жеткіліксіз. Екіншісі

(шығармашылық-жасампаздық дарындылық) жоғары құндылықтардың арқасында бірегей туындыны дүниеге әкелетін әрекетке қатысты. Бұл шығармашылық нәтижелерінің білім беру мәселелері мен өмір талаптарына сай болуының басты факторы. Дарындылыққа Д.Ж.Рензулли – үш байланыстың үйлесімділігі: жоғары интеллектілік, креативтілік және нәтижеге жетудегі ынталылық кіреді деп тұжырым жасаған. Аталмыш үш қасиеттің біреуі болмаса адам дарын ретінде қалыптаспайтындығын сөз ете отырып, интеллектіліктің жетіспеуінен адам жақсы нәтижені ала алмайды. Нәтижеге жетем деген ынтасы болмаса нәтиже де болмайтыны анық. Адамның креативті сапасы нашар болса, ондай адам тек орындаушылық қасиетпен шектеледі. Адам сүйіспеншілікпен, жанымен қалап істеген ісін үнемі дамытып отырады. Бала өз қалауымен бастаған ісін жетілдірсе, дамыта ұйымдастырса, ол – шығармашылық, яғни дарынды баламен жұмыс істеуде алдымен оның нәтижеге жету ынтасын қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету өте маңызды [95].

Өкінішке орай, дарынды балалардың көбісінің әлеуеті шектеулі болғандықтан олар сол әлеуетін мектепте де, жеке өмірінде де қолдана алмайды. Дарындылардың сәтсіздікке кезігуінің бір себебі олардың кейбіреуінің мақсатты ұстанымының немесе өмірлік міндеттерді шешумен айналысуға қабілетінің жоқтығы. Қалыптасу кезеңіндегі басты міндеттерге (мысалы, тілді дамыту, ой-өрісін дамыту, сауатты оқып-жазу, есеп-қисап үйрену, абстрактілі ойлау) ат үсті қарап, білім алу саласындағы және өмірде кездесетін міндеттерді шешуге қажетті қабілеті дамымаған, психологиялық дайындығы жоқ, еңбек ету тәртібінен хабарсыз болып шығады.

Дарынды балалардың барлық затқа қызығушылығын – олардың ата-анасының ерте байқайтыны анық, ал Роберт Уайт мұны адамзат баласының туа біткен қасиеті ретінде – қоршаған ортаны зерттеуге, оны өлшеуге және оның мәнін табуға деген құмарлығы деп сипаттаған.

Роберт Уайттың тұжырымынан байқайтынымыз, зиятты түрткі мен жаңалыққа ұмтылуды әуесқойлық, қызығушылық дейді, таным мүмкіндігі зор дарынды балалар дамып жатқан ой-санасына қажетті жаңа білім мен түйсіктерді іздестіруде қызығушылығы жоғары болады [96].

Дарынды балалардың қызығушылығы жайлы пікірталас туғызатын мәселелерге қарамастан, оқыту мен шынайы тәжірибеде оқушылардың арасында оқудағы үлгерімі бойынша жеке дара айырмашылықтарымен (ақыл-парасат әлеуеті) қоса, шығармашылық мүмкіндіктерінде де (шығармашылық әлеует) айырмашылықтардың болатыны бірнеше мәрте дәлелденді. Балаларды әр жаста ақыл-парасат пен «шығармашылық әлеуеті» бойынша жіктеу – ақыл-ойының жоғары талапқа, жалпы дарындылыққа дейін шарықтауы болады.

У.Б.Жексенбаева дарынды балаларды дамыту мәселелерін қарастыра отырып, бірнеше талаптарды бағыттап көрсетеді. Мұғалімнің бағыт-бағдарына байланысты талаптарға: дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнату, дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылыс жасау; ал мұғалімнің біліміне қойылатын талаптарға: оқушы дарындылығының моделін білу, дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштермен байланысына да

көңіл бөлу; мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар: дарынды оқушыны зерттеуге психодиагностикалық күнделіктің жүргізілуі, дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуына басты назар аударады[55, с.49].

Б.А.Нурмагамбетованың сипаттауынша, ауылдық мектеп оқушысының дарындылығының көріну ерекшелігін ескерген жөн. Ауыл мектеп оқушысының дарындылығы – бұл әлеуметтік-мәдени ортаның, тұлғаның өзіндік дамуының психологиялық және іс-әрекеттік механизмдерінің, тұқымқуалаушылық өзара әрекеттестігінің нәтижесі болып табылады. Бұдан ауыл және қала мектептерінің балаларының дарындылығын дамыту мәселесінде айтарлықтай ерекшеліктердің орын алатындығын байқаймыз [57,с.71].

Жоғарыда талданған мәселені қорыта келгенде, дарын – баланың бойындағы дамыған сана белсенділігі мен таным белсенділігі, тума қабілеті. Ол қабілет мектепте сан алуан ғылыми салаларда білім алу және ұстаздардың көмегі арқылы ашылады.

Келесі тараушада дарынды бала ұғымының теориялық талдауына тоқталамыз. Бала бойындағы дарын өзіне қажет білім немесе өнермен қамтамасыз етілмейді, тәрбие жұмыстарымен қамтылмаса, онда қабілеті жабық күйінде қалуы да ықтимал.

1.2 Дарынды бала ұғымының мәні мен мазмұнының теориялық талдануы

Біз, зерттеуімізде «дарынды бала» ұғымына сипаттама бермес бұрын дарындылық ұғымының зерттелуі жайына тоқтала кетейік. Балаларға қатысты «дарындылықты» анықтағанда, біз, оның баламасына – «жеке тұлғаның әлеуетіне» (А.М.Матюшкин, Дж.Рензулли, т.б.) сүйендік, өйткені әлеуетті мүмкіндіктердің дамуының белгілі бір деңгейі туралы әрбір балаға қатысты айтуға болады. Көптеген ғылыми зерттеулерде «дарындылық» категориясымен қатар «қабілеттілік», «талант», «талап», «данышпан» ұғымдары да қатар кездеседі, ғалымдар көбінесе оларды дарындылықтың деңгейлері, дәрежелері деп қарастырады.

Әдебиет көздері көрсеткендей, дарындылыққа түсінік бергенде ең қолайлы ұғым қабілеттілікке сүйену керек. Талдау барысында ең алдымен бұл ұғымның мағынасын жалпы-психологиялық деп қарастырмай, дара-психологиялық тұрғысынан қарастыруды жөн көрдік. Жалпы алғанда, адам табиғаты ерекшеліктері ретінде «есте сақтау қабілеті», «көңіл аудару қабілеті», «елестете алу қабілеті», «болжай алу қабілеті» т.б. жайында ғана емес, тек қабілеттері туралы – дара-психологиялық ерекшеліктері ретінде адамдардың бір-бірінен айырмашылықтары айтылады.

Қабілеттің дамуының табиғи негізін құрайтын нышандардың жинағы-дарындылық болып табылады. И.Ожеговтың түсіндірмелік сөздігінде дарындылық табиғатпен берілген ерекше қабілет деп түсіндіріледі. Адами тұрғыдан ойлау, ізденушілік - табиғаттың адамға берген тамаша сыйы. Қабілет барлық баланың бойынан табылары сөзсіз. Қабілетті болу - адамдағы жеке-дара өзіндік ерекшелік, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығын көрсететін психологиялық сипат. Қабілеттің мұндай сипаттарын былайша

түсіндіруге болады. Мәселен, саусақтарының салалы болуы музыканттарға, ал бойшаң болып келуі - баскетболшы-спортшыларға тән ерекшелік. Бірақ бұл түсінік нағыз дәлел бола бермейді [97].

Ғалымдардың пайымдауынша, дарындылық белгілі бір бағытта ерте балалық шақта көрінуі мүмкін. Энциклопедиялық сөздікте «Вундеркинд» (Wunderkind, нем. – «ғажап бала») – іс-әрекеттің белгілі бір түрінде – музыкада, бейнелеу өнерінде, ән-күйде т.б. айрықша, жарқын жетістіктерге ие болған мектеп жасына дейінгі бала деп анықтаған. «Вундеркинд деп дарындылығы өте ерте көрінетін баланы айтамыз, оның дарындылығы, сирек жағдайларда – туғаннан кейін бірнеше айдан соң, бірақ көбінесе – басқа балалар тек жүре немесе сөйлей бастаған кезде көрінеді. Вундеркинд – ерекше дарындылық танытатын бала [98].

«Қабілеттілік» ұғымында әрдайым мағына жағынан орынды қолданылатын үш нышаны болады. Біріншіден, қабілетті жеке ерекшелік деп ұғынып, адамдарды бір-бірінен айырып тану, қабілет туралы сөз болғанда өзіне тән қасиеті жөнінде адамдардың бәрі бірдей деп ешкім айта алмайды. Екіншіден, қабілет деп жалпы ерекшеліктерінің бәрі аталмайды, тек қана нәтижелі орындалатын қандай болса да бір іс. Мысалы, мынадай қасиеттер – қызбалық, тұйықтық немесе көңілділік, сөз жоқ кейбір адамдардың жеке ерекшеліктері болып табылады. Үшіншіден, «қабілеттілік» ұғымы адамда бұрыннан қалыптасқан білімі, дағдысы және іскерлігімен өлшенеді [99].

Философияда қабілеттерді «тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері» дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын атап көрсетеді.

Қабілеттердің даму мәселесін зерттей келе ғалымдар - (М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, А.В.Петровский) қабілеттер оқытусыз да дамитынын, бірақ онда ол ұзақ үрдіске айналатынын айтады.

Зерттеу барысында «қабілет» ұғымына берілген психологиялық анықтамалар өте көп екендігін байқадық. Т.Тәжібаев: «Қабілет - іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауында көрінетін адамның жеке қасиеті», - десе[20,57б.], ал А.В.Петровский: «Қабілеттер - білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері», - деп анықтама береді[100].

Жекелеген қабілеттер бір-бірінен байланыссыз түрде және бір-бірімен жай ғана қатар тұрып өмір сүрмейді. Әр қабілет өзгереді, сапалы басқа ерекше қасиетке ие болып, олардың бар болуы мен дәрежелері басқа қабілеттердің дамуына байланысты.

Адамның қабілеттілігі өзіндік функционалды эзірлігінің орындалуы әртүрлі бағыттағы қимылы мен әрекетіне тікелей байланысты, өйткені оның тіршілік етудегі қоғамдық жолы үшін қажет. Ол жетістікті – оқу мен тәрбие, ал еңбекті тәжірибе барысында алады.

Біз, жекелеген қабілеттен тап сол, адамның ойдағыдай орындалатын белгілі бір іс-әрекет туралы мәселесіне тікелей көше алмаймыз. Бұл тек қана басқа, жинақтау (синтездік) ұғымы арқылы жүзеге асуы мүмкін. Мұндай ұғым дарындылық ұғымына жақын. Түсіне отырып, қабілеттің өзгеше сапалы

үйлесуі сияқты белгілі бір әрекеттің ойдағыдай орындалуы да оның мүмкіншілігіне байланысты болады.

Ғылыми әдебиеттерге сүйене келе, XX ғасырдың 20-жылдары психологтар дарындылық және оның аспектілері туралы зерттегенін байқауға болады. Д.Левитов дарындылыққа типологиялық тұрғыдан сипаттама берген. Ғалым «дарындылық» ұғымының мазмұнын «анатомиялық-физиологиялық бастамалар түрінде көрінетін қабілеттердің табиғи қоры» деп ашады. Оның басты еңбегі дарындылықты ғылыми зерттеп бастағанда-ақ, «арнайы талаптарды» айқындап, «дарындылық» ұғымының мағынасын кеңейткен болатын, олар: «техникалық, саудалық, ғылыми-академиялық, көркемдік, әлеуметтік талаптар (саяси қайраткердің, педагогтың т.б.)» [101].

Дарындылық ұғымының келесі бір құрамдас бөлігі «нышан» болып табылады. Ал туа пайда болатын нәрсе - қабілеттің дамуына негіз бола алатын анатомиялық және физиологиялық ерекшелік - бұл нышан. Нышан әр түрлі мағынада көрініс табады. Мысалы, әлеуметтік ортаның, тәрбие мен оқыту істерінің және түрлі жағдайлардың әсерінен белгілі бір нышандар негізінде түрлі қабілеттердің дамуы мүмкін.

Физиологиялық даму жайлы Қ.А.Аймағамбетова ғылыми еңбегінде биологиялық өлшем адамның дене бітімі, түр-тұлғасы, ақылын, ой-өрісін қамтиды. Дамуды биологиялық тұрғыдан алсақ, ол дененің дамуы, деннің саулығы, мидың жұмыс істеу қабілеті. Бұл үш өлшемнің түпкі шығу тегі генетикалық болғанымен, оны керегінше шыңдау адамның өзіне байланысты. Бұдан біз, дүниетанымдық деңгейдің көтерілуіне қажетті алғы шарттың бірі екендігін аңғарамыз [102,47б.].

Тәжірибелік тұрғыдан қолданысқа түскенде қабілетпен өте жиі байланыстырып тұратын ұғым «тумысынан» немесе басқаша айтқанда: жаратылысынан, табиғатынан т.с.с.

Тумысынан тек қана анатомия-физиологиялық ерекшеліктері, яғни сол талаптың негізінде қабілеттің дамуы, қабілеттің өзі әрқашанда дамудың қорытындысы – тәрбие мен оқыту барысында жүзеге асады.

«Тегіне тартушылық» пен «тұқым қуалаушылық» сөздері психологиялық әдебиетте мынадай жағдайларда жиі қолданылады: болжауға нағыз себептер болғанда тап осы нышан арғы ата-бабаларынан мұрагерлік жолымен келген, әр жолы көрсеткісі келгенде бұл нышан тәрбие мен оқытудың тікелей қорытындысы емес немесе бұл нышанды кейде болжағанда кейбір организмнің биологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне келіп саяды. «Тұқым қуалаушылық» сөзі сонымен, «тумысымен» сөзіне ғана емес және «биологиялық», «физиологиялық» сөздеріне де синоним.

Қ.Б.Жарықбаев өзінің еңбегінде: «Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне (мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы, жүйке үрдістерінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі т.б.) байланысты болып келеді. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол ерте көзге түсетін болады», - деп сипаттайды [103].

Қабілеттің жоғары деңгейде дамуы талант деп аталады. Талант - адамның нақты бір істі нәтижелі орындаудағы қабілеттінің біршама жағымды қасиеттерінің өзара байланысты түрде үндесуі.

Адам қабілеті, дарындылығы мен таланты одан әрі дамып, данышпандық қасиетін тудырады. Бұл - адамның ақылы мен іс-әрекетінің ең жоғары дәрежеге көтерілуі. Данышпандық қасиет - адамның жалпы және арнаулы қабілеттерінің жинақталып, ерекше нәтижелерге қол жеткізуі. Данышпан адамның іс-әрекет нәтижелері оның әлеуметтік өмірі мен қоғамдық тіршілігінің жақсаруына елеулі үлес қосып, мәдени-рухани, саяси-экономикалық т.б. салалардың өркендеуіне әсер етеді, қоғамның тарихи дамуында өшпес із қалдырады.

Данышпандық – жалпы әрі арнайы қабілеттіліктің жоғары даму деңгейі. Данышпандық туралы психологиялық сөздікте: «егер жеке тұлға шығармашылық іс-әрекетте қоғам өмірі мен мәдениеттің дамуында тұтас дәуірді құрай алатын нәтижелерге қол жеткізсе ғана оны данышпан деп айтуға болады, - деп анықтама берілген.


Данышпан жасауға қажетті деген нәрсені орындайды. Өз шығармашылығында данышпан есін жоғалтқанға дейін, кейде фанатизмге дейін жетеді, - деп, данышпанға мұндай сипаттаманы В.Л.Эфроимсон береді [104]. Данышпандық ұғымын кеңінен сипаттаған ғалымдардың еңбектеріне тоқталайық.

Дарындылық түсінігі бір-бірімен байланыса отырып дамиды бірнеше кезеңдерден тұрады. Осылайша, ғалымдар арасында талап пен данышпанның анықтамасына қатысты бірдей көзқарас жоқ, алайда олардың көбісі бұларды дарындылық деңгейлері, дәрежелері деп қарастырады. Көбінесе ғалымдар шығармашылықты талап пен данышпандықтың ажырамас бөлігі деп есептейді. Әдетте, дарынды адамдарға шығармашылық бастамалар да тән. Сондықтан қабілеттілік, дарындылық, талап, данышпандық, шығармашылық және жасампаздық ерекше құбылыс болып табылады.

Л.М.Нарықбаева дарындылықтың аспектілері болатын ұғымдардың арақатынасы дарындылықты, негізінен, түбінде бастамасы бар (индивидтің нейро-анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері) қабілеттіліктің дамуы деп айтады. Олай болса, бұл категориялар жеке тұлғаның қабілеттілігінің даму деңгейлері мен дәрежесін қисынды түрде көрсетеді. Бұдан дарынды жеке тұлғаның дамуын мынадай формуламен беруге болатындығын айтады: бастамалар → қабілеттілік → дарындылық → талап → данышпан. Бұл деңгейлердің әрқайсысының өз алғышарты бар, алдындағы деңгейдің дамуының жоғары дәрежесін білдіреді. Бұған қоса, әрбір келесі деңгей іс-әрекет барысында дамып, соңғысының жоғары дәрежеде дамуын қамтамасыз етеді. Аталған деңгейлердің арақатынасы арнайы, іргелі зерттеуді қажет етеді. Әрбір деңгейдің анықтамасы үшін критерийлер жасалмағандықтан, талап пен данышпандық арасындағы айырмашылықты бұл қабілеттердің сипаттамасы бойынша емес, іс-әрекет өнімінің нәтижесі бойынша көруге болады. Осыған орай, Л.М.Нарықбаева талап - жаңа, кемеліне жеткен, қоғамдық мәні бар дарындылықтың жоғары деңгейі, ал данышпандық – кез келген іс-әрекетте

түбегейлі өзгерістер, «жана дәуір» тудыра алатын дарындылықтың (талаптың) ең жоғары сатысы, - деп сипаттайды [105] (3-суретте).

Қазіргі кездегі дарындылыққа беріліп жүрген анықтамалар мен тұжырымдарға сүйенетін болсақ, Л.М.Нарықбаева дарындылықтың даму сатысын (3-суретте) көрсетті [64,с.49].



Сурет 2 - Дарындылықтың дамуы

Данышпандыққа жақын ұғым талап туралы В.В. Клименко әрбір адамның бойында талап бар және оны жүзеге асыру үшін тіршілік әрекеті мотивациясының бір түрі ретінде білім мен өз-өзіне сенім қажет деп санайды[106]. Ол үшін талапқа қатысты мынадай ақиқатты білген жөн:

- талап – қалып, әдеттегі іс-әрекеттілік жай-күй;
- талап белгісізді белгіліге айналдыру сияқты міндетті шешуге бағытталған өз бетінше әрекет ету кезінде оянады;
- талап – өзін-өзі көрсете алу қабілеті, ол басқаларға белгісіз міндеттерді шешуге жағдай жасайды;

Көріп отырғанымыздай, талаптың анықтамасында бір байламға тоқталмаған, ғалымдардың пікірталастары бір-біріне қарама-қайшы екі көзқарасқа әкелді:

- 1) талап – үйлесімді генетикалық шарттардың салдары, яғни туа біткен қасиет;
- 2) талап - тәрбие мен табанды еңбектің үйлесімді шарттарының салдары, яғни жүре біткен қасиет, ақыл-парасаты орта деңгейдегі кез келген адам талапты бола алады.

Ғалымдардың көбісі шығармашылықты талаптың ажырамас бөлшегі деп біледі. Біз «талап» ұғымын дарындылықтың бір дәрежесі деп түсінеміз. Сондықтан, талап шығармашылық және жасампаз болуы мүмкін.

Дарындылықты зерттеуде интегративті тұрғыдан келуге талпыну оның маңызды бағыттарын тұжырымдауға мүмкіндік берген бастылардың бірі болатын. Бұл тұрғыда ақыл-парасат пен шығармашылық мүмкіндіктің дамуының жалпы алғышарты ретінде дарындылық пен талап табиғатын түсіну, жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде қоршаған ортамен қарым-қатынасы нәтижесінде жоғары жетістіктер көрсете алатын дамуға жағдай жасау.

Ресейлік ғалымдардың пікірінше, «данышпан жеке тұлға – шығармашылық ынтаның көзі мен үлгісі. Бұл өмір қуаты білімқұмар зерттеушілерге данышпандық сырын ашатын ақиқатты іздестіруде әрқашан дем беріп, көмектеседі», - деп жазады.

Адамның ақыл-парасаты мен шығармашылық дамуының сатыларын қарастыра отырып, Ж.О.Умбетова адамның жетістіктерінің үш дәрежесін бөліп қарастырады: шығармашылық жеке тұлға, талап, данышпан, мұнда данышпан шығармашылық жеке тұлғаның, талаптың дамуының шегі, ең жоғары сатысы болып табылады. «Данышпандық» сөзі шын мәнінде шығармашылықтың жоғары сатысы, белгілі бір саладағы кемелдікке қол жеткізу қабілеті дегенді білдіреді. Ерте есею дәрежесі данышпандықтың басты сатысы ғана, бірақ данышпандық белгісі емес деп қарастырылады»[107].

«Талап» пен «данышпан» терминдерін бөліп қарастырып, оларды дарындылықтың дәрежелері деп білген Э.Мейман талап «шын мәнісінде ғылым мен өнердегі ескі мен дәстүрліні түрлендірудің салыстырмалы елеусіздігі мағынасында қалыптастырушы» деп пайымдаған. Оның ойынша, «Данышпан – ірі өзіндік жеке тұлға, ол туындыларында өз болмысының сипатын көрсетеді» [108].

Бұл саладағы тұжырымдамалар мен теориялардың көптігіне қарамастан талданып жатқан ұғымдар толық анықталған жоқ, ғалымдар дарындылықтың мәні жайында әлі де бір тоқтамға келген емес, «дарынды бала» ұғымының нақты түсіндірмесі жоқ, алайда, жалпы алғанда, дарындылық құрылымының негізін айқындап, аталмыш мәселе теориясындағы негізгі бағыттар анықталды:

- балалардың дарындылығын зерттеу негізінен екі жақты: ақыл-парасаттылық және шығармашылық тарапынан жүргізілуі мүмкін. Олардың арасындағы мынадай мәселе әлі шешілмеген: шығармашылық ақыл-ой (ақыл-парасат немесе жалпы) дарындылықтың құрамдас бөлігі ме әлде оны дарындылықтың тәуелсіз, ерекше түрі деп қарастырған дұрыс па?;

- қазіргі психологиялық тұжырымдамалар ақыл-парасаттың көпөлшемді және көпфакторлығын мойындайды, бұдан дарындылықтың көп қырлы екені және оның түрлерінің көптігі, әсіресе оның психологиялық көрінісінің және арнайы жүзеге асуының әртүрлілігі де мойындалады;

- зерттеушілердің барлығы дерлік әлеуметтік орта факторларын (жанұя жағдайы, оқыту бағдарламалары, құрдастарымен қарым-қатынасы, әлеуметтік-мәдени орта) жеке тұлғаның дамуына міндетті түрде себепші деп санайды.

«Дарындылық» және «қабілеттілік» ұғымдарының өзгешелік мәнісі мынада: бұларда адам қасиеттері сол талаптар тұрғысынан зерттеліп, адамға белгілі бір тәжірибелік істі ұсынады.

Онда «дарындылық» ұғымының өзінде нақты тәжірибелік іспен өзара байланыс қажеттілігі бар, өйткені бұл ұғым тарихи ерекше қасиетке ұласады. Егер де оны биологиялық категория ретінде қарастырсақ, «дарындылық» ұғымы мән-мағынасынан айырылады. Дарындылықты түсіну мынаған байланысты: құндылық қандай да бір белгілі істің түрлеріне беріледі және әр нақты істің «ойдағыдай» орындалуы деп ұғынылады. Мынадай екі ой желісінің арасында көп айырмашылық бар: «адам өз дарындылығы арқылы қандай да бір жұмысты өте табысты орындайтындай мүмкіншілігі бар» және «адам өзінің дарындылығы жағынан қандай болмасын жұмыстың түрлеріне бейімделген».

Сондай-ақ, дарындылық ұғымымен әрдайым етене болғанда табиғи ағзалардың индивидте бар болуы осы ағзалар қызметінің дамуына табиғи даярлығы оның тіршілік етуі үшін қажет. Бірақ әр түрлі дарындылық мұрагерлік арқылы берілгенде, тарихи жағынан алғанда ішкі биологиялық себептердің ықпал етуімен өзінен-өзі пайда болмайды. Атап айтқанда, тіршілік ету жолдары «барлық жаңа операцияларға (психол.) бейімделу» және ағзалардың жұмыс істеу барысына байланысты. Биология ғылымына сүйенсек, ағза қызметі үшін тіршілік етеді және тек қана сол ағза дамып жұмыс істейді.

Тарихи тәжірибелер көрсеткендей, дарынды сәбилерді алғаш ата-анасы, туыс-туған, көршілері және сұңғыла қарттар танитыны шындық. Солай десек те, осы тануды тура жолға бастайтындар да табылады. Тура жолы – көреген ойлы, әділ де адал адамдардың 3 жастан 13 жасқа дейінгі бүлдіршіндер мен балдырғандар арасынан қабілетті балаларды ажыратып, ерекше қамқорлыққа алуы.

Бастауыш сыныптағы дарынды оқушылардың оқи алуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға психологиялық және физиологиялық жағынан да мол мүмкіндіктері бар екені ғылымда дәлелденіп отыр. Физиологтардың соңғы зерттеулеріне қарағанда адам миында 15 млрд. клетканың белсенді түрде тек 3-4%-ы ғана жұмыс істейді екен. Сондай-ақ, тек белсенді ой еңбегі арқылы клеткалар бір-бірімен байланысатын бай нейтрондар құрай алатындығы белгілі. Өз халқымыздың «...баланы 5 жасқа дейін піріндей тұт, 5 жастан 15 жасқа дейін құлындай тұт», - деген даналық сөзі де баланың қандай еңбекпен де айналысатын кезі балалық шақ екенін, сол шақты ұтымды пайдалану керектігін еске салғандай. Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқарасты болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету әрекеттеріне бағыттайтын орта. Жаңа «субъект-субъект» оқыту парадигмасымен жұмыс жасау, әр баланың бойындағы дарындылық қасиеттерін анықтап, дамыту, мектепте өз дәрежесінде жүргізілуі қажет болып табылады [109].

Бұл жастағы яғни, бастауыш сынып оқушысының шығармашылық қабілеттері оның оқу үдерісіне араласуын арттырады, білімдерді табысты игеруге ықпал жасайды, зияткерлі күш-жігерді, өзіне деген сенімділікті ынталандырады, көзқарастардың тәуелсіздігін тәрбиелейді.

Қиял әлемінде, әсіресе балалар өзінің шығармашылық қабілетін жүзеге асыру үшін уақыт пен шыдамдылықты қажет етеді. Егер ересек адамның ойлауы баланың ойлау үрдісіне сәйкес келетініне көзі жетпесе, онда баланың ісіне араласпаған жөн.

Бүгінде баланың қабілетін сипаттауда «шығармашылық» сөзін қолдану пікірталас тудырады. Бұл ретте кейбір зерттеушілер «қиялдан туындаған» сөзін қолдану орынды дейді. Мұның себебі балалардың тәжірибесінің жоқтығы және үнемі даму үстіндегі технология да олардың жетістігіне шектеу қояды. Осы ойды жақтаушылар шығармашылық жұмысты белгілі бір сала бойынша кәсіби маманның ғана атқаруы мүмкін дейді, олар мұндай жұмысты жүзеге асыру жас баланың қолынан келмейді дейді.

Шығармашылыққа бейім деп танылған балалардың көбісінің миының оң жақ бөлігінің қызметі басым болып келеді.

Ә.С.Әмірова өзінің зерттеулерінде: бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті деп - алған білімін өздігінен толықтырып, кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, өзіндік идеясын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдей білетін, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жете білу деп түсіндіреді.

Бала өз уақыты мен күшін бастаған ісін ойдағыдай дұрыс аяқтау үшін жұмсаса, оң нәтижелерге қол жеткізе алады. Дарынды балалардың ең басты мәселесі олардың қойған мақсатын тым кеңінен көретіндігі. Мұндайда тәжірибенің парасаттылығына сүйеніп, баланың алдына нақты әрі шағын мақсат қою қажет. Бұл дағды жазу арқылы (жұмыс істеу арқылы) баланың тек бақылау мен оқуға (бұл тек іспен шұғылдану ғана) деген бағыттылығын шектеуге мүмкіндік береді.

Өзінің жеке тұлғасын қабылдау баланың дамуының маңызды жақтарының бірі болып табылады.

Мұндайда ата-ананың баласына көмектесе алатын үлкен мүмкіндігі бар. Жанұядан басқа да баланың дамуына көмектесетін қолдау жасау жүйелері бар. Бірақ олардың ішінде баланың психикасының дамуында, оның өз ортасында бақытты әрі тұтас сүйікті тұлға ретінде бейнесінің қалыптасуында отбасының орны ерекше.

Жеке тұлғаның психоәлеуметтік дамуының заңдылықтарын түсіндіруде көп еңбек еткен Эрик Эриксонның пікірінше, дені дұрыс жеке тұлғаның негізі бала өмірінің алғашқы 2 жылында бала мен анасы арасындағы (немесе оның орнындағы адам арасындағы) сенімді қарым-қатынас кезінде қаланады [110].

Дарынды балалармен іс жүзінде жұмыс жасау және ең бастысы, оларды айқындау (басқалардан бөліп алу) дарындылықтың бастапқы тұжырымдамасына және «дарынды бала» ұғымының мазмұнын түсінуге байланысты.

Кейбір зерттеушілер «дарындылық» пен «дарынды бала» ұғымдары қаншалықты бір-біріне жақын болса да, мұнда әртүрлі психологиялық-педагогикалық құбылыстар туралы сөз болып отырғанын байқау қиын емес екендігін түсіндіреді. Бұл айырмашылық дарындылықтың белгілі бір деңгейінде (немесе оның даму дәрежесінде) болып отыр.

Шынында да, егер «дарындылық» ұғымы «жеке тұлғаның әлеуеті» деп анықталатын болса, бұл әлеуеттің даму дәрежесі туралы да әр балаға қатысты етіп айтуға болады.

Бұл тұрғыда Б.А.Тұрғынбаева адамның әлеуеті мен жеке тұлғаға қатысты әлеуетті қарастыра отырып, төмендегідей анықтама береді:

- адамның әлеуеті - оның өзгеруінің, дамуының, өзіндік орнын табуының шынайы бар қоры, ол адамның алдағы өмірі мен болашағын анықтайды;

- жеке тұлғаға қатысты әлеует - адамның ішкі күштері мен мүмкіндіктерінің жиынтығы, олар өзіндік дамудың мәселелік ахуалында және белгілі бір сыртқы жағдайларда өзекті болады [111].

У.Б.Жексенбаева «дарындылық – адамның бір не бірнеше іс-әрекет саласында жоғары, қатардағылардан ерекше нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайтын көп өлшемді, кіріктірілген (интегральное) құрылым», - деген анықтама береді [55,с.24].

Біз, өз зерттеуімізде философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектерді зерделей келе, ғалымдардың «дарындылық», «дарынды бала» ұғымдарына берген сипаттамаларына контент-талдау ұсынып отырмыз (1-кестеде).

Кесте 2 - Ғалым-зерттеушілердің педагогикалық-психологиялық еңбектеріндегі дарындылық, дарынды бала ұғымдарының контент-талдауы

| Зерттеушінің аты-жөні | «Дарындылық», «дарынды бала» ұғымдарына берген пікірі |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Қазақстандық үлгі(Е.М. Арын, А.К.Ахметов, Б.К.Дамитов, У.Б.Жексенбаева, Н.Д.Иванова, Н.К.Касымов, Ж.А.Караев, С.Н.Лактионова, Н.И.Нурахметов) | Баланың дарындылығы дегеніміз – баланың бойында жоғары деңгейдегі қабілеттер жиынтығының болуы ғана емес, сондай-ақ, ол баланың уәжі, әуесқойлығы, әуестену ісіне берілуі. |
| Ресейлік үлгі (Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, В.Крутецкий, Н.С.Лейтес, В.М.Теплов) | Дарындылық дегеніміз – психиканың жүйелі, өмір бойы дамиды қасиеті, ол адамның іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрі бойынша басқа адамдармен салыстырғанда аса жоғары (өзгеше, айрықша) нәтижелерге жету мүмкіндігін анықтайды. |

2 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---------------------------------------|---|
| Ағылшындық үлгі (П.Торренс, Ганье) | Дарынды әрі талантты балалар деп өзімен жасты балалармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары деңгейде дамыған бір немесе бірнеше қабілетке ие немесе сол қабілетті дамытуға талабы зор балаларды айтамыз. |
| Қ.Б.Жарықбаев | Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне (мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы, жүйке үрдістерінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі т.б.) байланысты болып келеді. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол ерте көзге түсетін болады. |
| Ж.Ы.Намазбаева | Адам шығармашылығының өнімі іс-әрекеттің қандайының болса да дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Адамның қабілеттілігі, оның бейімділігімен тығыз байланысты. |
| М.А.Асылханова | Дарынды балалар мектептің оқу бағдарламасын ерте меңгеріп, 5-6 жаста ондай балалар өзінен екі есе үлкен балалардың білгенін артық біледі. |
| У.Б.Жексенбаева | Дарындылық – адамның бір не бірнеше іс-әрекет саласында жоғары, қатардағылардан ерекше нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайтын көп өлшемді, ықпалдастырылған (интегральное) құрылым. |
| Л.М.Нарықбаева | Дарындылық – ақыл-парасаттылық және шығармашылық әлеуеттің жоғары деңгейімен сипатталатын интегралды-жеке тұлғалық құрылым, бұл әлеует индивидтің іс-әрекеттің бір немесе бірнеше саласында ерекше жетістікке жетуіне жағдай жасайтын қабілеттерінің ерекше жиынтығымен анықталады. |
| Н.С.Лейтес | Дарындылық - адамның өмір сүру үрдісінде дамиды, жас ерекшеліктері үлкен рөл атқарады. |
| А.И.Савенков | Дарындылық түсінігіне шығармашылық және интеллектуалды бағыттар кірігеді. Бұл бағыттар бойынша зерттеулер бала қабілетінің даму сатысы бойынша әр тұлғаға қолданыла береді. |

| 1 | 2 |
|--------------------|--|
| А.М.Матюшкин | Дарындылық көп бейнелі, әр түрлі деңгейде және бұл қоғамда атқаратын қызметтер барысында айқындалады. Сондықтан дарындылықтың бірнеше түрлері бар. Олардың әрқайсысының зерттелу жолы күрделі құрылымды болып келеді(солардың ішінде интеллектуалды және шығармашылық дарындылық). |
| Б.А.Нурмагамбетова | Дарынды балалар – ақыл-ой деңгейі жоғары дамыған, жарқын танымдық белсенділікке ие, психика дербестігімен ерекшеленеді. Бұл балаларды біріктіруші басты категория – ақылдылық белсенділігі. |

Жоғарыдағыларды қорыта келе, көптеген үлгілер мен дарындылық теориялары барысында, берілген салада терминнің жан-жақты етіп қалыптасуы бар да, бірақ ғалымдар тиянақты бір пікірге келген жоқ. Дегенмен, жалпы құрылым негіздері, оның даму заңдылықтары белгіленген:

1. Дарындылық адамның өмір сүру үрдісінде дамиды, жас ерекшеліктері үлкен рөл атқарады (Д.Б.Богоявленская, Л.А.Венгер, О.М.Дьяченко, Н.С.Лейтес, Я.А.Пономарев, В.С.Юркевич, т.б.)

2. Дарындылық тумалы нышандар негізінде дамиды (генетикалық детерминалданған, анатомды - физиологиялы ерекшеліктер) және адам қызметі әлеуметті-мағыналы сферасындағы белгілі бір жетістіктерге жету мүмкіндігіне тәуелді болады; (Қ.Б.Жарықбаев, Ж.Ы.Намазбаева, Б.Г.Ананьев, А.Н.Монтьев, С.Л.Рубинштейн, Б.М.Теплов т.б)

3. Дарындылық - бұл тұлғаның жалпы қабілеттілігінде ықпалдастырылған сипат деңгейінің болуы, интеллект, шығармашылық, баланың іс-әрекетке итермелейтін ниеттері, ерекшеліктері, әлеуметтік ашылмаған мүмкіндіктерді оқып үйрену, яғни кез-келген қызметтерді табысты орындау үшін жан-жақты түрінде жіберіледі.(Ү.Б.Жексенбаева, Л.М.Нарықбаева, Б.Ш.Байжұманова, Н.С.Лейтес, В.Н.Дружинин, А.И.Матюшкин, т.б)

4. Дарындылық түсінігіне шығармашылық және интеллектуалды бағыттар кірігеді. Бұл бағыттар бойынша зерттеулер бала қабілетінің даму сатысы бойынша әр тұлғаға қолданыла береді.(Б.А.Тұрғынбаева, А.С.Амирова, Ж.Елеупаева, И.Б.Отческа, А.М.Матюшкин, Д.Ж.Гильфорд, Дж.Рензулли, А.И.Савенков, т.б).

5. Дарындылық көп бейнелі, әр түрлі деңгейде және бұл қоғамда атқаратын қызметтер барысында айқындалады. Сондықтан дарындылықтың бірнеше түрлері бар. Олардың әрқайсысының зерттелу жолы күрделі құрылымды болып келеді.(солардың ішінде интеллектуалды және шығармашылық дарындылық) (Б.А.Нурмагамбетова, Г.А.Мусабекова, Ю.З.Гильбух, В.А.Крутецкий, Н.С.Лейтес, А.М.Матюшкин, А.В.Петровский, М.А.Холодная, т.б).

Зерттеушілердің барлығы әлеуметтік орта мен арнайы жағдайларды (отбасы, мектеп, қоғам, тұлға аралық т.б) бала дарындылығының дамуындағы бірден-бір құрал деп тұжырымдайды.

Кейінгі дәуірде дарындылықты танып-білу мәселесімен испан дәрігері Х.Уарте айналысты. Оның бұл мәселеге байланысты жасаған тұжырымы, яғни адамның кәсіби маман таңдауда жеке басының қабілеттілігін ескеру қажет екендігін атап айтты [13,с.24].

Дарындылықты анықтау – уақыт ағымындағы жетістіктермен ілесіп отыратын, баланың дамуымен тығыз байланыста болатын ұзақ үдеріс.

Л.К.Казангапова балаларды дарындылыққа бейімдеудің төмендегідей нысаналарын көрсетеді:

- ізгілендіру, демократияландыру, дарынды оқушыларды әлеуметтік факторлардан құқықтық қорғау;

- дарындылыққа баулудың биологиялық, әлеуметтік факторларын есепке алу;

- білім меңгерудің үзіліссіздігін, дарынды балалармен жұмысты ұдайы жүргізудің жолын табу;

- дарынды оқушылардың өзін-өзі басқару әрекеттерін мемлекеттік және қоғамдық мәнде ұйымдастырудың құрылымын құру;

- жалпы оқушылардың санатынан дарындылық қабілетке бейімі бар оқушылардың диагностикалаудың әдістерін пайдалану;

- оқытудың арнаулы жұмыс бағдарламасын үйлестіру, дарынды қалыпқа баулудың түрлерін дамыту, жеке тұлғалық-болмыстық деңгейліктерін айқындау;

- ұстаздарды дарынды оқушыларды оқытуға даярлау. Жоғарыда тізілген дарындылық қабілетке бейімдеудің мақсат-мүддесі алғашқы теориялық мәнділікті айқындап, нәтижелі әрекетке жетелейтін жұмыстарды жобалауды мүмкіндік береді [112].

Ұсынылып отырған нысаналар дарынды баланың оқу, тәрбие үдерісінде өзінің ойлау әрекетімен, жасампаз жетістігімен оқшауланатын индивид екендігін көздейді.

Біздің байқауымызша, Торренс дарынды баладағы танымның дамуын төмендегіше бөлген:

Дарындылық белгілері: (30 %-ға жетілген)

- Қырағылық;
- Жоғары танымдық қабылдау;
- Нақты мақсат қоя білу;
- Білімге құмарлық;
- Міндетті қоя білу;
- Зейіннің кең ауқымы;
- Ойы алғыр;
- Есте сақтау қабілеті ерекше;
- Жылдам оқып-үйренеді;
- Мәнді сұрақтар қояды;

- Кітаптарға ерте жастан қызығады;
- Ерте жастан оқып үйренеді;
- Математикалық қабілеті ерекше;
- Шығармашылық/жасампаз;
- Егжей-тегжейіне дейін көңіл бөледі: күрделі нұсқауларды орындайды;
- Әзілдей алады: өзінің жеке әзілдерін ойлап табады;
- Күрделі тұжырымдамаларды түсіне алады;

Сондай-ақ, дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізуде Шотландиялық *Үздіктерге арналған оқу жоспарының* мақсаттары мынадай болмақ:

Үздіктерге арналған оқу жоспарының мақсаты бастауыш сынып пен орта буын сынып оқушыларының бойында мынадай қасиеттерді дамыту:

Үздік оқушыға тән қасиеттер:

- білім алуға деген ынтасы мен түрткісі мол;
- жоғары жетістіктерге қол жеткізуге бел буған;
- жаңа ойлар мен пікірлерді қабылдауға дайын;
- сауатты оқып-жазу, қарым-қатынас жасау, сандық ойлау дағдылары бар;
- білім алуда технологияларды пайдалана алу;
- жасампаз әрі дербес ойлары бар;
- өз бетінше де, топ ішінде де білім алуға дайын;
- дәйекті бағалауға қабілетті;
- кез-келген жағдаймен білімін байланыстырып, оны қолдана алу.

Жауапкершілігі мол азаматқа тән қасиеттер:

- басқаларға құрмет көрсету;
- саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге жауапкершілікпен ат салысу;
- дүниежүзі және ондағы өз мемлекетінің алатын орны туралы білімін дамытып, жетілдіру;
- әр түрлі діндер мен мәдениеттерге түсіністікпен қарау;
- сауатты таңдау жасап, дұрыс шешім қабылдай алу;
- қоршаған орта, ғылым және технология туралы мәселелерді дұрыс бағалау;
- күрделі мәселелер бойынша сауатты көзқарас қалыптастыру.

Өз-өзіне сенімді жеке тұлғаға тән қасиеттер:

- өзін-өзі құрметтеу;
- ақыл-ойы дұрыс дамыған;
- адами құндылықтары мен сенімі бар;
- мансапқор;
- басқалармен дұрыс қарым-қатынас жасай алу;
- салауатты өмір салтын ұстану;
- өз іс-әрекетіне жауап беру;
- өзінің жеке сенімін қалыптастырып, оны әлемдік көзқараспен ұштастыру;

- тәуелсіз өмір сүру;
- тәуекелге бел буып, дұрыс шешім қабылдай алу;
- әр түрлі іс-әрекетте табысқа қол жеткізу.

Жақсы қызметкерге тән қасиеттер:

- белсенді;
- икемді;
- өз-өзіне сенімді;
- әр түрлі жағдайда, әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасай алу;
- бірігіп әрі серіктесіп жұмыс істей алу;
- бастаманы өз қолына алып, жұмысты басқару;
- айтылған сынды дұрыс қабылдау;
- жаңалық ашып, дамыту;
- мәселерді шешу [113].

Ғалым Марланд тұжырымдамасында баланың жоғары қабілеті оның бір ғана пәнге немесе ғылым саласына бейімділігі ретінде көрінеді делінген. Алайда қабілетті, дарынды және талантты балаларға қатысты көпқырлы зияткерлік деген ұғымның мағынасы әлдеқайда кең. Дегенмен, мұнда маңызды айырмашылық бар. Көпқырлы зияткерлік теориясын алғаш рет Говард Гарднер ұсынған еді. Ол балалардың кейбіреуінің бейнелеу өнерінен, ал кейбіреуінің музыкадан үздік болуының себебін түсіндіреді [114]. Осы теорияға сәйкес адам зияткерліктің арқасында білім алудың бір немесе бірнеше стилін қолданады:

- Тілдік (тілді барлық түрінде қолдану)
- Музыкалық (композициялық, аспаптық және вокалдық дағдылардың барлығы)
- Қисынды-математикалық (сандар, үлгілер, пішіндер және дедукциялық ойлау)
- Бейнелі-кеңістік (заттарды көзбен көріп, қолмен ұстау және абстрактілі көру, ұстау)
- Дене-қозғалыс (спортта, биде және қойылымда денені шынықтыру)
- Натуралист (табиғат әлемінен шабыт алып, табиғаттану пәндерін сүйіп оқу)
- Тұлғааралық (басқаларға құрметпен қарау, әлеуметтік дағдыларға ие болу)
- Жеке тұлғалық (өзіндік сана, өзін-өзі бағалау)

Әрбір адам өзінің басты стилін білім алудың барлық саласында қолдана алады. Мысалы, тілдік және жеке тұлғалық стилі бар адам, тіл үйрену сабақтарына бар ынтасымен қатысып, тілдің ықпалы мен мағынасы туралы өз ойын білдіруге мүмкіндік алады. Ал бейнелі-кеңістік және тұлғааралық стилі бар адам диаграммалар, суреттер, көрнекілік құралдар қолданылған, топ ішінде немесе бірігіп істелінетін тапсырмалары бар сабақтардан жақсы әсер алады.

Бұдан дарындылықтың белгілі бір түрі жетістіктің белгілі бір түрімен (ғылыми, шығармашылық, әлеуметтік т.б.) байланысты деген түйінге келеміз. Білім алу стилдеріне қатысты мәселелер мектепте жоғары қабілетті

айқындаудың бір тәсілі болып табылады, ол сондай-ақ оқушыларға өзінің мықты әрі әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай білім алу стилдері өз бетінше білім алуды дамытуға ықпал етеді.

Б.А.Нурмагамбетова өзінің зерттеуінде: «Дарынды балалар – ақыл-ой деңгейі жоғары дамыған, жарқын танымдық белсенділікке ие, психика дербестігімен ерекшеленеді. Бұл балаларды біріктіруші басты категория – ақылдылық белсенділігі», - деп көрсетеді [57,с.81].

Зерттеулерге сүйене отырып, ақыл-ойының дамығандығы, жоғары деңгейдегі шығармашылық мүмкіндіктер және белсенді танымдық қажеттілік сияқты ерекшеліктері бар балаларды дарынды деп болжам жасауға болады.

Сонымен қатар, дарынды балаларға мынадай оқушыларды жатқызуға болады:

- 1) құрдастарымен салыстырғанда ақыл-ой қабілеті өте жоғары, оқуда алғыр, шығармашылық мүмкіндіктері зор оқушылар;
- 2) басты, белсенді, сарқылмас таным қабілеті бар оқушылар;
- 3) ойлау еңбегі үлкен қуаныш пен жаңаша пікір әкелетін оқушылар.

Бұған қоса дарынды балаларға ақыл-ой мен шығармашылық өрісінің тез дамуы, терең әрі басқалардан өзгеше ойлау қасиеттері бар, алайда кейбір себептермен белгілі бір кезеңде дарындылықтың барлық белгілері бірдей көрінбеуі мүмкін.

Ғалымдардың берген анықтамаларын саралай келе, дарынды балалардың үш категориясын бөліп қарастыруға болады:

- 1) ақыл-ойының дамуының таңқаларлық жоғары жалпы деңгейі бар дарынды бала (мұндай балалар мектепке дейінгі жаста және төменгі сынып жасында жиі кездеседі);
- 2) арнайы ақыл-ой дарынының белгісі бар, яғни ғылымның белгілі бір саласында дарыны бар бала (мұндай оқушылар жасөспірім шақта көп кездеседі);
- 3) белгілі бір себептермен оқуда табысқа жете алмайтын, бірақ жарқын танымдық белсенділігі бар, психикалық жағынан басқалардан өзгеше, сирек кездесетін ақыл-ой қоры бар оқушылар (мұндай оқушылардың мүмкіндіктері әдетте жоғары сынып жасында ашылады).

Ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдай келе, дарынды баланың төмендегідей сипаттамасын жасауға мүмкіндік алдық (3-кестеде).

Кесте 3- Дарынды бала қабілетінің сипаттамасы

| Қабілет түрі | Сипаттама |
|------------------------|---|
| 1 | 2 |
| 1. Танымдық қабілеттер | -ақпараттың кең көлемін игеру; - бай сөздік қор; - себеп-салдарлық байланысты құру; - құпия тәуелділік пен байланыстарды құрықтау; - шешім шығара білу; |

3– кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|-----------------------------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - ақпаратты шоғырлай және жинақтай білу; - күрделі мәселелерді шешуге қатысу; - ақпаратты ұйымдастыру; - күрделі ойларды аулай білу; - астарлы айырмашылықтарды аңғара білу; - қарсылыққа сезімталдық; - ақпаратты іздеудің альтернативті жолдарын қолдану; - жағдайды талдау; - үдерістің өзін де, нәтижесін де бағалай білу; - кейін неге апарып тірелетінін көре білу; - талқылай білу; - болжам жасау; - ойды тәжірибеде қолдану; - қайта жасауға икемділік; - ойлаудағы сыншылдық; - жоғары білімқұмарлық. |
| Шығармашылық қабілеттер | <ul style="list-style-type: none"> - тәуекелшілдік қабілет; - ойлау мен әрекетте икемділік; - ойлау жылдамдығы; - өзіндік идеяларын айта білу және жаңа бір нәрсені ойлап табу қабілеті; - бай қиял; - әркелкі нәрселерді қабылдау; - жоғары эстетикалық құндылықтар; - дамыған сезгіштік. |
| Эмоционалды ортаның ерекшеліктері | <ul style="list-style-type: none"> - шынайы Мен-тұжырымдамасы; - өзгеге сыйластық; - адамдарға эмпатикалық қатынас; - өзге адамдардың ерекшеліктеріне төзе білу; - өзін-өзі талдауға икемділік; - сынға шыдамды қатынас; - нәрселер мен ойлармен бөлісуге дайын болу; - тапсырманы орындауда табанды болу; - ойлау мен тәртіпте тәуелсіздік; - мадақтауды күткенде шыдамсыздықтың болмауы; - жарысқойлық; - әзілқойлық сезімі; - құлықты мәселелерді талдауда сезгіштік; - өз күші мен қабілетіне сенімділігі. |

Дарынды балалардың бойындағы тағы бір ерекшелігі - өз қызығушылықтары саласындағы үлкен табандылығы. Дарындылықтың ең ерте көрсеткіштерінің бірі – 2-3 жастағы баланың бар ынтасымен бір іске кіріскен уақыты. Уақыт өте келе бастауыш сыныпта мұндай балалар мақсатына жету жолында – ойындарда болсын үлкен табандылық пен зейінділік танытады.

Істі мінсіз жасауым қажет деген сезім (перфекционизм) – дарынды балалардың ата-аналары мен ұстаздарының жиі айтатын мәселелерінің бірі. Дарынды оқушының талаптарының тым жоғары болуы кез-келген іс-әрекеттегі өзінің жұмысына ересек адамдарша баға беріп, сол арқылы өзін-өзі жаралап, күйзелтуіне әкеледі.

Дарындылықтың арнайы түрлерінің болатыны (музыкалық, бейнелеу өнері, техникалық т.б.) туралы көзқарасқа қосыла отырып, Н.С. Лейтес «ақыл-ойдың құндылығын талап ететін аса кең ақыл-ой дарындылығы» болады деп пайымдайды, алуан түрлі істерде ақыл-ой мүмкіндіктерінің бірдей болмайтынын да мойындайды. Ол шығармашылық мүмкіндіктерді ақыл-парасат деңгейінің көрінісі ретінде емес, ақыл-ой қабілетінің, сондай-ақ біртұтас жеке тұлғаның ерекше бір тұсы деп қарастырады [115].


Педагогикалық тәжірибе мен келесі қолданбалы зерттеулер үшін теориялық және әдістемелік негіз ретінде Ресейдің Жалпы және Кәсіби Білім беру Министрлігінің тапсырысы бойынша «Дарындылықтың жұмыс тұжырымдамасын» жасады. Зерттеулердің нәтижелерін көрсете отырып, көрнекті ресейлік ғалымдар бірлескен авторлық ұжым (Н.С.Аверина [116], Ю.Д.Бабаева [117], Д.Б.Богоявленская [118], А.Б. Брушлинский [54,с.64], В.Н.Дружинин [119], С.М.Дьяченко [120], А.А.Мелик-Пашаев [121], Д.М.Ушаков [122], М.А.Холодная [123], В.Д.Шадриков [124], В.И.Щебланова [125], В.С. Юркевич [126]) дарындылықтың анықтамасына біртұтастық тұрғыдан келді: «дарындылық дегеніміз – психиканың жүйелі, өмір бойы дамитын қасиеті, ол адамның іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрі бойынша басқа адамдармен салыстырғанда аса жоғары (өзгеше, айрықша) нәтижелерге жету мүмкіндігін анықтайды».

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер сараптамасы көрсеткендей, қазіргі уақытта шетелдік психологияда дарындылықты зерттеу бойынша, бір жағынан, дарындылық түрлерін (ақыл-парасаттылық пен шығармашылық) бөліп қарастыру бағыты, ал екінші жағынан дарындылықтың жалпы құрылымын іздеу бағыты байқалады, бұл ерекше психологиялық мәселенің айғағы: іс-әрекеттің көптеген салаларындағы шынайы шығармашылық жетістіктер ақыл-парасаттың орташа деңгейден төмен болмауын талап етеді, бірақ ақыл-парасаттың жоғары деңгейі шығармашылыққа әкелмеуі де мүмкін. Дегенмен, бұл екі қызметті (ақыл-парасат пен жасампаздық) теория деңгейінде де, тәжірибе деңгейінде де ажыратудың іргетасы қаланған.

М.Ә.Перленбетовтың пайымдауынша, адамның психологиялық типін төменгі сыныптарда анықтау дұрыс екендігін айта келе, мұғалімдердің төменгі сынып оқушыларының психикалық бағыт бағдарының құрылымын білуі және оны оқу үрдісі барысында есепке алуы оқушылардың жеке даралық қабілеттерін ашуға және дамытуға, олардың дербестігін, бастамшылығын,

танымдық белсенділігін арттыруға көмектесе алады. Бұл баланың жеке даралық зияткерлік ресурстарын кеңейтетін және күрделендіретін жеке дара даму жолын қалыптастыруға, тұлғаның өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретіндігі қарастырылады [127].

Міне, жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келе біз, дарынды бала құрылымының үлгісін ұсынуды жөн көрдік. Құрылымның үлгісі 3-суретте беріліп отыр.



Сурет 3 - Дарынды бала құрылымының үлгісі

Беріліп отырған дарынды бала құрылымының үлгісінен көретініміз, «ой дербестігі» дарындылық еш жаттығусыз, еш білімсіз баланы өзгелерден айрықша етеді және балалардың дарындылығы «іс-әрекеттің бір ғана саласында немесе бір жақты дамуында» (барлық бағытта, мысалы ақыл-парасаты жағынан, қарым-қатынас жасай алуы, көңіл-күйі, дене бітімі жағынан үздік оқушы болғаннан гөрі) көрініс табады дегенді баса айтуға болады. Қарапайым тілде оны «қатардағы дарынды» дейді. Дарынды балалардың дамуының барлық жақтарын зерттеп, бағалау арқылы дарынды балада шығармашылық белсенділіктің болуы, сыни түрде ойлау қабілетінің жоғары болуы, іс-әрекетте табысты нәтижеге жетуге ұмтылысы, қабілетті балалардан айтарлықтай ерекшелігі көпнұсқалы шешім қабылдауы болып табылатындығын айтамыз. Бірақ дамудың барлық жақтары өзара тығыз байланысты болғандықтан, оларды бөлек-бөлек зерттеп, бағалау оңайға түспейді. XX ғасырда психология ғылымы жаңа даму күшіне ие болып (С.Л.Рубинштейн, К.А.Абульханова-Славская,

А.В.Брушлинский), «индивид», «жеке тұлға», «даралық» категорияларымен бірге адам болмысы көрінісінің сапалық сипаттарының бірі болып табылатындығы айқындалды. Адамның нәтижесінің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті өзіне алуы субъектінің пайда болуын көздейді.

«Субъект» ұғымы (латынша -subiectum- бастаушы) - болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; белсенді жеткізуші деп аударылады. Субъектінің өз «өмірлік кеңістігі» болады. Ол тұлғаның әрекетінің қозғаушы күші болып табылатын мотивациялық құрылымына енетін ұмтылыстары, ниеттерінен тұрады.

Ғалымдар субъектіліктің пайда болу кезеңдері және оның жүру барысының нәтижелі болуы төмендегі мәселелерге байланысты екендігін анықтаған:

-адамның нәтижесінің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті өзіне ала білуі (басталғалы тұрған істің субъектісі);

-болашақтағы жүзеге асырудың әртүрлі нұсқаларын ойдан өткізу, күтілетін нәтиженің кейпіне өзінің қатысы мен оны орындауға қабілеттілігін анықтау (мақсаткерліктегі субъектіліктің көрінуі);

-өз еркі бойынша атқарылатын істе өзінің ашылуға тиісті мүмкіншіліктерін іске қосу («дәл қазір, осы жерде» жағдайында өзін субъект ретінде көрсете алуы);

-істің аяқталуы жөнінде жауапкершілікпен шешімдер қабылдау; өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені мәнді жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға беру (өзін жүзеге асқан істің субъектісі сезіну).

Философиялық мағынасында субъект дегеніміз - сыртқы және ішкі дүниені мінсіз және нысандық-тәжірибелік іс-әрекетте танып, түрлендіретін саналы белсенділіктің иесі (С.Л.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев). Нағыз субъект өзі қатысқан іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатын ұғынудан бастап нәтижесіне дейінгі құрылымына толықтай ие болады [128].

Бүгінгі күні жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыруымен көкейкесті мәселеге айналып отыр. Сильверман ішкі дарынды ашуға кедергі келтіретін басқа да жеке тұлғалық сипаттамаларды атап көрсетеді. Олар «күш-қуат, сұрақ қою ережелері/сәйкессіздік, жалғыздықты қалау және барлық істі мүлтіксіз орындауға тырысу», осылардың арқасында дарынды балалар қалыпты жағдайларды қабылдауда қиындыққа кез болады, өйткені олардың ойлау өрісі қалыптағыдан әлдеқайда жоғары деңгейде. Осылайша олар кейбір ережелердің қисынға қайшы екенін айқындап, оларды түзетуге тырысады. Өзінің жеке жобасына қатты қызығатыны соншалықты олар өз ойларымен, ашқан жаңалықтарымен бөлісудің еш мәні жоқ деп түсінеді немесе уақыт қанша тығыз болса да өз жұмысын дайын болғанша жылдам бітіруге тырыспайды. Мұндай ұстаным, басқаға көңілі толмау, тіпті басқаларды жау көру достық қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіреді. Сондықтан ұстаздар мұндай балалардың көпшіліктен бойын аулақ ұстайтынын, сол себепті

олардың мұғалімдермен, оқушылармен қарым-қатынасы шиеленісіп кету мүмкіндігін ескеру қажет. Мұнда балалардың 15 пайызының ең жоғары деңгейі айқындалады. Бірақ дарындылық дегеніміз жүзеге асатын немесе аспай қалатын әлеует болса, талант дегеніміз жетістік. Ол баланың табанды еңбек етуіне байланысты. Мұндайда қабілет аса қажет, бірақ табысқа жетудің бірден бір жолы табандылық. Дарындылық пен талант арасындағы тағы бір айырмашылық «үйретілмеген» деген ұғымда. Талант табанды жаттығу арқасында және күрделі істі қалай орындау керектігін үйрететін әдістеме арқылы келеді, ол тәжірибелі дайындыққа байланысты. Талант арқылы керемет жетістікке қол жеткізу үшін тәжірибесі мол жетекші немесе тәлімгер ұстаз қажет. Біз, талант жайлы ойлармен таныса келе, Ганьенің дарындылық пен талант үлгісін ұсынуды жөн көрдік (4-сурет). Ганье дарындылық пен талант арасындағы айырмашылықты сызба түрінде көрсетеді. Ол дарындылықты «бейімділік» деп қарастырып, оның төрт негізгі саласын айқындайды [129].



Сурет 4 - Ганьенің дарындылық пен талант үлгісі

Бірінші сала «зияткерлік», Ганье балалардың бұл саладағы дарындылығын олардың қисынды ойлау алу қабілетінен көруге болады дейді. Зияткерлік саласы бойынша дарынды балалар бірнеше көзқарастың болатынын сөзсіз түсініп, ойша өз таңдауын жасай алады. Олар әр түрлі адамның көзқарастары да сан түрлі болатынын түсінеді. Осылайша балалар сыртқы ақпараттың ішінен өзіне керектісін ғана алып, тез арада қарсы әрекет етудің өзіне ыңғайлы әрі таңдаулы жолдарын ойластыра алады. Мұндай қасиеттің арқасында мәселелерді шешудің тиімді әрі нәтижелі тәсілдеріне қол жеткізуге болады.

Ганьенің дарындылық және талант үлгісі бойынша мидың алдыңғы қабығының немесе басқару орталығының жұмысы арқылы балаға сан алуан мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін негізгі қабілеттерді айқындайды. Баланың математика немесе сауат ашу сияқты мектеп пәндерін жақсы игеруі оның ерекше ойлау қабілетін көрсетеді, бұл ата-ана мен ұстаздар үшін баланың зор әлеуетінің алғашқы хабаршысы болуы мүмкін.

Дарынды баланың тұлғалық даму ерекшеліктерінің бірі жақсы есте сақтау қабілеті. Берілген білімді терең меңгеру жақсы есте сақтау қабілетіне байланысты. Ағылшын зерттеушісі Медоуз «есте сақтау іс жүзінде тұтас адами таным үшін аса қажет» деп түсіндіреді. Егер баланың есте сақтау қабілеті жақсы болса, ол жаңадан оқып-білгенін бұған дейінгі алған білімімен ұштастыра алады [130].

Есте сақтаудың әрбір түрінің құрамындағы ақпаратты бақылау үрдістері бар. Ақпаратты мазмұндау немесе қайта-қайта қайталау үрдісі орын алатын, мысалы өлең жолдарын жаттау кезінде, уақытша жады келіп түскен мәліметтің жоғалып кетпей, есте сақтаудың келесі сатысына өтуін қамтамасыз етеді. Уақытша жады жаңа жоспар құру арқылы, мысалы байланыстыру немесе ойша суретін салу арқылы, ақпаратты ағымдағы және сақталып қалған әсерлерден алып, маңызды ақпараттың ұзақ уақыт жадысына өтуіне көмектеседі.

Сандарды, кестелер мен күнтізбелерді есте сақтау қабілеті аса зор ғалымдар ақпараттың орасан зор көлемін есте сақтау үшін осы үрдістердің барлығынан да өту қажет дегенді теріске шығарады. «Ғажайып ми» телетоптамасында профессор Алан Снайдер қабілетсіздік мидың сол жақ бөлігін «істен шығарып», оң жақ бөлігінің қызметін арттырады дейді. Осылайша мидың егжей-тегжейді айқындайтын бөлігі есте сақтауға көмектесуге тырысады. Ол магниттің көмегімен студенттің миының сол жақ бөлігінің қызметін бәсеңдету тәжірибесін өткізді, нәтижесінде студенттің тәжірибеге дейін және одан кейін тест сұрақтарына берген жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар болғанын көрді. Тәжірибе нәтижесінде студенттің егжей-тегжейлі сипаттау мен зейін қою қабілеті артты, бұған дейін зуылдатып оқып шығатын мәтіндерді асықпай әрі мәнерлеп оқитын болды. Оның айтуынша, шығармашылық саладағы дарындылық кезінде «көркем өнер шығармашылық бөлігі деп танылатын мидың оң жақ бөлігі сол жақ бөліктің қалыпты және мүмкін басым күшіне шыдауы керек». Шынымен де қызықты тәжірибе екен, бірақ біраз уақыттан кейін магниттің әсері жойылып, студенттің миының екі бөлігі де бұрынғыдай қызмет етуін жалғастыратынын аңғаруға болады [131].

Ганьенің тұжырымы бойынша, «шығармашылық сала», дарындылықтың бұл өлшемін іске асыру үшін балалар міндеттерді шешудің айрықша жолдарын іздестіру маңызды болып табылады. Бірақ істің нәтижесі қойылған талапқа сәйкес болуы шарт. Балалардың жасағаны ұстаздың көңілінен шықпаса да, ол балалардың не істегісі келгені, одан қандай нәтиже күткені туралы айтып беруін сұрастыру міндетті. Әрине балалардың инновациялық жұмысты жүзеге асыруға жағдай жасайтын ғылыми тәжірибе жасау мүмкіндігі, уақыты мен қажетті қорының болуы тиісті жағдай болып саналады [132].

Е.П.Торренс конвергентті және дивергентті ойлау түрлері бар дейді. Конвергентті ойлау қабілеті бар адамдар бір ғана жауапты талап ететін сұраққа өте жақсы жауап беріп, қабылдаған ақпаратын өзгертпеуге тырысады. Қабілеттің бұл түрі сауалнамалар, зияткерлік тесттердің кейбір түрлері немесе бірнеше жауабы бар тестер үшін, яғни бір ғана нақты жауапты талап ететін жағдайларда жарамды. Дивергентті ойлау қабілеті бар адамдардың мықты жағы мәселені шешудің сан түрлі нұсқаларын ұсынудан көрінеді. Ол үшін олар жағдайлардың өрбуі мүмкін жоспарының бірнешеуін ойластыру қажет. Бұл уақыт пен мүмкіндіктерді кеңінен қарастыруды талап етеді [133].

Дарынды балалардың тағы бір ерекшелігі заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс пен қатынасты қабылдай алу қасиеті. Олар жағдайлар арасындағы күтпеген, тосын байланыстарды көреді. Бұл байланыстар көбінесе шығармашылық пен жасампаздықтың негізін қалайды. Мұндағы басты осалдық баланың бірегей көзқарасының оны бұған дейінгі зерттеп, айқындалмаған өріске жетелеуі. Өмір даналығы мен тәжірибесі көрсеткендей, жана белестер орынсыз, мәнсіз және қауіпті болуы мүмкін.

Дарынды балалардың мықты жақтарын сөз еткенде оның әзілді дұрыс түсіне алуын да айта кеткен жөн, өйткені бұл қасиет балаға аталған қиындықтар мен қауіптерден өтуге көмектеседі. Олар көп нәрсені көреді, олар жүйрік ой-қиял мен жоғары белсенділікке ие, сондықтан олар өзінің айналасынан ебедейсіз әрі күлкілі заттарды көп байқайды.

Дарынды балалар мінез-құлық түрлерінің бір қалыпты жиынтығына ие болады, сондықтан олардың өз құрдастарымен, мұғалімдермен, тіпті өз отбасындағы адамдармен ортақ тіл табысуы қиынға соғуы әбден мүмкін. Дарынды адамдардың жағымсыз жақтарының бірі - әңгімелесіп жатқан адамның сөзін бөлу. Мұндай «сөзді бөлетін» уақытынан бұрынғы жауап әңгімелесіп жатқан адамның сөзін қабылдаудың қалыпты жылдамдығының көрінісі болып табылады. Дарынды балалардың танымдық қасиеттері әдетте олардың қарым-қатынас заңдылықтарын түсінуінен әлдеқалай алда болады, мұндай да ақылды әрі қамқоршы ересектердің еңбегі өте зор. Егер мұғалім мен ата-анасы, тіпті тек ата-анасының өзі ғана десек те болады, мұндай мінез-құлықтың негізі альтруизм мен баланың өзіміздігінен туындағанын түсінетін болса, балаға бұл мәселені шешуде көмегі тиетіні сөзсіз [134].

Дарынды балалар әділдік, жақсылық, мейірбандық сияқты абстрактілі түсініктерді ақыл-ойымен қабылдаса да, нақты өмірде оларды дұрыс қолдана алмайды. Ата-анасы балаға осындай тамаша түсініктерді біздің күнделікті өмірімізбен байланыстыруға көмектесуі керек.

Осылайша, дарындылық үлгісінің жалпы қорытындысын жасай отырып, дарындылықты зерттеуде үлкен әрі мазмұнды жағынан бай мәліметтердің жиналғанын айта аламыз. Теориялық талдаулар негізінде біз, «дарынды бала» ұғымына: **«Қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін біртұтас құрылым»** деген анықтама беруді жөн көрдік.

Бұл ретте, жас ерекшеліктерін, арнайы жағдайлар мен әлеуметтік ортаны (оқу, жанұя, адамдармен қарым-қатынас, әлеуметтік-мәдени орта т.б.) ескермей оның ашылуы мен сәтті дамуы мүмкін емес.

Осылайша, «дарынды бала» мәселесі ересек адам дарындылығымен салыстырғанда бала жасының ерекшелігіне байланысты. Ғалымдардың дарындылық ұғымына берген анықтамалары және бала бойындағы дарындылық қасиетін дамыту жөніндегі көзқарастары өз кезегінде іске асып, көптеген зерттеу жұмыстары атқарылып жатыр.

Сонымен тараушаны қорыта келе, біз бастауыш сыныптағы дарынды балалардың өзіндік ерекшеліктеріне тереңірек тоқтала отырып, соның ішінде дарынды баланың құрылымы бойынша беріліп отырған сапалық қасиеттерін талдай отырып, дарынды бала ұғымы нақтыланды.

1.3 Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің қағидалары

Педагогика, әлеуметтану және психология ғылымдары дарынды баланы тәрбиелеуде адамды туғаннан қартайғанға дейін оған тек әлеуметтік орта және табиғат қана емес, барлық қоршаған орта әсер етеді деп дәлелдейді. Сондықтан бастауыш мектептегі тәрбиені отбасынан және қоғамнан бөлек қарастыруға болмайды. Отбасы, мектеп – негізгі тәрбие көздері. Мектеп тәрбиешісі отбасы тәрбиесінің ықпалын есепке алмай жұмыс жасай алмайды. Ол тәрбие үрдісін тиімді іске асыру үшін оқушыға микроортаның және макроортаның тигізетін әсерін қарастырып, отбасының өзара әрекеттестігіне назар аударуы керек.

Сондай-ақ, Білім заңының 49 бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар» және олар «балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті», - деп [1,226.] көрсетіліп, жас ұрпаққа тәрбие, білім беру үдерісінде қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеген. Бұл нұсқау оқушылардың білім, тәрбие сапасын арттырудағы мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қажеттігін ашып көрсетеді.

Адами капиталды дамыту еліміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында жоғары басымдыққа ие. Қазақстанда жас өркеннің талап мүддесіне жауап беретін мүмкіндіктерін қалыптастыру, тұлға әлеуетін дамыту, ой еркіндігі, инновациялық жобаларды жүзеге асыру, шығармашылығын арттыруда сынып жетекшісімен ғана шектелмей, отбасымен ынтымақтастықта жүргізілуі қажет. Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы ұрпағының келешегіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, тағылымды ұрпақ тәрбиесіне мән беруді қолға алады. Осы орайда өскелең буынды заман талабына сай жетілдіру, отбасы мен мектеп, ұстаз бен ата-ана, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жайлы мәселе қашанда өзекті болмақ. Өйткені баланың дүниетанымдық көзқарасы, адами құндылықтар жайлы білімі тек ата-ананың таным түсінігі мен саналы іс-әрекетін зерделей келе қалыптасады.

Қазіргі отбасы - баланың денсаулығын сақтау, оларды тәрбиелеу, құқықтық және моральдық тұрғыдан жауапкершілігі бар институционалдық бірлік ретінде зерттеледі. Бала тәрбиесінің негізі - бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана - баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті.

Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция» (1995), Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» (2011), «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сияқты құжаттар дәлел бола алады. Ал ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуы олардың қоғам алдында өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады. Сондықтан да баланы жағымды ортада тәрбиелеу мен оқыту қазіргі таңдағы ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Мұғалімдер мен ата-аналар баланың мінез-құлқын қалыптастыруда балаға ең бастапқы дұрыс дегендерін түсіндіріп, баланың талабы мен оның қолынан келетін іс-әрекетке теңдей көңіл бөлуі қажет, өсіп келе жатқан баланың жеке тұлғасының басқа да маңызды қасиеттерін де атап өтуді ұмытпағаны жөн.

О.Конт қоғам өмірін ұғынып, түсіну үшін, алдымен отбасы құрылымына назар аудару керек деп есептеді. Ол отбасын ұрпақ сабақтастығын, әрбір жаңа ұрпақты өмірге бейімдеп, қалыптастыратын, тәрбиелейтін кішкентай қоғам деп таныды. Отбасы О.Конттың пікірінше, өнегелік үлгісі бойынша қоғамды орнықтыратын негізгі элемент, әлеуметтік өмір мектебі [135].

Отбасы жеке дара институт ретінде қарастырғанда, алдымен, оның күнделікті өмір сүру қалпы, әл-ауқаты, тұрмыс жағдайы, балаларына, ата-аналарына қамқорлығы, қоғам ағымымен үндестігі, мақсат-мүдделері, арман-тілектері зерделенеді. Отбасы қоғамдық құрылымның негізгі, бастапқы даму, қалыптасу нүктесі, ұстамды тұғыры, шағын әлеуметтік ұясы.

А.Ж.Сқақованың пайымдауынша, отбасы өз құрылымына физиологиялық үрдістермен қатар психологиялық қалыптарды, мәдени құндылықтарды,

нарықтық және өндірістік-экономикалық қатынастарды, демографиялық өзгерістерді, әлеуметтік институттарды тағы басқа да әртүрлі компоненттерді біріктіреді, - деп беріледі. Одан көретініміз, отбасы әлеуметтік-психологиялық топ ретінде зерттеуде жеке тұлғамен қоғамның байланысы тұлғааралық қарым-қатынас деңгейінде қарастырылады [136].

Белгілі болғандай, отбасы - өскелең ұрпақтың әлеуметтенуінің негізгі институты. Ол балалардың, жеткіншектердің, жасөспірімдердің жеке дамуы мен ортасын көрсететін отбасының нақты бірқатар сапаларын анықтайды. Бұлар келесідегідей:

-демографиялық – отбасының құрылымы (үлкен, басқа туған-туыстарын қосқанда немесе ата-ана және баласын қамтитын орта; толық немесе толық емес отбасы, бір балалы, аз немесе көп балалы);

-әлеуметтік мәдениеті – ата-анасының сауаттылық деңгейі және олардың қоғам өміріндегі қызметі;

-әлеуметтік-экономикалық – ата-аналардың жұмыстан қолын босата алмауы, мүліктік сипат;

-техникалық-гигиеналық – күн көріс жағдайы, үй жабдықтары өмір сүру үлгісінің ерекшеліктері болып саналады.

Біздің ойымызша, бүгінгі күндегі отбасы бұрынғы уақыттағы отбасынан мүлдем өзгеше. Ол тек экономикалық тұрғыдағы өзгерістер емес, отбасындағы эмоционалды-психологиялық қызметтің түбегейлі өзгерістерімен ерекше.

Отбасындағы ата-аналар мен балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен көзқарасы соңғы уақыт ішінде үлкен өзгеріске ұшырауда. Олар бір-біріне деген сүйіспеншіліктің тереңділігімен анықталып, эмоционалды-психологиялық күйі одан әрі күшейе түсуде, яғни дарынды балалар ата-аналарының өмірінің негізгі құндылығына айналған. Оған оның өз себептері бар. Олардың бірнешеуін атап өтсек:

Біріншіден, отбасы баланың ақыл-ой дамуында жетекші рөлге ие. (Америкалық зерттеуші Блум сәтті құрылған отбасындағы баланың ақыл-ой дамуы мен сәтсіз құрылған отбасындағы баланың ақыл-ой дамуы арасындағы айырмашылық коэффициенті 20 ұпайды құрайды делінген). Сонымен қатар дарынды балалардың оқуға деген қарым-қатынасына әсер етіп, оның жемісті болуына себепші болады. Әлеуметтенудің барлық кезеңдерінде отбасының білім беру деңгейі оның мүшелерінің қызығушылықтары баланың ақыл-ойының дамуына ықпал етіп, ол сол ортада мәдениетті қандай деңгейде игерсе, кейін өз бетімен білім алуы да соған байланысты болады.

Екіншіден, отбасының адамның әлеуметтік нормаларды игеру жолында алатын орны үлкен. Әсіресе, отбасы рөлдерін анықтайтын нормалар жайында сөз болғанда отбасының берер әсері өзекті бола түспек. Оның ішінде көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, ерлі-зайыптылардың талғамы, қарым-қатынасы бала күнінде әке-шешесінің үйінде көрген тәрбиесіне қатысты екен.

Үшіншіден, отбасы баланың әлеуметтік және халықаралық қарым-қатынаста көрінетін оның өмір сүру стилін, өмірлік талпыныстарын, жоспарларын, қабілеті мен жетістіктерін анықтайтын бағыттылық құндылықтарын қалыптастырады.

Төртіншіден, отбасы баланың әлеуметтік даму үдерісінде де үлкен рөл атқарады. Себебі адамның өмірінде кездесетін қиындықтар, кикілжіңдер, әр жас кезеңдерінде болатын дағдарыстар барысында қолдау көрсететін де отбасы болып табылады. Сонымен қатар отбасының атмосферасы мен құндылықтары оның мүшелерінің өзін-өзі шынайыландыруына ұйытқы болады.

Отбасы тәрбиесі туралы ата-анаға арналған сөздікте: «Отбасы тәрбиесі» дегеніміз - «Ата-ананың бірлесіп әрекет етуі - бұл отбасы тәрбиесінің заңы. Әке мен шеше – баланы отбасында тәрбиелеудегі негізгі тәрбиелеушілер, сондықтан бұлардың тек бірлесе отырып әрекет етуі қажет. Бала тиянақсыз, ойдағыдай беріліп жұмыс істей білмейтін болса, мұғаліммен немесе сынып жетекшісімен ақылдасып, бұл кемшіліктің одан әрі қарай дамуына жол бермеуге шара қолдануы қажет. Ата-ана ынтымақтаса әрекет етсе, балаға әсер етулері бұрынғыдан да бірнеше рет өсіп отырады. Егер ата-ана өз балаларының тәрбиесі үшін шын мағынасында қам жейтін болса, олар өзара келіспеушілікті оңай жеңе отырып, бір пікірге келіп, бірлесіп әрекет етеді», -деп түсініктеме берілген [137].

Отбасы өмірге бейімделу үрдісінің аралық буыны емес, баланың өз үйі ата-анасының шексіз махаббаты мен жылуына бөленетін жалғыз жер. Ата-анасы баласының жеке тұлғасының барлық жақтарын дұрыс қабылдап, оның қуанышы мен бақытсыздығын бірге бөлісетін болса, баласы бақытты әрі өмірге жақсы бейімделген болып өседі. Алайда баланы өмірге өзінен артық ешкім бейімдей алмайтынын да айта кеткен жөн. Баланың өз бойында талап пен қабілетін ашуы туралы бұған дейін айтып кеткен болатынбыз.

Әдебиеттерге сүйенсек, отбасы – адам тұрмысын ұйымдастырудың қайнар көзі, некеге немесе қандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын топ. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланысты болғанымен, отбасы – қоғамдық өмірмен салыстыра қарағанда адамдардың биологиялық жағынан ең жақын, өз алдына дербес те сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани үдерістермен сипатталады.

Сонымен қатар, М.С.Каган өзінің отбасы жайлы зерттеулерінде: Отбасының құрылымы оның ішкі элементтерінің тұрақтылығымен анықталады деп көрсетеді. Сондай-ақ, отбасы қоғамдық ортада алатын орнымен ерекшеленеді: «Өйткені ол шағын әлеуметтік құрылым бола тұрып, басқа топтар, институттар, мекемелер т.б. өз бетінше экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынасқа енеді» делінген [138].

Сондай-ақ, Блумның зерттеген отбасыларының кейбіреулерінде ата-аналар баланың талаптарына көңіл бөлмеген жөн деп санайды. Америкада кеңінен таралған антиэлитарлық ойлар нәтижесінде орта және төменгі топтағы ата-аналар балаларының ақыл-ойы дамыған дарынды деп есептелуіне сақтықпен қарайды. Мұндай ата-аналар баласының бірегейлігіне аса көңіл бөлмей, олардың ерекше қабілеті туралы айтудан қашады [139].

Мұндай жағдайда бала да басқалар сияқты болуым қажет деп ойлайды. Дарынды баланың бойындағы ерекше қасиеті, оны пайдалану мүмкін екендігі немесе мүмкін еместігі баланы жаңылдырады. Осылайша өзінің жеке тұлғасын

ашқан бала өзінің ішкі дүниесін ұғына алмай, үлкендердің ақылы мен колдауына ие бола алмай дал болады.

А.О.Пинт: «Ата-аналар балаға жақсы тәрбие беру үшін оның мінез-құлқындағы әрбір ұсақ-түйек өзгерістерді байқап білуге қабілетті болуы керек. Педагогтар секілді кез-келген ата-анаға да *педагогикалық такт* өте қажет. Олар балаларын суықтап қалудан немесе әртүрлі ауруға шалдығудан қорғап, алдын алып жүреді де, дөрекі сөздері мен әрекеттері арқылы олардың жүйке жүйесіне кері әсер ететінін ескере бермейді», - дей келіп, бала тәрбиесінде ата-аналардың бойында *педагогикалық байқағыштық, педагогикалық елестету, педагогикалық такт және ұйымдастырушылық қабілеттердің* болуын ұсынса [140], О.Р.Кунц: «Жақсы адам, тек оны дұрыс тәрбиелегенде ғана қалыптасады», [141] - деп дұрыс тәрбиелеу үшін ата-аналардың мынадай алты жағдайды ескеруі керектігін айтады:

- білім;
- отбасы ахуалы;
- педагогикалық такт және талап қоюшылық;
- ата-аналар мен балалардың идеялық тұлғасы;
- ата-аналардың әрекет бірлігі;
- ата-ананың баланың педагогтарымен жиі қарым-қатынас ұстауы.

Ата-ананың өздігінен білім алуы жөнінде С.Қалиев «Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру жөніндегі мектеп жұмысының жүйесі педагогикалық білім беруді отбасындағы ата-аналардың өздігінен алуға басшылық жасауымен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ұжымдық, топтық және жекелей түрлерімен ұштастыруға, ата-аналарға құрмет пен талап қоюға, оңды тәжірибеге сүйенуге негізделеді», - деп айтқан болса [142], ал Ш.А.Алтынбай «Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары» атты еңбегінде: отбасының қызметі - ерекше қоғамдық құбылыс ретінде оның ішкі құрылымынан келіп шығады. Өйткені, оны отбасының жеке мүшелерінің әрқайсысының мүдделері, қажетсінулерінің, жалпы отбасының мүддесі мен қажетсінулерінің бір-біріне сәйкес келуінен көруге болады,- деп түсінік береді [67,89б.].

Қ.Т.Әтемованың пікірінше, отбасы баланың өмір жолын бастайтын және қоршаған орта туралы тиянақты да терең әсер алатын ұжымы екенін, соның негізінде білім, әдет, мінез-құлықпен өмірге деген көзқарастың қалыптасатынын нақты дәлелдеп көрсетеді. «Отбасында балалар мен ересектер де тәрбиеленеді. Әсіресе отбасының ықпалы жасөспірімдерге ерекше әсер етеді. Сондықтан отбасының тәрбие берушілік қызметі үш аспектіден тұрады:

- Бірінші – баланың жеке басын қалыптастыру, оның қызығушылығы мен қабілетін дамыту;

- Екінші – үйдегі әрбір адамның жеке басына отбасы ұжымының үнемі жүйелі түрде тәрбиелік ықпал етіп отыруы;

- Үшінші – отбасындағы балалардың үнемі ересектердің өздерін-өздері белсенді түрде тәрбиелеп отыруына мәжбүр ететіндей әсер етуі» бұл айтылғандардың барлығы дерлік өмірлік тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады дейді. Олар: өмірге ғылыми көзқарас, еңбекке деген жоғары

адамгершілікті қарым-қатынас, достық пен бауырмашылдық сезімін ояту, қоғамдық мінез-құлық талаптарын сақтай білу, интеллекттік, эстетикалық дамуды дене жағынан дамумен ұштастыру, денсаулығын сақтау мен санитарлық-гигиеналық білімін жетілдіру секілді қоғамнан алған өмірлік тәжірибелері болуы мүмкін [69,84б.].

Ендеше, дарынды балалардың ерте дамуын ескере отырып, бұл ретте ата-аналардың алдында тұрған міндеті – бала үшін дер кезінде дұрыс мезетті, дұрыс сөздерді, дұрыс үлгіні табу. Мұндай қарым-қатынас тек сөз арқылы ғана емес, сондай-ақ, баланың айналасындағы басқа адамдардың баланы қабылдауы мен оған деген қатынасы арқылы жүзеге асады.

Баланың таным үрдісі қабылдау мен тәжірибенің барлық жиынтығын қамтиды. Ата-ана баламен сөйлесіп қана қоймай, өздерін баланың құндылықтар жүйесі туралы түсінігін нығайтатындай, өзіндік танымның негізін қалай алатындай болуы шарт.

Қоршаған ортаны зерттеу барысында бала өзінің шынайы өмірде нені істей алатынын немесе нені істей алмайтынын біледі, ал айналадағылары әр түрлі жолдармен оның бұл жетістіктерінің қаншалықты құнды екенін көрсетеді. Жеке тұлғаның мінез-құлқын алынатын нәтижелер айқындайды. Бұл нәтиже ішкі немесе сыртқы, алғашқы немесе екінші, материалдық немесе рухани, сондай-ақ, қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін, әртүрлі психологиялық теорияларды жақтаушыларға байланысты. Адам кез-келген жаста мінез-құлықтың ойдағыдай жағымды әсері бар түрлерін жалғастырып дамытса, мұндай әсерлер сүйіспеншілік қасиеттерге тәрбиелейді.

Отбасының бала қабілетінің артуына ықпалы жөнінде ағылшын психологы Д.Шаттлеворт келесідегідей қорытынды жасаған: - ақыл дамытушы жағдаяттардың 64% нәсілдік ықпалдан;

-16% - отбасы жағдайлары деңгейінің айырмашылығынан;

-3% - сол отбасындағы балалардың тәрбие айырмашылығынан;

-17% - аралас жағдайларға байланысты (нәсілдіктің ортамен бірлікті әсерінен) [143]. Бірақ нәсілдікпен берілетін қабілеттер емес, тек нышандар ғана.

Баланың бірегей қабілетіне деген үздіксіз назардың өте жоғары ұлғаюы нәтижесінде баланың өзіндік қабылдауы мақтан тұтқан ата-ананың күткеніндей болмай шығуы мүмкін. Көбінде баласының дарыны ата-ананың көзін байлайды. Мұндай жағдай дарынды музыканттар, спортсмендер мен зиятты дарынды адамдар отбасында болған еді. Кейбір ата-аналар баласының бойынан қандай да бір талаптың белгілерін іздеп, сол белгілерді асыра бағалауға бейім. Өз бойында белгілі бір талабы бар немесе қызықты бір әуестігі бар ата-аналар әдетте оған көп көңіл бөліп, баласында да сондай талаптың болуын, өз әуестігіне оның да қызығуын талап етеді. Жеке тұлғалық факторлар мен жанұялық қызығушылықтар мен әуестіктердің алуан түрлілігінің салдарынан бір отбасындағы балалар ата-аналары үшін басты нәрселерді әр түрлі – оң да, теріс те қабылдайды.

Отбасында баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін негізгі әлеуметтік – экономикалық және мәдени – тұрмыстық ахуалы. Осыған байланысты орта мектеп мұғалімінің негізгі мақсаты - өмір сүру қажеттілігіне сенімділігі бар

баланы тәрбиелеу. Оқушының туған жеріне адалдығын сақтап, қоршаған ортаға белсенді араласып, жалпы мәдени дамытып, білімге деген ынтасын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, болашақта дарынды баланы үлкен ортаға бейімделу болып табылады.

Отбасы іс-әрекетінің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (адамгершілік, ұлттық, отансүйгіштік, дене, еңбек, эстетикалық, т.б.) байланыстылығын күшейту. Осының нәтижесінде олардың кешенді түрде мақсаттары және міндеттері жүзеге асады.

А.Г.Харчев отбасылық тәрбие ықпалын тұрмыстық береке, бірлік және жауапкершілікпен байланыстыра отырып, әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қарастырған.

«Отбасы» түсінігін және оның мектеп оқушылары салауатты өмір салтын қалыптастырушы негізгі қызметтерін қарастырсақ. Әлеуметтік – психологиялық құндылықтар және тұрғылықты халықты көрсету критерийлерін көрсетуші отбасы анықтамалары арасында, А.Г. Харчев: «Отбасы ата – аналар мен балалар арасындағы өзара қарым – қатынасты тарихи нақты жүйе, мүшелері неке немесе ата – аналық байланысы бар кіші әлеуметтік топ, қоғам талабына сай физикалық және рухани өмірімен шартталған әлеуметтік қажеттілік» деп түсіндіреді [144].

В.А.Сухомлинский мектептің отбасымен ынтымақтастықтың маңыздылығына ерекше назар аударып: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін», - дейді [145]. Ал бірлік деп, адамдар арасындағы ынтымақтастықтың, үйлесімді тіршілік әрекетінің көрінісін айтамыз. Бірлік белгілі топ, ұжым, халық немесе жалпы адам баласының мақсат, мұрат, мүдделер тоғысынан туындайтын әрекет. Тұлға мен ұжымның арақатынасын, тіршілігін түзуші мектеп ұжымы үшін бірліктің маңызы зор.

Дарынды баланың мектепте және отбасында даму кезеңін қай жағынан алып қарасақ та, оған үлкен әсер беретін ортасы отбасы мен мектеп екеніне көзіміз жетеді. Сондықтан оның бірнеше аспектілерін алып қарасақ: біріншіден, дене, ақыл-ой және эмоционалды дамуын қамтамасыз етеді.

Ұйымдастырушылық орталық ретіндегі мектеп іс-әрекетінің негізгі бағыттарының бірі мектеп пен отбасы күшін біріктіру болып табылады. Бұл іс-әрекеттің өзіндік ерекшеліктері:

- 1) педагогикалық үдерістің объективті заңдылықтарын білумен;
- 2) қазіргі кездегі мектептің әлеуметтік функцияларын нақты білумен;
- 3) отбасы ерекшеліктері мен қазіргі тенденцияларын білумен;
- 4) мұғалімнің ата-аналармен, қоғамдық мекемелермен жұмыс істеуге практикалық дайындығы болуымен анықталады.

Мектеп пен отбасы тәрбиелік іс-әрекетінің бірлігі білім беру жүйелеріне қойылатын бірқатар талаптарды қанағаттандыратын мектептің жүйелі жұмысымен айқындалады. Мұндай талаптарға: ғылыми негізділік, шығармашылық ізденіс, отбасылық тәрбие нәтижесіне жауапкершілік пен қызығушылық, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін мақсатты және жүйелі қалыптастыру .

Мектеп білім беру мекемесі ретінде үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруда негізгі тәрбиелік жұмыстарды атқарады және жетекшілік жасайды. Мектеп отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейтеді; тәрбие үдерісіне қатысушы қызметкерлердің педагогикалық дайындығын қамтамасыз етеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің әрбір сатысында туындайтын психологиялық ерекшеліктерді (бастауыш сыныптан орта буынға көшу кезіндегі бала адаптациясы, орта буындағы психологиялық дағдарыс, негізгі сатыдағы кәсіби бағдарды таңдауы) ескере отырып, сынып жетекшісі психодиагностикалық әдістерді ата-ананың көмегімен жүргізгені дұрыс. Демек, сынып жетекшісінің ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеу қажеттілігінің мазмұны заман талабына сай құрделене түседі. Осы тұрғыда келесі міндеттер айқындалады:

- тұлғаның психологиялық және физиологиялық денсаулығын дамытуды ескеру;
- баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету;
- әр баланың тұлғалық ерекшеліктерін ашып көрсетуде және оны дамытуда көмегін тигізетін жаңа жолдар мен құралдарды іздестіру;
- ата-аналарды педагогика-психологиялық білім негіздерімен қаруландырып отыру (ата-аналар конференциясы, әңгімелер, сұрақ-жауап, консультациялар).

Ынтымақтастық жайында ғылыми тұжырымдардың дамуына жаңашыл педагогтардың қазіргі заманның талабына сай жаңа педагогикалық ізденістері ықпал етті. Олардың ішінен Ш.А.Амонашвилидің ынтымақтастық педагогикасы идеясын, ондағы «тәрбие үрдісінің барлық саласында әр баланың жеке басына құрметпен қарау» дегенді атауға болады [146].

Дарынды баламен әңгімелескенде мұғалім мен ата-ана баланың белгілі бір мінез-құлқына әсер ететін жағдайды да міндетті түрде ескеруі тиіс. Көбінесе дарынды бала бір нәрсені үлкен ағасы немесе әпкесіне қарағанда тезірек және жақсырақ істейді. Бұл олардың наразылығын тудырады. Балаға әр адам әр түрлі заттарды өзінше игереді, ал ол басқаларға қарағанда бәрін тез және жақсы түсіне алатын ерекше қабілетке ие, махаббат пен мейірімнің арқасында ол басқаларға шыдамдылықпен қарауды үйренеді дегенді түсіндіру керек. Оны өзі сияқты әр істе жылдамдық танытатын балалармен таныстыру қажет. Басқа балалардың – оның құрдастары мен жолдастарының бойында да бірегей қасиеттер бар екенін түсінгенде ғана бала өзінің дарындылығын қабылдайды.

Б.А.Тұрғынбаева өзінің ғылыми еңбегінде баланың дарындылығы мәселесіндегі шығармашылық қабілетті дамытуға кері әсер ететін әлеуметтік кедергілерге төмендегідей: баланың сүйікті ісімен айналыса алмауы, оған әлеуметтік жағдайдың болмауы, араласатын достары арасында, отбасында шығармашылық ахуалдың болмауы жатады, - деп талдау жасаған [147]. Демек, ата-ананың педагогикалық, психологиялық білімін ұстаздар жетілдіре отырып, мектеппен ынтымақтаса келе бала дарындылығын дамыту жүйелі жұмыс жасауды қажет деп таниды.

Ынтымақтастық - ата-аналар мен балалардың жеке деңгейдегі

әрекеттестігі; бұл жағдайда балаға сүйіспеншілік, сыйластық және балаға талап қою тепе-теңдігі орын алады.

Осы орайда ынтымақтастық мәселесі жайында Н.И.Дереклеева: «Ұстаз, оқушы ата-ана, т.б. бірлігіндегі іс-әрекеттің өзіндік ережесі бар. Біріншіден, бірлік кезіндегі қарым-қатынасқа немқұрайлы қарамау. Екіншіден, бірліктің мақсаты үлкеннің де, баланың да қызығушылығын, құштарлығын оятуы тиіс. Үшіншіден, бірліктің шешім қабылдауға, көмекке бағытталуы. Төртіншіден, бірлік кезіндегі қарым-қатынастың болуы, бесіншіден, бірлік жетістікке жетуге жағдай жасауы тиіс», - дейді [148].

Ендеше, ата-ана тек сынып жетекшісімен қызметтес болмай, сонымен бірге жалпы ұстаздармен де қызметтес болғаны дұрыс. Мұндай жағдайда бала туралы пікір алмасады, дұрыс мәлімет жинақтауға болады. Сынып жетекшісінің мақсаты - бала тәрбиесі мен білімін жетілдіру, іске асыру, ұйымдық қызмет атқару.

Дарынды балалардың қызығушылықтары сан алуан. Олар бір уақытта бірнеше істі қатар бастап, тым қиын мәселелерді шешуге кірісе алады.

Отбасы мен мектеп ынтымақтастықта дарынды баланың іс-әрекеттерін дұрыс нәтижеге жеткізуге тәрбиелеуде маңызды екі нәрсені ескерген жөн: басты нәрселерді айқындау және мақсатты дұрыс қоя білу.

Ынтымақтастықтың алғашқы сатысы әрбір отбасындағы оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу үшін сынып жетекшісі оларды зерттеп білу қажет. Оларды зерттеп білу, сынып жетекшісінің өз қызметін ойдағыдай атқарудың басты шарты. Сынып жетекшісі балалар туралы мынадай мәліметтерді білуі қажет:

- оқушының денсаулығы;
- отбасындағы тұрмыс жағдайы;
- ішкі жан дүниесі, рухани байлығы;
- мінез-құлқы, темпераменті, қабілеті, еркі, зейіні, т.б.
- ата-ана, үлкендермен, құрбыларымен қарым-қатынасы;
- әдептілігі, адамгершілігі;
- еңбекшілдігі;
- интеллектуалдығы;
- саяси сауаттылығы;
- эстетикалық талғамы.

Осы айтылғанның бәрін сынып жетекшісі педагогикалық зерттеу әдісін қолдана отырып жинақтайды. (бақылау, әңгімелесу, эксперимент, т.б.).

Мектеп пен отбасы ынтымақтастықта бала тәрбиелеуі соңғы жылдарда жазылған ғылыми зерттеу еңбектерінде білім беру сапасы отбасы мен мектептің әрекеттестігімен тығыз байланысты екені зерттеу нысанасына айналған. Мәселен, Г.К.Байделдинованың «Болашақ ұстаздарды отбасы мен мектептің ынтымақтастығын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-теориялық негізі», Қ.Т.Әтемованың «Оқушыларға гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы», А.А.Шарафдиннің «Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары», С.С.Қоңырбаеваның «Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары»

[149], Ш.М.Шүйіншинаның «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігінің педагогикалық шарттары», Г.Колесованың «Оқу-тәрбие жұмысының меңгерушісінің отбасы мен педагогикалық ұжымының өзара әсерін ұйымдастыру» атты ғылыми-зерттеу еңбектерінде бұл мәселе түрлі аспектілерде қарастырылған.

Отбасы мен мектеп ынтымақтастығында дарынды баланың бойында мынадай жеке қасиеттердің дамуына баса назар аудару қажет:

- Өзіндік құндылық сезіміне негізделген сенім.

- Өзінің және басқалардың бойындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді түсіну.

- Зиятты білім құмарлық және зерттеу тәуекеліне бару.

- Жақсылықты, адалдықты, достықты, жанашырлықты, шыдамдылықты, жан ерлігін құрмет тұта қарау.

- Өз күшіне сену әдеті мен өз ісіне жауапкершілікпен қарау.

- Кез келген жастағы адаммен, ұлт өкілімен, әлеуметтік-экономикалық және білім деңгейіне қарамастан ортақ тіл таба алу қасиеті.

Осы орайда М.А.Абсатованың сипаттауынша, баланың бойында төмендегідей әлеуметтік – психологиялық сапалар болуы керек:

- «адамдарды тани білу» біліктілігі (олардың психологиялық ерекшеліктерін, күшті және әлсіз жақтарын тез және дұрыс бағалай білу қабілеті);

- қарым – қатынасқа бейімділік (кішіпейілділік, адалдық, мейірімділік, адам бойынан жақсы қасиеттерді көре алуы, кемшіліктерге аса назар бөлмеу, қарым – қатынасқа тез түсу, такт, қарапайымдылық және қолжетімділік);

- бастамашылдық (баламен қарым – қатынасқа түсе алу, қалыпты мақсат қою, оларға жету жолын ұсыну, демеушілікті белсенді түрде қол жеткізу);

- көндіре алу, өз артына ілестіре алу;

- демократизм (өзін – өзі басқару мен педагогикалық ұжымда өзара әрекеттестікті белсенді ету біліктілігі, топшілік қарым – қатынас құру)[150].

Сонымен, жасы кіші дарынды балалар туралы айтып кеткеніміздей, олардың ақыл-ойының дамуы жылдам, ал эмоционалды және денесінің дамуы жасына сәйкес болуы мүмкін. Зиятты қабылдау мен аса жоғары сезімталдығының арқасында мұндай баланың адамгершілік жағынан дамуы да өз құрдастарына қарағанда өте жоғары болады.

Дарынды балалармен жұмыстың негізгі бағыты ретінде мыналарды қарастыруға болады:

а) мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жүйесі, ең алдымен, жалпы дамытпалы түрдегі балабақшалар, баланы дамыту орталықтары, оларда мектепке дейінгі баланың қабілетін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалған, сондай-ақ, мектепке дейінгі жастағы және бастауыш сынып жасындағы балаларға арналған оқыту мекемелері, бұлар мектепке барарда балалардың дамуының ортасы мен әдістерінің бірізділігін қамтамасыз ету;

ә) жалпы білім беретін мектептер жүйесі, олардың аясында дарынды балаларды жекелеп оқытуға жағдай жасау;

б) қосымша білім беру жүйесі, олар дарынды балалардың әрдайым өзгеріп тұратын жеке дара әлеуметтік-мәдени және білім алу қажеттіліктеріне жауап беріп, сабақтан тыс іс-әрекет аясында олардың қабілетінің ашылуына, оны қолдап, дамытуға жағдай жасау;

в) мектептер жүйесі (соның ішінде лицейлер, гимназиялар, жоғары дәрежелі қалыптан тыс білім беру мекемелері т.б.), олар дарынды балалармен жұмысқа бағытталып, жалпы орта білім алу барысында мұндай балалардың мүмкіндіктерін қолдап, оларды дамытуға жағдай жасайды.

«Тадбири манзел» атты еңбегінде Ибн Сина негізгі бөлімін «мектепте балаларды оқыту мен тәрбиелеу», - деп атаған [151]. Өз еңбегінде ғалым отбасындағы білім берудің негізін қалауға тырысты. «Егер отбасы балаға білім беру әдістерін дұрыс пайдалана алса, өз өмірінде бала бақытқа кенеледі», - деген сөзі келер ұрпақтарға өзінің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасымен құнды болып қала бермек.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында ынтымақтастық – түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі екендігін аңғардық. Ынтымақтастық қазіргі адамзаттық өзара түсінісуінің, ортақ мәселелерді біріккен әрекеттермен шешуге ұмтылуын, бейбітшілікті қамтамасыз етуінің негізгі формасы болып табылады. Ынтымақтастық педагогикасы – тұлғаның дамуында гуманизм қағидалары мен шығармашылық тұғырға сүйенген тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің өзіндік жүйесін көрсететін ХХ ғ. екінші жартысындағы отандық педагогикадағы бағыт.

Белгілі болғандай, ынтымақтастық педагогикасының негізгі идеялары анықталды: баланы жақын даму аймағында оқыту; қысымсыз оқыту; тірек сызба түрінде орналасқан белгілердің, кілтті сөздердің жиынтығы; озу идеясы; күрделі блоктар идеясы; тандау еркіндігі идеясы; диалогтық ойлау идеясы; зияткерлік фон классы идеясы; мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен қызметінің идеясы; бос уақыттағы еріктілік идеясы.

Ынтымақтастық педагогикасы келесідегідей іс-әрекеттер бойынша негізделеді: оқыту мұғалім мен оқушының шығармашылық өзара әрекеттестігі ретінде; қысымсыз оқыту; күрделі мақсаттар идеясы; тіректердің қолданылуы (тіректік дабылдар, сызбалар, бөлшектер); іс-әрекет өзіндік талдауы (топтық, жеке); зияткерлік класы; ұжымдық шығармашылық тәрбиелік қызмет; оқушылардың өзін-өзі басқаруының дамуы; мұғалімдердің бір-бірімен және ата-аналармен ынтымақтастығы [152].

Біз, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыруда бірнеше амалды сипаттауды жөн көрдік.

Жүйелілік амал. А.Н.Леонтьевтің зерттеулерінде психикалық іс-әрекеттің және мінез-құлықтың жүйелі қасиеттері жүйелілік көзқарасы арқылы талданады. Түрткінің жекелік ерекшеліктеріне байланысты адамдардың кез келген іс-әрекеті қайталанбайды және әр қилы болып келеді. Кеңестік психологиядағы тұжырымдамаларға сүйене отырып, жас кезеңдік дамуды баланың тұлғасына әсер ететін, мотивациялық-қажеттілік өзгерістері ретінде

қарастыруға болады. Түрткінің маңыздылығын ескере отырып, жас ерекшелік кезеңдерінің критерийлеріне бала әрекетінің еріктілік, саналылық деңгейі жататынын ұсынуға болады. Нақты іс-әрекетті орындаудағы мақсаты мен адекватты тәсілдерді таңдауы, әрекетті орындауда өзін-өзі бақылауға бағытталған қабілеттерімен анықталады. Түйсіктер мен қажеттіліктер жүйесін жүзеге асыру бала санасының және түсінігінің қалыптасуына жағдай жасайды. А.Н.Леонтьевтің зерттеуі бала әрекетінің дамуын әлеуметтік бейімделу мен мінез-құлықтың арнайы формалары ретінде көрсетеді [153].

Жүйе мағынасында «өзара байланыста қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы» түсіндірілетіні белгілі. Негізінен, жүйелілік амал педагогикалық құбылыстарды олардың өзара байланысы түрінде қарастыруға бағдарлайды. Бұл тұста жүйелілік амал барысында дарынды баланы отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында тәрбиелеу жүйесі өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Олар: дарынды балаларды тәрбиелеудің мақсаты, педагогикалық үрдіс субъектілері (мұғалім, ата-ана, дарынды бала), білім беру мен тәрбиелеу мазмұны (құзыреттілік, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі), дарынды балаларды тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру, әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры.

Жеке тұлғалық амал. Жеке тұлғалық амал дарынды балаларға деген құндылық қатынасты қалыптастыруға, баланың жеке тұлғалық қасиеттері мен даралығының өрістерінің (зияткерлік, түрткілік, көңіл күй, еріктік, пәндік зияткерлік, өзіндік реттеу) қалыптасуына негіз болатын тәрбиелеудің ерекше мазмұнын айқындауға жағдай туғызады.

Көпсубъектілі амал. Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуде әдіснаманың көпсубъектілі амалының маңызы ерекше. Олай дейтініміз, көзделген үрдіс субъектілері (дарынды бала, мұғалім, ата-ана) арасындағы қатынасты қарастыруға итермелейді. Себебі, дарынды бала, мұғалім және ата-ана қоршаған ортамен қарым-қатынас жемісі мен нәтижесі болып табылмақ.

Аристотельден бастап Ньютонның ашқан жаңалықтарынан кейін табиғат пен адам эволюциясы секірістерсіз, ауытқуларсыз, қайта оралуларсыз таусылмайтын себеп-салдарлық байланыстар тізбегі ретінде қарастырылады. Синергетикалық амал өзін-өзі басқару, ұйымдастыру, дамыту тұрғысынан қарастырылады. *Синергетикалық амал* - педагогикада қолданылатын өзін-өзі ұйымдастыру, өз білімін толықтыру және өзін-өзі жетілдіру әдістерін меңгеру болып саналады. Синергетика («синергия» грек тілінен аударғанда бірлесіп әрекет ету, ынтымақтасу), өзін-өзі жетілдіру үрдісін коммуникативтік тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Аталған үрдіс барлық элементтердің өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені олар: оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар т.б. топтар ақпаратқа ашық жүйелер болып табылады. Сондай-ақ дарынды баланы тәрбиелеудегі синергетикалық амалдың нәтижесі білім мен тәрбиенің мақсаттары мен мазмұнының өзгеруінде, жаңа парадигманың пайда болуында, ақпараттармен алмасу құралы ретіндегі жаңа технологиялардың қолданылуында басқару үрдісін синергетикаландыруда

көрінеді. Яғни синергетикалық амал педагогика ғылымында дидактикалық қызметте көрініс, дамыта оқыту технологиясымен тығыз байланыста қарастырылады. Синергетика термині өткен ғасырдың жетпісінші жылдары пайда болған. Жаңа бағыт үшін ұғым ретінде ғылымға белгілі неміс ғалымы Г.Хакен ендірген еді[154].

Педагогикалық жүйелер үшін синергетизм - бұл өзара дамушы кіші жүйелердің бойында жаңа құрылымдардың туындауына, энергетикалық және шығармашылық әлеуетінің артуына әкелетін және олардың дамудан өзін дамытуға көшуін қамтамасыз ететін кіші жүйелердің (оқыту мен оқудың, тәрбие мен өзін тәрбиелеудің) өзара ынтымақтасу түрі.

Н.Кузьмина «Адам өзін-өзі іске қосу барысында дамуға мүмкіндік алады, ол үшін әртүрлі дереккөздерден алынған білімді жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану үшін жүйеге келтіру, «кері байланысты» жүзеге асыру сияқты әрекеттер жасайтынын анықтаған» [155].

Сондықтан, кері байланыс рефлексияның негізін құрайтын бөлшегі ретінде келесі қадамға, ойға, әрекетке түрткі болуға бағыттайды. Білім алушы рефлексия арқылы әрекет тәсілін түсініп, мәселені саналы меңгере алады.

Рефлексия – білім беру үрдісі субъектісінің өзіндік талдауы, өзіндік бағалауы, білім алушының өз күйінің өзгерістерін тіркеуге даярлығы және қажеттігі, осы өзгерістер себептерін анықтауы.

Ғылымда рефлексия әлеуметтік жүйенің өзіндік сана жағынан түсіндірілуі, оның элементі мен даму факторы болып табылатындығы аталған, ал М.М.Мұқанов жүйенің интеллектісі бар ғана жүйе емес, сонымен әрекеттесетін жүйелерге әсер ететінің белгіледі. Мысалы, іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтаудан тұрады [156].

Рефлексияны адамның рухани әлеуетін ашу мен анықтаудың инновациялық жолдарының бірі деп тани отырып, Б.З.Вульфов [157] пен В.И.Харькин «Рефлексияны ешкім және ешнәрсе алмастыра алмайды» деген пікір білдіреді [158].

Рефлексиялық амал - кәсіби қалыптасу барысында туындаған қарама-қайшылықтарды анықтауға, өзін-өзі тану мен өзіндік қадағалау жүргізуге мүмкіндік береді. Рефлексиялық амал негізінде ата-ана мен мұғалім әріптестік таныта отырып, дарынды баланың оқу қызметі мен мінез-құлқына кәсіби түрде талдау жүргізуге дағдыланып, дарынды баланың өзін-өзі тануы мен түсінуі және басқа ортаның оның жеке тұлғалық танымдық мүмкіндіктерін, когнитивтік ой-өрісінің деңгейін сараптау жағдайы мүмкін болады.

Ғылыми тұрғыда рефлексия тек қана қабілет түріндегі үрдіс емес, құбылыс ретінде қарастырылады, соған орай оның келесі жіктеулері ұсынылады:

- жобалаушылық рефлексиясы - педагогикалық әрекеттерді үлгілеу, жобалауға, мақсат қоюға бағытталған;
- ұйымдастырушылық рефлексия - педагогикалық әрекетті, оның субъектілерінің конструктивті, өнімді қарым-қатынас құруға бағытталған;
- коммуникативтік рефлексия - педагог, ата-ана және оқушы арасындағы диалогті құруда маңызды жағдайдың бірі;

- мағыналы рефлексия - педагогикалық үрдіске қатысушылардың саналарына өздерінің әрекеттеріне мағына беруге бағытталған;

- ынталандырушылық рефлексия - педагогикалық әрекеттің бағытын, сипаттамасын, нәтижелілігін анықтайды;

- түзетушілік рефлексия - педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзіндік әрекеттерін жағдайға байланысты реттеуге бағытталған [159].

Зерттеу мәселесінде рефлексияны мұғалім мен ата-ананың бірлескен әрекетіне байланысты қарастырып, қабілеті мен мәдениеті ретінде қалыптасатын құбылысратын, сондай-ақ, үздіксіз жүріп отыратын үрдіс деген ой түйіндейміз.

Осы айтылған әдіснамалық амалдарға байланысты отбасы мен мектеп ынтымақтастығында дарынды балаларды тәрбиелеудің негізгі қағидалары шығады:

Дегенмен, біздің ойымызша, педагог пен ата-ана, бала бойындағы табиғи және әлеуметтік қалыптасқан мүмкіндіктерін дамыту мен көрсетуге деген ұмтылысын қолдау үшін, келесідей қағидаларды ұстануы керек:

- **ұмтылысты демеу және сенімділік қағидасы** – баланың өзін – өзі іске асыруы мен өзін – өзі тұрақтандыруға ұмтылысы, білім беру ортасындағы қарым – қатынасқа табысты түрде бейімделуі үшін керекті біліктіліктері мен ішкі тетіктерін қалыптастыруға көмек береді.

- **субъектілік қағидасы** - әлеуметтік тәжірибенің байытылуы мен қалыптасуына бағытталған;

- **шығармашылық және табыстылық қағидасы** баланың жеке ерекшеліктерін дамыту мен анықтауға мүмкіндік береді. Шығармашылық негізінде өз мүмкіндіктерін айқындап, өз тұлғасының күшті жақтарын біледі.

Жалпы айтқанда, қағидалар бізге, алға қойған мақсатқа жету жолын, алға тартқан нәтиже сипатын және қолданатын тәсілдер мен құралдардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Ал амал ғылыми әдіснамада өте жиі қолданылатын категория болып табылады, теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуде пайдаланылады.

Зерттеу барысында байқағанмыз, ынтымақтастық қарым-қатынас жүйесі көп аспектілі; бірақ онда маңызды орынды «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы алады.

Ынтымақтастық қызметі оқушы мен мұғалімнің тепе-теңдік жағдайында дамиды. Мұнда оқушы өзінің оқу қызметінің субъектісі болып табылады. Бұл технология арқылы ынтымақтастық ұжымның әкімшілікпен, мұғалімдермен және оқушылар ұжымымен, сондай-ақ қоршаған әлеуметпен – *ата-аналармен, отбасымен*, қоғамдық ұйымдар арасында туындайды.

Ынтымақтастықта тәрбиелеудің басты мақсаты – дарынды балалардың ішкі күштері мен сенім мен сыйластық қасиеттерін ояту, тұлғаны жан-жақты дамыту мақсатында баланың бар мүмкіндігін пайдалану. Бұл балада өзі туралы жағымды түсініктерге, ары қарайғы даму мен өзін-өзі жүзеге асыруға сәйкес келетін жағымды «Мен» тұжырымдамасын қалыптастырады.

Мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастық әрекетін ұйымдастыру жолдары: отбасының тәрбиелік мүмкіндігі мен күш қуатын айқындау

мақсатында зерттеу; отбасының адамгершілік бағыттылығына қарай оларды топтастыру; олардың бірлескен әрекеттерінің ағымдық және соңғы нәтижелерін талдау.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бірін-бірі толықтыруы, өзара хабарласа, келісе әсер етуі, ықпал жасауы.

Ал қарастырып отырған мәселенің – дарынды балаларды тәрбиелеуді ескере отырып, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жайлы сипаттаулардың негізінде біз келесі анықтаманы ұсынамыз: **отбасы мен мектептің ынтымақтастығы – сенім мен сыйластық, өзара қолдау мен көмек беру, бір-біріне деген төзімділік пен толеранттылық негізінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерінің ерте анықталуын қамтамасыз ететін, білімге құштар, шығармашыл белсенді балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін өзара әрекеттесудің табысты, мақсатқа бағытталған үрдісі.**

Дарынды балалар тәуелсіз, өзін-өзі басқару және өзін-өзі ретке келтіру сияқты қасиеттерді дамытуды қажет етеді: әдетте, мектеп олардың алдына күрделі міндеттер қоймайды, сондықтан мінсіздікке, кемеліне жету үшін олар өз күшіне сеніп, өз бетінше мақсат қоя білу керек.

Мұғалімнің жұмысының жемісті болуы оның жаһандық жеке тұлғалық сипаттамасына – өзі туралы, басқа адамдар туралы, өз жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсініктері ерекше мәнге ие болған көзқарастары мен сенімдерінің жүйесіне байланысты. Бұл қасиеттер адамдармен қарым-қатынас кезінде көрінеді.

Ата–аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- 1) Ата–аналармен тұрақты байланыс орнату.
- 2) Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
- 3) Ата–аналар ұжымын құру.
- 4) Ата–аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

Біз, қазір осы зерттеу жұмысы көлемінде отбасы мен мектеп ынтымақтастығы мәселесін, ерекшеліктерін, тиімді жолдарын түбегейлі шештік деп айта алмаймыз. Себебі, бұл мәселе әлі де тереңінен, және әр қырынан зерттеуді қажет етеді деп білеміз.

1.4 Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі

Жеке тұлғалық амал аясында зерттеушілердің басты назары дарынды балалардың түрткілік, зияткерлік, көңіл-күй, еріктік, өзіндік реттеу және өзге тұлғалық сипаттамаларына ауады. А.Адлер теориясында – өзіндік жеке олқысыздық сезімін жеңуге ұмтылу, ол дарынды шығармашыл нәтижеге қол жеткізуге алып келеді, - деген сипаттама береді [160].

К.Юнг пікірінше, адам өмірінің соңғы мақсаты – «Мен - тұжырымдамасын» толық іске асыру, бірегей, қайталанбас және толыққанды индивидтің қалыптасуы, тек бұл мақсатқа іскер, білімді және жеткілікті деңгейдегі өз бос уақытын ұйымдастыра алушы адамдар қол жеткізеді [161].

Психология ғылымындағы кейбір пікірлерде қабілеттілік, дарындылық барлық адамдарда туыла пайда болатын құбылыс деп анықталған. А.Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы тұжырымдамасына сәйкес жоғары деңгейде өзін-өзі белсенді ету қажеттілігі орналасқан, ол орташа адамдарда тек 10 % орындалады, бірақ дарынды адамдарда аштыққа, шөлге және өміріне деген қауіпке қарамастан басым болуы мүмкін деп сипатталады. Тек дарынды адамдар өз әлеуетін іске асыра алады. Көпшілік адамдардың өзіндік белсенділігіне өз әлеуетін білместігі, өзіндік жетілдірудің пайдалы жағын түсінбестік, мәдени және әлеуметтік орта белсенділігінің басып тасталуы, қорғану қажеттілігінің жағымсыз әсері болып табылмақ. Өсу үрдісі өз күшіне деген сенімділікті, жаңа идея мен тәжірибеге деген ашық болуды, бәсекеге бару және қателікке бой алдырмауды қажет етеді [162].

Біз, А.Маслоудың пікірінен, өзіндік белсенді етуші адамдар тура және шынайылықты нақты қабылдаумен: өзін-өзі қабылдауда, өзгелерді және табиғатты қабылдауда; қарапайымдылық және табиғилық, мәселеге деген орталықтану, дербестік – оқшаулану қажеттілігі; автономия – орта мен мәдениеттен дербес болу; қабылдау балғындығымен; қоғамдық қызығушылық; терең тұлғааралық қатынастармен; демократиялық мінез-құлықпен; құрал және мақсаттардың ерекшеленуімен; философиялық әзіл сезімімен, қарапайым өмірдегі шығармашылықпен ерекшеленетінін айта аламыз.

К.Роджерстің феноменологиялық теориясына сәйкес барлық адамдар туа өзін – өзі жетілдіру үшін шексіз әлеуетке ие, ал өмірдің басты түрткісі өзінің ең жақсы қасиеттеріңді белсенді ету болып табылады, бірақ ол үшін олар толыққанды қызмет ету мүмкіндігіне ие болуы керек. Адам мінез – құлқын түсінудің басты кілті оның жеке әлемі болып табылады, онда негізгі орынға бала кезден қоршаған орта негізінде қалыптасушы «Мен – тұжырымдамасына» ие болады. К.Роджерстің теориясынан, толыққанды қызмет етуші адамдардың бес негізгі тұлғалық сипаттамалары бар: уайымдауға ашық болу, экзистенциалды өмір сүру, өз Мен-іне сенім білдіру, эмпирикалық еркіндік және креативтілік. Мұндай шығармашыл тұлға дамуы үшін, шығармашылық өнім беріп және шығармашыл өмір құра білетін демеуші орта қажет. Білім берудегі амалдар осы идеяларға негізделген, ол дәстүрлі білім беру негізін баса алмағанымен оны ізгілендіруде түрткіге айналатындығынан тұжырым жасауға болады [163].

Ф.Гальтонның пайымдауынша, көптеген дарынды ғалымдар жауаптары негізінде дарындылыққа жағымды әсер етуді анықтаған, біздің ойымызша көп берілген білімнен, өзіндік жұмысқа деген сүйіспеншілік ояту әлдеқайда тиімді екендігін аңғарамыз [164].

Сана дамуының жоғары деңгейі дарындылықтың басты критеріі, әдетте мектепте сәттілік кепілдігін береді. Мұндай балалардың көпшілігі танымға деген айқын ұмтылыспен ерекшеленеді, олар ерте кезден өздігінше оқуды

игереді, есеп және одан да күрделі біліктіліктерді игереді, құрбыларын қолжетімсіз жердегі біраз білімдерді терең меңгеріп қызығушылық танытады, оқудағы озаттылығын көрсетеді. Мұндай білім алушылардың қарапайым оқушылармен салыстырғанда қамсыз және мүлдем қиындықсыз орта бейнесінің жалғандығын құрады. Дарынды балалар білім беру ортасында өзінің көптеген мәселелерін дербес шешіп, өзін – өзі басқара алу деңгейінде көрсете алады.

Бірақ та мұндай жағдайлар толық деңгейде баланың дарынының ашылуын қамтамасыз ете алуы мен олардың мүмкіндіктері, қажеттіліктерінің қаншалықты іске асуымен сипат алады. Дарынды бала қажеттіліктері дербес оқытуда, эмоционалды жайлылықта, өзінің дарындылығын қабылдауына және айқындауына көп жағдайда қанағаттанбайды. Бұл олардың дамуын тежейді, ол жалпы негізде бірден айқындалмағанымен, біршама нәтиже төмендеуінен кейін белгілі болады.

Дарынды балалар мектептен өзгеше жағдайда білім алу қажеттілігіне дәлел келтіргенімен, көптеген елдерде директивті білім беру басым, олар танымның заңдылықтарынан шығып, бала жеке даралығын ескермейді. Дарынды балаларға қатысты білімді кеңейту, жылдамдату, тереңдету немесе оқу пәндерін қиындату дұрыс, бірақ білім берудің ақпараттық ағыны субъектіге қатысты емес, орташа деңгеймен салыстырмалы түрде беріледі. Біздің пайымдауымызша, қоршаған ортадан бала әсерді қабылдау деңгейінің жоғары болуына байланысты, сондай-ақ ортаға сәйкес келу қажеттілігінің жоғары екендігімен ерекшеленіп, психогенетика ережелерімен сәйкестендіріледі.

Дарынды баланы оқытудағы қиындықтар олардың дербес зерттеулерге ұмтылысынан, әлем бейнесін тұтас қабылдаудан туындайды, себебі олар мектеп қабырғасында, әсіресе бастауыш сыныпта қанағаттану таппайды. Күрделі ақпаратты жеңіл меңгеру, күрделі мәселелі – заттық байланыстарды түсінуі және оларды жеке теориялар мен гипотезалар құруда пайдалануы қатаң жүйелі, бірізді, фрагментарлы, бірнеше мәрте қайталаудан өтуші ақпаратпен қарама – қайшы келе алады. Сонымен қатар мұндай бірсарынды мектеп жүйесі дарынды бала әлеуетін көтеруге кері әсерін тигізуі мүмкін.

Психологиядағы тұлға теорияларының бірі Л.С.Выготскийдің психологиялық-антропологиялық көзқарастары деп аталады. XX ғасырдың ортасынан бастап «адам биологиясы» деген атаумен біріктірілген пәндер кешені қарқынды дамыды(адам организмінің дамуына әсер ететін физиологиялық, биохимиялық, генетикалық факторларды зерттеу), яғни дарындылыққа әсер беруші факторларды анықтайды [165].

Гарри Стек Салливан - «психиатрияның тұлға аралық теориясы» деп аталатын жаңа тұжырымдаманы жасаушы ірі ғалым. Оның негізгі, маңызды қағидасы жеке адам - қайсыбір болжамдық мазмұн, мағына. Оның негізі - тұлға аралық қарым-қатынастар» - деп түсіндіреді. Яғни, жеке адамды нақты әлеуметтік ситуациядан тыс зерттеу мүмкін емес дейді. Г.С.Салливанның теориясында негізгі үш ұстаным болды: қоғамдық тіршілік ету ұстанымы, қызметтік белсенділік ұстанымы және ұйымдастырушылық ұстанымы. Бұл тұста біз, зерттеуіміздегі дарынды бала тұлғасы туыла берілмейді, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда болатындығын аңғаруға болады,

сонымен қатар, «тұлға - тұлға аралық қарым-қатынасты қайталаушы үлгі» болып табылады [166].

Субъектілі іс-әрекет тәсілінің негізін салушы С.Л.Рубинштейннің пікірінше, индивидуалдылық - бұл барлық сыртқы әсерлерді жоятын психикалық қасиеттер жиынтығы [167]. Ішкі шарттар жиынтығы ретінде ол бейімделу қасиеттер жиынтығына төмендегілерді жатқызады:

- жоғары жүйке іс-әрекетінің қасиеттері;
- тұлға бағдары;
- адам өзіне қоятын түрткілер мен міндеттер жүйесі;
- адам қылығымен шартталған мінез-қасиеттері, қабілеттер.

С.Л.Рубинштейннің пікірінше, барлық психикалық үдерістер тұлғада өтеді.

Абрахам Маслоу гуманистік «жағымды психоталдаудың» негізін салушылардың бірі. Оның теориясының алғашқы пункті - жан-жақты жетілген, кемелділікке ұмтылатын тұлға болып саналады. А.Маслоу өз тұжырымдамасын кез-келген мәдени институттарға (отбасы, мектеп және т.б.) қолдануға болатын өмірдің жаңа философиясы деп біледі [168].

Осылайша, дарындылық мәселесі ғылымның ең күрделі мәселелерінің бірі, оны зерттегенде білімнің әртүрлі салаларының кешенді тұрғыдан келуін талап етеді. «Дарындылықтың» жоғарыда айтылған және басқа да мәселелері, мамандардың, педагогтардың, психологтардың, ата-аналардың алдында тұрған міндеттердің кең ауқымы бұл саладағы зерттеулерде, айқындау мен тәжірибелік жұмыстарда ортақ ат салысуды, жұмыла кірісуді талап етеді.

Мамандардың ғылыми-педагогикалық дайындығының нәтижесін сол маманның өзінің кәсіби қызметін шебер пайдалануға даярлығы көрсетеді, оның кәсіби іс-әрекетінің жемісті болуы да осыған байланысты. Кез келген іс-әрекеттегі ата-ана мен мұғалім бірлігін қалыптастыру үшін ең алдымен оның теориялық үлгісін ашып алу қажет, яғни құрылысын, оның қалыптасу деңгейлерін, критерийлерін анықтап алу керек.

Педагогикалық үдерісті үлгілеу өте күрделі жұмыс болғандықтан, ол бірнеше кезең арқылы жасалады. Алғашқы кезеңде – болашақ модель негізі болатын зерттеушіні қызықтыратын нысан жайындағы тәжірибені зерделеу, терең талдау, болжам құру.

Екінші - зерттеу бағдарламасын құрып, соның негізінде тәжірибелік жұмыстар жасау, үлгіге өзгерістер енгізу кезеңі. Үшінші кезеңде - үлгінің соңғы нұсқасы жасалып, жүзеге асырылады.

Педагогикалық зерттеулерде үлгілеу дидактикалық мәселелерді шешуде табысты қолданылады. «Мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығында дарынды балаларды тәрбиелеу үлгісіне» көшпес бұрын, «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» ұғымын нақтылайтын зерттеулерді қарастырайық. Кәсіби дайындықтың басты факторы ретінде бұл мәселе психология-педагогика ғылымында кеңінен талқыланған, сондықтан біздің қазіргі міндетіміз сол зерттеулерге сараптама жасау емес, тек жалпы теориялық ережелерді ғана атап өту болып табылады.

Психологиялық зерттеулердің көбісінде (П.Я.Гальперин, М.И.Дьяченко, В.А.Крутецкий, Н.Д.Левитов, Н.В.Мясищев, К.К.Платонов, С.Л.Рубинштейн, Д.Н. Узнадзе, т.б.) мектеп пен отбасы ынтымақтастығының жағдайы нақты талаптарға сәйкес жеке тұлғаның жан-жақты дамуының нәтижесіндегі оның күрделі, тұтас көрінісі ретінде қарастырылады.

Жұмыстың жемісті болуы педагог пен ата-ананың кәсіби-жеке тұлғалық біліктілігіне байланысты. Дарынды балалармен жұмысы үшін мұғалім мен ата-ананың кәсіби біліктілігінің ең басты құрамдас бөлігі: а) жалпы кәсіби педагогикалық дайындығы – пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзыреттілігі ә) педагог пен ата-ананың кәсіби маңызы бар негізгі жеке тұлғалық қасиеттері.

Біздің зерттеу мәселеміздің төңірегінде үлгі деген мотивациялық, мазмұндық, және іс-әрекеттік сияқты үш компоненттің бірлігімен сипатталады, яғни әрбір адам өзінің кәсіби іс-әрекетінде оның үш қырымен: ғылыми-теориялық, психологиялық және тәжірибелік (технологиялық) жақтарымен бетпе-бет келеді

Зерттеу жұмысы белгілі бір ғылыми міндетті, амалдар мен процедураларды орындауға бағытталған зерттеу қызметінің моделі арқылы түсіндіріледі.

Теориялық сипаттағы әдістер нақты педагогикалық үрдістің талдауынан шығады да, олардың даму көздерінің нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ететін себептерін анықтайды. Оларға ең алдымен, моделдеу, идеалды объектілерді құру жатады. Үлгі - зерттеудің логикасы тұрғысында айтылады.

Кез-келген теорияның, ілімнің, ғылымның, дүниетанымның, теориялық бағдарламаның бастапқы негізі – жүйелі объектілерді тану болып табылады. Сондықтан біз, отбасы мен бастауыш мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің моделін негізге алып отырмыз.

Біздің ұсынып отырған моделдің мақсат-міндеттеріндегі дарынды балаларды тәрбиелеуді теориялық тұрғыда негіздеп, ұғымдарды нақтылау шетелдік және отандас ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, өзіміздің жеке көзқарасымыздың туындауына жол салды.

«Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің» үлгісін жасау және ойша тәжірибе жүргізу әдісімен дарынды балаларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығының жоғарыда аталған: мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік сияқты үш компоненттен түзілген үлгісін жасадық (кесте 3).

Кез келген іс-әрекеттің, соның ішінде дарынды балалармен кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің ең басты құрамдас бөлігі – түрткі, ол қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған нақты әрекеттердің тікелей әрі психикада көрініс табатын себебі. Белгілі бір түрткінің әрекетке итермелеуін мотивация дейміз, ол – әрекетті реттеп, оны түрткі үшін арнайы мақсатты күйлерге жетуге бағыттайтын үрдіс. Мотивация адамды іс-әрекетке ынталандыратын қажеттіліктер мен мүдделерден тұрады. Мұғалім мен ата-ананың дарынды балаларды тәрбиелеудегі қажеттіліктерін мұндай іс-әрекетті

ұйымдастыру мен іске асыруға қажетті білім, білік, дағдыларға ие болуға белсенді ұмтылысы ретінде қарастырамыз.

Кесте 4 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің үлгісі

| Компоненттер | Өлшемдері | Көрсеткіштер |
|-----------------|--|---|
| 1. Мотивациялық | Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайындағы дарынды балаларды тәрбиелеуде мотивациялық-құндылық қатынастың болуы | <ul style="list-style-type: none"> - Ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен қажеттілігін ұғыну; - Білімге құштар, шығармашыл белсенді баланы тәрбиелеудің жауапкершілігін ұғыну; - Дарынды балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектеп ынтымақтастығының қажеттілігін түсіну; - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің маңызын түсіну. |
| 2. Мазмұндық | Мұғалім мен ата-ананың «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» жайындағы теориялық білімдерінің болуы. | <ul style="list-style-type: none"> - Дарынды балалар тәрбиесі туралы мәселені талдауды заманауи тұрғыдан қарастыра білуі. - Ата-ана мен мұғалім бастауыш сынып жасындағы(6-11 жас аралығы) дарынды балалардың ерекшеліктерін мен қажеттіліктерін білуі. - Бала дарындылығын айқындауда ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімінің болуы. - Мұғалім мен ата-ананың дарынды балаларды дамыту мен тәрбиелеудің тиімділігі мен әдіс-тәсілдерін білуі. |
| 3. Іс-әрекеттік | Ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің сәтті нәтиже беретін негізгі біліктерді игеруі | <ul style="list-style-type: none"> - Дарынды балаларды тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстың тиімді түрлері мен әдістерін қолдана алу іскерлігі. - Дарынды баланың жетістіктерінің нәтижелерін дұрыс бағалай білу іскерлігі. - Ата-ана мен мұғалімнің дарынды балаларға кеңес беріп, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты психологиялық жағынан сауатты құра алу іскерлігі. - Дарынды балалардың ата-анасына мұғалім тарапынан кәсіби кеңес беріліп, олармен бірлескен жұмыстың тиімді жолдарын іздестіре алу іскерлігі. |

Бұл қажеттілік осы саладағы өз білімін үнемі толықтырып тұруға, біліктілігін ұштауға, жалпы ой-өрісін кеңейтуге деген талпынысы арқылы көрінеді. Жеке тұлғаның белсенділігінің тәжірибесі құндылық бағыт-бағдарларында бекіп, олар жеке тұлғаның белгілі бір іс-әрекетке іштей даярлығын сипаттап, мінез-құлықтың, жеке қасиеттерінің тұрақты болуына жағдай жасайды.

Осылайша, мұғалім мен ата-ананың дарынды балаларды тәрбиелеуінің мотивациялық компоненті деп біз тұрақты түрткілердің жиынтығын түсінеміз, олар жеке тұлға ретінде дарынды балалардың тәрбиеленуін қамтамасыз етеді.

Мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығында дарынды балаларды тәрбиелеуінің мазмұндық компоненті білімдер қаншалықты қорытындыланғанымен, олар сандық сипаттан (кұбылыстар, деректер, объектілер мен үрдістер туралы мәліметтерден) сапалық сипатқа (қағидалар, әдістер, әдіснамалар туралы мәліметтерге) қаншалықты көшкенімен сипатталады.

Іс-әрекеттік компоненті дарынды балаларды тәрбиелеуге қажетті біліктерді қалыптастыруға жағдай жасайтын меңгерген білімді іс-әрекетте қолдана алумен сипатталады.

Ата-ана мен мұғалім ынтымақтастығының жоғарыда аталған компоненттері шартты қисынды өлшемдерді іріктеудің негізіне айналды.

Мотивациялық компонентінің өлшемдері – мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығында дарынды балаларды тәрбиелеуге деген мотивациялық-құндылық қатынастың болуы.

Мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығында дарынды балаларды тәрбиелеудегі іс-әрекетінің негізгі қызметін ескере отырып, мазмұндық бөлшектің мынадай өлшемдерін анықтадық – мұғалім мен ата-ананың «дарындылық», «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» жайындағы теориялық білімдерінің болуы.

Сонымен, **мотивациялық компоненті отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайындағы дарынды балаларды тәрбиелеуде мотивациялық-құндылық қатынастың болуы** дегенді білдіреді, бұл өлшемнің көрініс табуының мынадай белгілері бар: ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен қажеттілігін ұғыну; баланың дарындылығын дамыта отырып, оның талабын ашу жолында тәрбие беру, жеке жауапкершілікті ұғыну; отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің қажеттілігі; отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің маңызын түсіну.

Мазмұндық компоненті дарынды балаларды тәрбиелеуде қажетті теориялық білімнің болуы дегенді білдіреді және ол: мұғалім мен ата-ананың дарындылықтың концептуалды үлгілері мен балалар дарындылығы мәселесін заманауи тұрғыдан талдай білуі; ата-ана мен мұғалім бастауыш сынып жасындағы (6-11 жас аралығы) дарынды балалардың жас шамасына қарай дамуындағы психологиялық ерекшеліктерін, белгілері мен қажеттіліктерін білуі; бала дарындылығын айқындау әдістерінің жүйесі мен айқындау іс-әрекетін ұйымдастыра білуі; дарынды балаларды тәрбиелеу мен дамытудың тиімділігі мен әдіс-тәсілдерді білуімен анықталады.

Іс-әрекеттік компоненті деп ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің сәтті нәтиже беретін негізгі біліктерді игеруін айтамыз, ол мынадай біліктердің болуымен анықталады: ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығында дарынды балаларды анықтау үшін

айқындау әдістерінің жүйесін қолдану және сыныптағы дарынды оқушыларды дарындылық деңгейі бойынша жіктеу іскерлігі; дарынды балаларды тәрбиелеу үшін мұғалім мен ата-ананың бірлескен жоспарлары мен бағдарламаларын жасау іскерлігі; қабілеттіліктің даму үрдісінің жобасын жасау және дарынды оқушыларды тәрбиелеу мен дамыту үшін жеке дара бағдарламалар жасау; дарынды балаларды тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстың тиімді түрлері мен әдістерін қолдану; дарынды баланың жетістіктерінің нәтижелерін дұрыс бағалау; дарынды балаларға кеңес беріп, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты психологиялық жағынан сауатты құру іскерлігі; дарынды балалардың мұғалім тарапынан ата-анасына кәсіби кеңес беріп, олармен бірлескен жұмыстың тиімді жолдарын іздестіру; мұғалім мен ата-ананың бірлесе жасаған дарынды балалармен тәрбие жұмыстарын сараптап, бағалау іскерлігі. Біліктің мұндай топтары бір-бірімен тығыз байланысты, олар бірін-бірі толықтырып, нақтылап отырады (2- кестеде көрсетілген).

Осылайша, «мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығы» ұғымының психологиялық-педагогикалық мазмұнын қарастыру және олардың дарынды балаларды тәрбиелеуге арнайы бірлігінің құрылымының теориялық жағынан негіздеу мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығының зерттеліп отырған қырына теориялық үлгісін жасауға мүмкіндік берді.

Отбасы мен мектеп өмірі көпқырлы. Біздің жоғарыда қарастырғандарымыз тек оның негізгі қызметтері. Отбасы адамның жеке қажеттілігін, топтық және қоғамдық маңызды қажеттерін қанағаттандырады. Қоғам отбасына ықпал етіп отырады, отбасы да қоғамның дамуына және өмір сүру дәстүрінің өзгеруіне әсерін тигізіп отырады.

Үлгінің құрылымы мен қасиеттеріне қойылатын талаптардың бірі - үлгіні қажетті деңгейге дейін жеткізу.

Зерттеліп отырған отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің компоненттерінің, өлшемдері мен көрсеткіштерінің сипаттамалары негізінде біз бұл ынтымақтастықтағы іс-әрекеттің қалыптасуының мүмкін деңгейлерін анықтадық: жоғары, орташа және төмен. Бұл деңгейлердің әрбіреуі мұғалім мен ата-ана ынтымақтастығы белгілерінің белгілі бір көлемін көрсетеді. Белгілер неғұрлым аз болса, дарынды балаларды тәрбиелеу деңгейі де соғұрлым төмен болады. Даярлық өлшемдерін анықтайтын қалыптасу деңгейлері берілген.

Мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің **жозары деңгейі** теориялық білімдерді іс жүзінде қолдануға қажетті біліктердің болуымен сипатталады, оның мынадай ерекшеліктері бар:

- мұғалім мен ата-ана дарынды балаларды тәрбиелеудегі жұмыстың әлеуметтік-педагогикалық қажеттілігі мен мәнін терең ұғынып, түсінеді;
- дарынды балаларды тәрбиелеу бойынша мұғалім мен ата-аналардың бірлескен жұмысының тиімді жолдарын іздестіре алады;
- мұғалім мен ата-ана дарынды балаларды тәрбиелеудің нәтижелері мен осы іс-әрекеттегі ынтымақтастығын дұрыс бағалай алады.

Мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығында бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеудің зерттеліп отырған *орташа деңгейі* мынадай белгілері бойынша анықталады:

- дарынды балалармен жұмыстың әлеуметтік маңызы бар екенін ұғынса да, олармен педагогикалық жұмыстың қажеттілігін жеткілікті түсінбейді;

- дарынды баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы жалпы мағлұматы бола тұра, дарындылық түрлерінің белгілерін жете білмейді, сондықтан баланың дарындылығын анықтауда қиындықтарға тап болады;

- айқындау әдістерін білсе де, оларды қолданып, айқындау нәтижелерін қорытындылай алмайды, сондықтан балалардың дарындылығын анықтау ұйымдаспаған түрде өтеді.

Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудегі іс-әрекеттің *төмен деңгейі* мына белгілерімен сипатталады:

- мұғалім мен ата-ана дарынды балаларды тәрбиелеу қажеттігін жете түсінбейді, оны қажет деп те ойламайды;

- дарынды баланың табиғаты мен ерекшеліктері туралы аз ғана білімі бар;

- өз білімдерін жетілдіруді, ынтымақтастықта жұмыс жасаудың тиімділігін өсіруді қажет деп санамайды.

Сонымен, аталмыш тараушада біз, отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасап, оның мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінен тұратын өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерін анықтадық.

2 ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

2.1 Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесі

Аталмыш тараушада біз, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесін қарастыруды жөн көрдік.

Н.И.Пироговтың өз еңбегінде: «Баланы дұрыс түсініп қарым-қатынас жасау үшін оны біздің өміріміздің өрісіне емес, біз өзіміз олардың ойлау өрісіне енуіміз қажет», - деп ата-аналарға балаларды түсіну үшін олардың ойымен ойлап, солардың көзімен көре білудің қажеттілігін түсіндіреді [169].

Сондықтан да біздің нысанаға алып отырған ғылыми педагогикалық зерттеуімізде негізінен теориялық және тәжірибелік идеялар өзара тығыз байланыста жүзеге асады, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды тұлғаны тәрбиелеудің әдіснамалық ұстанымдары мен амалдарын іске асыруды көздейміз. Жоғарыда көрсетілген амалдардың іс-әрекетке ену барысында дарынды баланың мұғалім мен ата-ананың ынтымақтасуда жүйелі жұмыс жасауының арқасында өзін-өзі үйрету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту арқылы қалыптасатын белсенділігін көре аламыз.

Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде (Н.Д.Хмель[170], А.Қ.Рысбаева [171], Ш.Т.Тұрдалиева[172] т.б.) педагогикалық қызметтің теориясы мен тәжірибесін зерттеулер мен талдаулар, оны педагогикалық үрдіс түріндегі біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттігі жөнінде қорытынды жасалған. Педагогикалық үрдіс - оқытушы-оқушы, оқушы-оқушы, мұғалім-оқушы, психолог-педагог, психолог-оқушы, психолог-ата-ана, педагог-ата-ана микроқұрылымдардан тұратын күрделі жүйе және оның мынадай маңызды белгілері мен заңдылықтары тағайындалған:

- жүйенің әлеуметтік сипаты бар және ол өзара әсерлесе алатын бөліктерден құралады;

- жүйе - іс-әрекеттермен, ақпарат алмасу есебінен жұмыс жасайды;

- жүйе - өзінің жұмысын атқаруды қамтамасыз ете алатын қорға ие;

- жүйенің ішкі құрылымы оның деңгейлерінің иерархиялық сипатын және қоршаған ортамен байланысын ашады;

- педагогикалық үрдіс - элементтерінің ішкі байланыстары бар жүйе болғандықтан, оның дамуы аталған элементтердің күйіне, олардың араларында туындайтын өзара әсерлесулер мен қарама-қайшылықтарға тығыз байланысты.

Осы аталған тұжырымдамаларға байланысты отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу жүйесінің жасалуының негізгі бағыттары мен ұстанымдары шығады:

- білімділік және кәсіби-педагогикалық бағытқа итермелейтін педагогикалық мәдениетті қалыптастыру;

- руханилықты, адамгершілікті өзара әрекеттестіктің ынтымақтастық формасына бағытталуды анықтайтын психологиялық мәдениетті дамыту;

- педагогикалық іс-әрекет үшін маңызды болатын гуманистік негізді жетілдіру;

- білім және тәрбие жүйесін, бүтін әрекетті, шығармашылық тұлғаның табиғи бағытын басынан қалыптастыруға танымның жалпыдан дараға бағытталған шығармашылық ұстанымы мүмкіндік береді;

- педагогикалық-психологиялық іс әрекетке даярлықты педагог пен ата-ананың өзін-өзі іштей реттеуін өзекті ететін синергетикалық заңдылықтар қамтамасыз етеді;

- жүйеленген іс-әрекетке даярлықты даму ұстанымы қамтамасыз етеді;

- ынтымақтастық жағдайын іске асыруға тұлғалық, танымдық және аффектік біртұтас жүйе ретінде қарауды болжайды;

- мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығының орнауының тұтастығы теория мен тәжірибенің бірлігі арқылы ойды жүзеге асыруда болады.

Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы көрсетілген ұстанымдардың ара байланысы арқылы тиімді жүзеге асады.

Мектептерде негізі ата-аналармен жұмыс төрт бағытта жүргізуді көздейді:

1. Дарынды бала отбасын психологиялық демеу;

2. Ата-аналар үшін ақпараттық орта;

3. Дарынды баланың және оның ата-аналарының тәжірибелік бірлескен іс-әрекеті;

4. Мектеп деңгейінде ата-аналарды демеу және ынталандыру.

Жалпы түрде ата-аналармен жұмыс оларға өз баласын түсінуге және тұлғасына қолсұқпастан қабылдай алуға үйренуге бағытталуы керек. Ата-аналарды дарынды баладан дарынды ересек адам өсіп жетілетінін нақты ұғындырған жөн деп санаймыз.

Біздің ойымызша, ата-аналар дарынды баланы тәрбиелеуде төмендегідей талаптарды ұстануы қажет:

1. Шынайылық таныту. Барлық балалар өтірікке сезімталдылық танытады, ал дарынды балалар бойынан ол ерекше байқалады.

2. Баланың даму деңгейін бағалаңыз.

3. Ұзақ түсіндіру мен әңгімеден бас тартыңыз.

4. Бала бойындағы өзгерістерді уақытымен байқауға тырысыңыз. Олар қалыптан тыс сұрақтар қою мен мінез-құлық негізінде көрінеді және ол дарындылықтың бір белгісі болып табылады.

5. Бала бойындағы жеке дербестікті құрметтеу. Балаға өзіңіздің қызығушылықтарыңызды жобалауға ұмтылмаңыз.

6. Ата-аналар өз балаларының бойында келесідегідей сапаларды дамытуы керек:

- өз-өзіне деген сенімділік, өзіндік бағалаудың жеке санасына негізделеді;

- қоршаған орта мен өзіңнің бойындағы кемшіліктер мен артықшылықтарды түсіну;

- зияткерлік білімге құштарлығын және зерттеушілік бәсекелестікке даярлық;

- мейімдірілімдікке, адалдыққа, шыдамдылыққа, рухани ерлікке деген құрмет;

- өз күшіне сену біліктілігін дамыту және өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікке даяр болу;

- әр жастағы өзге адамдармен қарым-қатынас барысында тіл табыса алу біліктілігін қалыптастыру болып табылады.

Ата-анасы дарынды баланың көңіл-күйінің күрт өзгерісіне шыдамдылықпен қарап, оны байсалды қабылдау керек. Мұндай балаларға қатты айтылған сөздің бәрі тікелей оларға ғана қатысты еместігін, кейде адамдар басқаға ауыр тиюі үшін емес, жай ғана не нәрсені болса сөйлеп, істей салатыны туралы түсіндіріп, оның ұғынуына көмек қажет.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, дарынды балалардың түрлі әрекеттердегі сезімталдығы басым болып келеді. Осының барысында психоәлеуметтік сезімталдығына тоқтала кетсек:

1. Дарынды баланың қабылдау мен танымының дамуынан гөрі әділдік сезімі қатты болады.

2. Олар қоршаған дүниенің әділетсіздігін жанына жақын қабылдап, өзіне де, айналадағыларына да қатал талап қояды.

3. Ой-қиялының жүйріктігі, мәселелерді шешуде ойын элементтерін қосу, шығармашылық, жасампаздық – дарынды балаларға тән ерекше қасиеттер.

4. Олардың әзілді түсіну сезімі өте жақсы, күлкілі жәйттарды, қызық сөздерді, әзілді ұнатады. Олардың әзілді түсінуі құрдастарының түсінігінен айрықша болып келеді.

5. Олардың эмоционалдық тепе-теңдігі жоқ, сәби кезінде дарынды балалар шыдамсыз әрі екпінді.

6. Кейде оларға асқан қорқыныш сезімі мен осалдылық тән. Олар айналадағыларының сөзсіз белгілерін асқан сезімталдықпен қабылдайды.

7. Басқа балалар сияқты бұл жасқа эгоцентризм – менмендік тән.

8. Дарынды балалардың өзін-өзі теріс қабылдауы, құрдастарымен қарым-қатынаста қиыншылықтардың болуы жиі кездеседі.

Бала бойындағы жоғары сезімталдық қасиет ата-ана мен мұғалімнің бірігіп іс-әрекет жасауы бойынша қадағаланып отыруы шартты нәрсе. Себебі, бала кез-келген уақытта оқу іс-әрекеті болсын, тәрбие жағынан болсын теріс қабылдауларға тап болса, онда бұл жағдайлар бала психологиясына кері әсерін тигізуі мүмкін. Кейбір дарынды тұлғаның физикалық жұмыс-қимылдарын шамадан тыс атқара алатынын мынадай жобалаулармен көрсетеміз:

1. Дарынды балалар басқа балаларға қарағанда аз ұйықтаса да, олардың энергетикалық деңгейі әжептәуір жоғары.

2. Олардың қимыл-қозғалысы мен қолдарының жұмысының дамуы танымдық қабілетінің дамуынан кейін қалып қояды. Оларға тәжірибе қажет. Ақыл-ойының дамуы мен денесінің дамуы арасындағы айырмашылық мұндай балаларға ауыр тиеді, өзіне деген сенімін жоғалтып, жалтақтаушылық пайда болады.


3. Кей кезде дарынды балалардың көздері 8 жасқа дейін әлі де қалыптаспаған күйде болады, оларға көздерін жақыннан алысқа (партадан тақтаға) ауыстыру қиынға соғады.

Біздің ойымызша, дарынды баланың өз құрдастарынан несімен ерекшеленетінін түсіну арқылы ата-ана мен мұғалім оның дамуына көмектесе алады.

Бұл тұста отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің басты қызметтері:

- ақпараттық,
- тәрбиелеуші - дамытушылық,
- қалыптастырушы,
- қорғау – емшаралық,
- бақылаушылық
- тұрмыстық.

Сонымен, тәжірибе көрсеткеніндей, егер сынып жетекшісі дұрыс әдістемелік амалдар қолданған болса, оның тактикасы мен стратегиясы дұрыс таңдап алынса, егер диалектикалы түрде дамушы педагогикалық үштік бар болған болса, педагогтардың, ата-аналардың және дарынды баланың бірлескен іс-әрекеті тиімді болады (сурет 5).



Сурет 5 - Педагогикалық үштік

Бұл педагогикалық үштік әрекеттестігі кезінде тиімді өзара әрекеттесу қиындықтары туындайды. Сол себепті сынып жетекшісі дарынды баланың отбасындағы тәрбиесі мен өмірі ерекшелігін зерттеп, отбасы тәрбиесінің «ата-ана - бала» және «ата-ана - мектеп» қарым-қатынасын түзетуімен айналысады. Бұл міндетті шешуде келесідегідей аспектілерді ерекшелеген жөн:

- білім алушылардың шығармашылық, зияткерлік мүмкіндіктерін айқындау;
- дарынды бала тәрбиесіне педагогтар тарапынан жеке дара амалдарды іске асыру;
- дарынды баласы бар отбасыға психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік демеу көрсету;
- дарынды оқушылар және ата-аналар толеранттылығын этикалық қорғау;
- мүмкін болса отбасын материалды тұрғыдан ынталандыру.

Мысалы, төмендегі әдістеме (мүмкіндігінше кейбір өзгертулермен) бала дарындылығының дамуына отбасының ықпалын келешекте білу, анықтау құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

А.И.Савенков контент-сараптама әдісі бойынша дарынды балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін 3 топқа бөледі:

1 топ – *Танымдық өрісінің даму ерекшеліктері:*

- Әуесқойлық – білімқұмарлық – танымдық қажеттілік.
- Мәселелерді жанына тым жақын қабылдау – басқалар еш қиындық жоқ деген жерден мәселені таба алу қабілеті.

- Дивергенттік түрдегі міндеттерге бейімділігі – пән бағыты бойынша алуан түрлі мәселелік, шығармашылық міндеттерді түсініп, шеше алу қабілеті.

- Ойлау сонылығы – жаңа, аяқасты идеялар ұсына алу қабілеті.

- Ойлау икемділігі – шешімнің жаңа стратегияларын тез әрі оңай таба алу, құбылыстардың мазмұны жағынан бір-бірінен тіпті алшақ түрлерінің арасында ассоциативтік байланыс орнатып, бірінен екіншісіне көше алу (ойлау немесе мінез-құлқы арқылы) қабілеті.

- Кез келген ойды оп-оңай өндіру («ойлау өнімділігі») – көп ойлар тудыра алу қабілеті.

- Оп-оңай байланыс табу – көзге көрінбейтін байланыс пен қатынастарды айқындап, оларды одан әрі талдап тексеру арқылы қорытындыланған стратегиялар жасай алу қабілеті.

- Болжам жасай алу қабілеті – мәселе іс жүзінде шешілмес бұрын оның шешу тәсілін ойша елестету қабілеті (алдын ала сезу).

- Аса зейінділік таныту – міндетті шешуге бар зейінімен кірісу.

- Өте жақсы есте сақтау қабілеті - әр түрлі деректерді, жағдайларды, дерексіз нышандарды, белгілерді есте сақтау қабілеті.

2 топ Мотивациялық өріс:

- әуесқойлық – білімқұмарлық – танымдық қажеттілік;

- аса зейінділік таныту – міндетті шешуге бар зейінімен кірісу;

- қызығушылықтары мен бейімділігі – мақсатқа жетуде табандылық таныту, өз ісіне берілгендік;

- өзін өзі өзектендіру - өзінің жеке тұлғалық мүмкіндіктерін іске асыруға талпынысы;

- перфекционизм - өзінің кез келген іс-әрекетінің нәтижелерінің ең жоғары талаптарға, эталонға (адамгершілік, ақыл-парасаттылық) сай болуына талпыну;

- тез әрі оңай оқуда, бастапқыда баяу қарқында кейін білімдердің, түсініктер мен біліктердің құрылымының күрт өзгеруіне әкелетін оқуда көрінетін оқып үйренудің ерекше түрлері;

- заттық шынайылықтың белгілі бір жақтарына (белгілер, дыбыстар, түстер, өсімдіктер т.б.) немесе өз белсенділігінің белгілі бір түрлеріне (физикалық, танымдық, көркемдік-мәнерлі т.б.) аса сезімтал болу;

- қандай да бір іске немесе іс-әрекет өрісіне (пән, іс, т.б.) қатты қызығушылық таныту, ол табандылық пен еңбексүйгіштігі арқылы көрінеді;

- өзін өзі реттеу жүйесіне байланысты іс-әрекеттің сапалы өзіндік жеке стилі («бәрін өзінше істеу»);

- аса күрделі мақсаттар қоя білу, мінсіздікке талпыныс, өзіне қатты сын көзбен қарау;

- жоғары танымдық қажеттілік (іс-әрекеттің бастапқы талаптарынан асатын білімқұмарлық).

3 топ Әлеуметтік өріс:

- бағалау қабілеті - өз іс-әрекетінің жемісін бағалау мүмкіндігі, өз ойларын, әрекеттерін, сондай-ақ басқа адамдардың істері мен әрекеттерін түсіну;

- әзілді дұрыс түсіне алу;

- асқан жігерлік;

- эстетикалық және адамгершілік ілтипаты;
- басқалардың ойын түсіну мүмкіндігі;
- өз ойларын, әрекеттерін, қылықтарын дамыту;
- эмоционалды бағалау қабілеті: өзін өзі бақылау, өзіне сенімді болу, дербестік, конформды емес т.б. жеке тұлғалық қасиеттер;
- шарттылықтарға және абырой-беделге көңіл бөлмеу;
- пайымдауларындағы тәуелсіздік [173].

Осылайша, дарынды баланың ерекшеліктері сан қилы, жеке дара, бірін-бірі жоққа шығармайтын, сондықтан аталмыш белгілер барлық дарынды балаларға тән деуге болмас. Алайда бір-екі белгілер көрінсе-ақ, мамандар оған ерекше назар аударып, баланың дамуының нақты белгілерін ұзақ әрі мұқият сараптап, бақылау қажет.

Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуде біз, зерттеу жұмысымызда төмендегідей формаларды ұсынамыз:

- отбасы мен сынып ұжымындағы жағдайларда мәселелі *жағдаяттарды шешу* әртекті сұрақтарға отбасы, ата-аналар және балалар, педагогтар, білім алушылар жауап береді. Содан соң жан-жақты пікірлер талданып зерделенеді. Мұндай формалар ата-аналармен ағарту ісін жүргізуде маңызды рөлге ие, ол мәселелердің тәжірибелік шешімін табудың алғышарттарын көрсетеді.

- *Ата-аналар конференциясы, жиындары* – бала тәрбиесі туралы білімдерін бекітуді және тереңдетуді, кеңейтуді қарастырушы педагогикалық ағарту жұмыстарының формалары. Балаларды тәрбиелеудегі тәжірибе алмасу бойынша конференциялар, бір мәселеге қатысты талқылау жүретін теориялық тақырыптар конференциялары мазмұнды және өнімді болып табылады. Олар жылына бір рет сынып, мектеп, ықшамаудан, аудан, қала деңгейінде өткізіліп, алдын ала дайындықты және ата-аналардың белсенді атсалысуын қажет етеді. Конференция бастауына фотобейне, кітап көрмелері, бала және отбасы шығармашылық көрмелері ұйымдастырылып конференция алдында барлық конкурстар жарияланады. Конференцияда белгілі шешімдер қабылданады, аталған мәселеге қатысты іс-шаралар ұйымдастырылып, ата-аналар ұсыныстары қабылданады.

«Дөңгелек үстел», «педагогикалық үштік», «ата-аналарға арналған брейнинг ойыны» - мұндай формалар түрлі жағдайлардағы тәрбие шараларын талқылауға мүмкіндік береді, мектептегі, сыныптағы, отбасындағы кикілжінді жағдайларды шешу жолдарын зерттеуге мүмкіндік береді. Біз зерттеу жұмысымыздың жүйесін ұсынып отырмыз(5 суретте).

Белгілі бір сала бойынша дарындылығы айқын көрінетін оқушылар үшін икемді жеке дара оқыту бағдарламаларын жасаған маңызды, мұндайда келесі мәселелерді ескерген жөн:

- дарынды баланы тәрбиелеудегі мақсат баланың дарындылығының дұрыс дамуына жағдай жасау, сондай-ақ, баланың танымындағы асыра сілтеушілікті немесе жеке басының дамуындағы үйлесімсіздікті жою болып табылады;

- бұған сәйкес бағдарламаларды жасау туралы ұсынысты ата-анасы, пән мұғалімі, сынып жетекшісі, психолог, педагогикалық кеңес немесе дарынды баланың дұрыс дамуын көздеген т.б. адамдар жасай алады;

- бағдарламаны жасауды психолог, сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-анасы дарынды баланың дамуын мақсат ететін адамдарды да кірістіреді.

Ең бастысы оқушының даралығына сый-құрметпен қараған жөн, ол дегеніміз:

- дарынды оқушының дамуының ерекшеліктерін түсіну;

- оқушының жеке тұлғасының даму бағдарламасын жасау, ол қоршаған шынайылыққа деген дұрыс қатынасты қалыптастыруға, өзін-өзі сыйлауға, басқалармен бірігіп әрекет етуге, адамдарға қайырымды болуға ықпал етуі керек (мұндай бағдарламаны психолог жасайды);

- сыныптастарымен жемісті әрі эмоционалды жайлы өзара әрекеттестік жағдайын жасау, ол баланың ақыл-ой, көңіл-күй және әлеуметтік өрісінің үйлесімді дамуына ықпал етеді;

- дарынды балалармен жұмыс барысында шектен шығарлық екі әрекеттен аулақ болу керек – бір жағынан, баланың дарындылығын асыра мақтап, мадақтау, екінші жағынан, баланың менмендігін басу үшін басқалардың көзінше оны кемсітіп, ақыл-ойының асқандығына көңіл бөлмеу;

- қалыптасқан қате көзқарастан арылып, дарынды оқушының кемшіліктері де болатынын түсіну;

- дарынды баланың эмоционалды және әлеуметтік дамуы әрдайым жоғары бола бермеуі (бейімделуі, өзін өзі бақылауы нашар, кейде тәуелсіздігі әрі жауапкершілігі жоқ);

- дарынды бала әрдайым өз бетінше жұмыс істей бермейді, сондықтан ол оқытудың жеке дара болуын, біреудің көмегін қажет етуі мүмкін;

- дарынды баланың денесінің дамуында кейбір кемшіліктері болуы мүмкін (жүріс-тұрысының дұрыс еместігі, жазуының нашарлығы);

- дарынды баланың мектеп бағдарламасы бойынша барлық пәндерден үлгерімі мықты және бәрінен асып түсуі міндетті емес;

- дарынды баланың жетістікке жетуі үшін мықты түрткісі болуы керек, ол ең жақсы болуға тырысады, ол оқуға саналы түрде күш салып, мектепке оң көзқараспен қарайды;

- дарынды бала кейде енжар, ұялшақ болуы мүмкін, ақыл-ойының жарқындығы да көрінбеуі мүмкін.

Оқу материалының мазмұны оқушыларды үздіксіз оқуға итермелеп, таным үрдісі олар үшін нағыз құндылықтың өзі болуы керек. Деректерді оқытудан ой-сананы дамытатын, өз бетінше жұмыс істеуге көмектесетін, өзін өзі одан әрі жетілдіруге, өзін-өзі білімдендіруге, өмірде мақсат қоюға итермелейтін ойларды, тәсілдерді, әдістерді оқытуға бірте-бірте көшкен жөн.

Жалпы ынтымақтастықта ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары төмендегіше бағыт алады:

- ата-аналар жиналысы, дәрістер;

- ата-аналармен пікір алмасу;

- мамандардың жеке дара кеңес беруі;

- ата-аналармен нәтижелері бойынша анкета және әңгіме жүргізу;

-педагогтардың, ата-аналар мен балалардың бірлескен бос уақыт іс-әрекеті; (шығармашылық көрмелері, концерттер, интеллектуалды марафон, спорттық жарыстар және т.б.);

- ата-аналардың сабақтан тыс шараларға және сабақтарға қатысуы;

Дарынды балалар сәттілігін диагностикалау және жетістіктерін әйгілі ету келесі формалар негізінде іске асады: балалардың, мұғалімдердің және ата-аналардың шығармашылық тәжірибесін жариялау (шығармашылық тапсырмалар, презентациялар, фестиваль, олимпиадаға қатысу, көркем каталог құру, портфолио-жоба, отбасылық энциклопедия құру т.б.).

Біз, зерттеу мәселемізді теориялық тұрғыда қарастырып алып, енді отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесін құруды жөн көрдік.

Белгілі болғандай, жүйе бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұрады: мақсат, міндет, қағида, мазмұн, әдіс-тәсіл және дарынды баланы тәрбиелеудің құралы.

Төменде 6-суретте отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесін ұсынамыз.

Әдістемелік жүйеге бастауыш сынып мұғалімдеріне арнап дайындалған «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс енгізілді.

Курстың мазмұны:

«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» тақырыбындағы арнайы курс мазмұнына тоқталсақ:

Курстың мақсаты:

-Бастауыш сынып мұғалімдерінің дарынды балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектеп ынтымақтастығы мәселесінің теориясы мен әдістемесін меңгерту.

«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курстың мазмұны төмендегідей теориялық және қолданбалы бөліктерден тұрады:

Теориялық мазмұны:

- Дарындылық, дарынды бала теориялары;
- Дарынды балаларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп ынтымақтастығының маңызы мен мәні;

Курстың қолданбалы бөлігі:

- Дарынды бала тәрбиелеудегі ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту мақсатында дәстүрден тыс қарым-қатынас формаларын ұйымдастыру; «Ата-аналарға арналған педагогикалық академия» (дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында ата-аналарға арналған);

- «Ынтымақтастық мектебі» (ата-ана- дарынды бала- мұғалім).

Ұсынылып отырған «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курсының оқыту нәтижесі бойынша мұғалімдерде:

Мақсаты: ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды

Теориялық бағыты:

- отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалды.

- «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» ұғымдарының мәні нақтыланды.

- отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі жасалды.

Әдіснамалық амалдар және қағидалар:

Амалдар: жүйелілік, жеке тұлғалық, көпсубъектілік, синергетикалық, рефлексиялық.

Қағидалар: бағдарлануды демеу және сенімділік қағидасы, субъектілік қағидасы, шығармашылық және сәттілік қағидасы, шыдамдылық және толеранттылық қағидасы

Отбасы мен бастауыш мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің **мазмұны:**

Міндеттер: Отбасы мен бастауыш мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындай отырып, жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарындағы дарынды балаларға отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында тәрбие беруді ұйымдастыруды әдістемелік тұрғыда ұсыну.

Тәжірибелік бағыты: Дарынды балаларды тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстың тиімді түрлері мен әдістерін қолдана алу, дарынды баланың жетістіктерінің нәтижелерін дұрыс бағалай білуі, ата-ана мен мұғалімнің дарынды балаларға кеңес беріп, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты психологиялық жағынан сауатты құра алу. Дарынды балалардың ата-анасына мұғалім тарапынан кәсіби кеңес беріліп, олармен бірлескен жұмыстың тиімді жолдарын іздестіре алу.

Әдістемелік жүйе:

- «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс; -

-«Педагогикалық академия» ата-аналарға арналған бағдарлама;

- «Ынтымақтастық мектебі» (ата-ана - дарынды бала - мұғалім) жобасы.

әдістер:

зерттеушілік, жаттығулар, интеллектуалдық-рөлдік жаттығулар, әңгімелесу, ата-аналар дәрісі.

құралдар:

ЖББМС, оқу бағдарламалары, оқу жоспары, оқу құралдары, дидактикалық материалдар, Интернет, көрнекі құралдар, мультимедиялық аппараттар, интербелсенді тақта және т.б.

Дарынды бала-қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін біртұтас құрылым.

Нәтиже:

сенім мен сыйластық, өзара қолдау мен көмек беру, бір-біріне деген төзімділік пен толеранттылық негізінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерінің ерте анықталуын қамтамасыз ететін, білімге құштар, шығармашыл белсенді балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін өзара әрекеттесудің табысты, мақсатқа бағытталған үрдісі.

Сурет 6 - Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жүйесі

- бастауыш сынып мұғалімдерінің «дарындылық», «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» мәселелері бойынша теориялық түсініктері;

- Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу дағдылары;

- Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудегі көрнекі материалдарды (слайд-шоулар, бейнесюжеттер, интербелсенді тапсырмалар, меншікті портфолио-жоба) даярлау және оларды тиімді жүзеге асыра білу машықтары;

- курстың оқылған мәліметтерін сақтап, оны ата-аналармен ынтымақтастықта іске асыру онлайн режимі арқылы материалдарды пайдаланудың дағдылары қалыптасатын болады.

Төменде біз, арнайы курс бағдарламасының мазмұнын ұсынып отырмыз.

Кесте 5 - «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты курстың тақырыптық жоспары

| Тақырыптар, дәріс аттары | Барлығы (сағат) Дәріс/ семинар | |
|---|---|---|
| Педагогика және психология ғылымдарындағы дарындылық мәселесінің зерттелуі | 1 | 1 |
| «Дарындылық», «дарынды бала» ұғымдарының сипаттамасы | 1 | |
| Дарындылықтың көп аспектілігі(талап, талант, қабілеттілік, вундеркинд, нышан, лидерлік, зияткерлік, креативтілік, данышпандық т.б.) | 1 | 1 |
| «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» ұғымының мәні мен мазмұны | 1 | |
| Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдіснамалық амалдары мен қағидалары | 1 | 2 |
| Дарынды баланы тәрбиелеудің көрсеткіштері мен өлшемдері | 1 | |
| Ынтымақтастық педагогикасының негіздері | 1 | |
| Бастауыш мектеп жасындағы дарынды оқушыларды тәрбиелеудің диагностикасы | 1 | 2 |
| Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдістемесі | 1 | |
| Барлығы: 15 сағат | 9 | 6 |

Кесте 6 - Семинарлық сабақтар

| Тақырыптардың атауы | Өткізу формасы | Сағат саны |
|---|--|------------|
| Европада, АҚШ-та, Ресейде және Қазақстан республикасында дарындылық мәселесінің дамуы | Салыстырмалы түрде кесте, сызба жасау | 1 |
| Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің нормативтік құқықтық базасы | Құжаттарды талдау негізінде тақырыпқа презентация дайындау | 1 |
| Дарындылық, дарынды бала ұғымдарының ерекшеліктері | Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерімен танысу негізінде контент-талдау жасау | 1 |
| Дарынды баланы тәрбиелеудегі ата-аналар мен сынып жетекшісің ынтымақтастығының формалары | Ынтымақтастықтың түрлі формаларына сай жоспар құрастыру | 1 |
| Ынтымақтастық педагогикасының негізі | Электронды портфолио жасау | 1 |
| Дарынды балаларды тәрбиелеудегі интербелсенді әдістердің орны | Тәрбиелік іс-шараның жоспарын құрастыру және шебер-сынып өткізу | 1 |
| Барлығы | | 6 |

Әдістемелік жүйенің құрылымына сонымен қатар ата-аналардың дарынды балаларды тәрбиелеудегі педагогикалық білімін жетілдіруге арналған «Педагогикалық академия» жатады. Біз, төменде бағдарламасын ұсынып отырмыз.

Ата-аналарға арналған **«Педагогикалық академияның» мақсаты** – дарынды балаларды тәрбиелеудегі ата-аналардың педагогикалық білімін толықтырып, педагогикалық құзыреттілігін арттыру

Міндеттері:

- отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру,
- озық отбасылық тәжірибені анықтап,дәріптеу
- мектеппен отбасының біріккен іс-әрекетінің бағыттарын анықтап мазмұнын толықтыру.

Кесте 7 - Ата-аналарға арналған «Педагогикалық академияның» бағдарламасы

| Атқарылатын іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауаптылар |
|--|---------------------|--|
| «Дарынды бала - Отбасы - Мектеп» атты педагогикалық үштік іріктеу конкурс бағдарламасы | қыркүйек | сынып жетекшілері |
| Дарынды бала тәрбиелеп отырған отбасы жайлы мәлімет жинақтау | Қыркүйек (жыл бойы) | Әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер |
| Толық емес отбасы және асыраушысы болып саналатын отбасылардағы дарынды бала туралы мәліметтер жинау | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер |
| «Менің балам: оны қалай көрем?» Ата-аналарға бақылау жұмысы | Қазан | сынып жетекшілері психолог |
| «Отбасылық құндылықтар» тақырыбындағы дәріс | Қараша | Әлеуметтік педагог, психолог |
| «Дарындыларға көмектесу керек» тақырыбындағы ата-аналарға семинар | желтоқсан | сынып жетекшілері |
| «Отбасылық өмірдің психологиясы» атты психологиялық тренинг | қаңтар | психолог |
| «Отбасылық педагогика» семинарының жұмысы | Жыл бойы | сынып жетекшілері |
| «Идеалды отбасы» атты үздік портфолио-жоба конкурсы | Наурыз | сынып жетекшілері |
| «Мен–тұжырымдамасын қалыптастырудағы отбасы рөлі» дәріс | Сәуір | Сынып жетекшілері |
| Ата-аналарға «Біз бірге не жасай аламыз?» тақырыбында эссе жаздыру | мамыр | сынып жетекшілері |

Ұлы педагог Сухомлинский В.А. «Мектеп және ата-аналардың басты міндеті – әр балаға бақыт сыйлау. Бақыт жан – жақты. Ол адам өз бойындағы жасырын мүмкіндікті аша алуында, еңбексүйгіштікте, еңбектегі шығармашылықта және қоршаған орта әсемдігін көре алу қасиетінде, өзге адамды сүю және сүйіспеншілікке бөлену, балаларды нағыз адам етіп тәрбиелеуде. Тек ата-аналармен бірлесіп мұғалімнің көмегімен балаға толыққанды бақыт сыйлауға болады», - деп тұжырымдайды [174].

Осы тұжырымды біз, әдістемелік жүйенің келесі бағытында жүзеге асыруға тырыстық. Ата-ана - мұғалім - дарынды бала үштікке арналған «Ынтымақтастық мектебінің» жобасын мектеп тәжірибесіне енгіздік. Төменде «Ынтымақтастық мектебінің» жобасының жұмыстарын беріп отырмыз.

«Ынтымақтастық мектебі» жобаның 3 бағыт бойынша нақты іс-шара атауы, мерзімі, мақсаты көрсетілген. Жобаны келесі 10 - кестеде ұсынып отырмыз.

«Ынтымақтастық мектебі» жобасының мақсаты - Дарынды баланы тәрбиелеуге қажетті жағдай жасау үшін ата—ана мен мұғалім және дарынды балалар арасындағы әріптестікті дамыту.

Жоба міндеттері:

-баланың рухани, шығармашыл, еркін дамуы үшін жағымды жағдай туғызу;

-ата-аналарды балаларымен тиімді қарым-қатынас жасауға үйрету;

-ата-ананың мұғаліммен серіктестік пен ынтымақтастық негізінде қарым – қатынас құруға дағдыландыру;

-дарынды баланы тәрбиелеу үшін ата-аналардың бойында өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.

Кесте 8 - «Ынтымақтастық мектебінің» дарынды балаларды тәрбиелеудегі жобасы

| Іс – шара атауы | бағыты | Мерзімі | Жауаптылар |
|--|----------------------------|-----------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| «Отбасы мен педагог серіктес болу үшін не істеу керек?» сұрақ пен жауаптар кеші | Ата-ана мен мұғалім | қыркүйек | Психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері |
| «Отбасы энциклопедиясы» рухани-танымдық конкурс (өз отбасылары жайлы энциклопедия құрастыру) | Ата-ана, бала және мұғалім | қазан | Психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері |
| «Қызықты математика» кеші | Бала мен мұғалім | қараша | Психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері |
| Педагогикалық практикум: «Мектеп және үйдегі қиын жағдаяттар» | Ата-ана мен мұғалім | желтоқсан | сынып жетекшілері |

8 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|----------------------------|----------|---|
| «Анам, әкем, мен – талантты отбасы» ойыны. | Ата-ана, бала және мұғалім | Қаңтар | сынып жетекшілері психолог, әлеуметтік педагог |
| Отбасылық және балалар өнерінің көрмесі | Ата-ана, бала және мұғалім | Ақпан | сынып жетекшілері |
| «Менің тілім - менің сырласым» шығармалар сайысы | Бала және мұғалім | Наурыз | сынып жетекшілері |
| «Дарынды баланың жеке білім алу траекториясы» бақылау жұмысы. | Ата-ана мен бала | сәуір | сынып жетекшілері психолог, әлеуметтік педагог |
| Шығармашылық есеп беру. Дарынды бала және ата-аналармен бірігіп нәтижелер келу мақсатында | Ата-ана, бала және мұғалім | мамыр | сынып жетекшілері психолог, әлеуметтік педагог |
| «Педагог пен ата-ана - ынтымақтастық астарлары» атты пресс-конференция | Ата-ана мен мұғалім | қыркүйек | Психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері |

Сонымен, жоғарыдағыны қорытындылай келе, мұғалім мен ата-аналар өзара әрекеттестігі кезінде дарынды балаларды тәрбиелеу басты маңызға ие. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесінде дарынды балаларды тәрбиелеуші ата-аналарды ағарту мақсатында біз «Педагогикалық академияның» жоспары мен жұмысын ұйымдастыру барысы қалыптастырушы эксперимент барысында орын алды. Жалпы айтқанда, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуде біз, «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері»

арнайы курс және «Ынтымақтастық мектебі» жобасын тәжірибеге енгіздік.

2.2 Бастауыш сыныптағы дарынды балалардың диагностикасын ұйымдастыру

Біздің зерттеу жұмысымыздың эксперименті 3 кезеңнен тұрады: біріншісі - айқындаушы, екінші - қалыптастырушы, үшінші - бақылау.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында 2011-2013 жылдарында отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында бастауыш сыныптағы дарынды балаларды тәрбиелеуді зерттеу мақсатында эксперименттік алаң құрылып өз жұмысын атқарды.

Айқындаушы экспериментте жалпы білім беретін мектептердің 3 сынып оқушыларын нысанаға ала отырып тәжірибе жүргіздік. Алматы қаласындағы №156 көп коммуналды орта білім беретін мектебінде жүргізілген тәжірибелік жұмыстарға 129 оқушы, 244 ата-ана, 23 мұғалім қатысып, тәжірибеден өтті.

Айқындаушы кезеңде біз, зерттеу барысында жинақталған диагностикалық материалдарды пайдаландық.

Белгілі болғандай, диагностика – педагогикалық үдерістің жемісі мен нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу үшін қолданылатын тәсілдері.

Диагностиканың мақсаты – оқу-тәрбие жұмыстарын, олардың өнімділік нәтижесімен байланыстыратын дер мезгілінде анықтау, бағалау және талдау.

Диагностиканың міндеттері:

1. Оқушылар дамуының барысы мен нәтижесін талдау (оқушының білімге дайындығы, психикалық жетілу деңгейі, білім мен тәрбие жолында ілгерілеу қарқыны);

2. Педагогикалық үдерісі мен оның нәтижесін талдау (сауаттылық көлемі мен тереңдігі, игерілгенді қолдану ептілігі, ойлау деңгейі, шығармашылық іс-әрекетке қабілеті т.б.)

3. Тәрбие үдерісі мен ондағы жетістіктерге талдау беру(тәрбиелік деңгейі, адамгершілік сенім-наным тереңдігі мен қуаты, адамгершілік мінез-құлық бітістерінің қалыптасу деңгейі және т.б.)

4. Бастауыш сыныпта дарынды оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы балалардың айқын қабілеттері мен таланттарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың түрін, деңгейін және т.б. ерекшеліктерін анықтау және айқындау болып табылады.

Бастауыш сыныптағы дарынды балалардың бейімділігін анықтау диагностикасы дарынды баланы тәрбиелеуге көмегін тигізеді.

Отбасында да, мектепте де дарынды баламен жұмыс жүргізетін мұғалімдер немесе ата-аналар жан-жақты білімді, әсіресе бала жанын терең түсінетін сезімтал психолог болуы тиіс екендігіне жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесі дәлел бола алады.

Бұл орайда, тәжірибелік-психологиялық зерттеулер арнайы саланы құрайды, олар балалар дарындылығының табиғаты жөнінде жаңа теориялық және эмпирикалық мәліметтер алу мақсатында жүргізіледі, оның үстіне бұл зерттеулер алуан түрлі психологиялық-педагогикалық әдістемелерден тұрады, бұл әдістемелер дарындылық құрылысын, дарынды баланың қоршаған

әлеуметтік ортамен өзара қарым-қатынасын айқындауға бағытталған. Мұндай зерттеулерсіз аталмыш мәселе бойынша тәжірибелік іс-әрекетте ілгері басу мүмкін емес. Бүгінде дүниежүзілік ғылымда дарындылықты зерттеу бойынша үлкен тәжірибелік-айқындау мәліметтері жинақталған.

Жалпы алғанда, бұл зерттеулердің сараптамасы тәжірибелік-айқындау жұмыстарында балалардың дарындылығын танып білуге әр түрлі әдістемелік тұрғыдан келіп, олардың төмендегі арқылы жүзеге асырылып жатқанын көрсетті:

- балалар өмірінің ретроспективті зерттеулері (лонгитюдты, биографиялық, монографиялық әдістер);

- баланың жеке тұлғасының ақыл-парасаттылық және шығармашылық әлеуетін айқындау;

- шығармашылық жеке тұлғаның көрініс табуы мен дамуына ықпал ететін психикалық өріс факторларын зерттеу (ойлау, есте сақтау, қиял, зейін, ерік т.б.);

- баланың уәжінен, ақыл-парасатынан, жасампаздығынан, эмоциялық-ерік ерекшеліктерінен, мінез-құлқынан т.б. тұратын біртұтас жеке тұлғасы;

- дарындылықтың жеке дара-табиғи негіздері (адамның биологиялық жетілуі мен психикалық дамуы, мирасқорлық, орталық жүйке жүйесі (ОЖЖ), жынысы, жасы, мидың екі жартышарларының қатынасы т.б.).

Дарынды баланың дамуы – бұл мінез-құлықтағы үдемелі өзгерістерге әкелетін және психикалық, психофизиологиялық функцияларының сапалы өзгерістерінде көрінетін, оны ұйымдастырудың барлық деңгейін қамтитын жүйелі үрдіс.

Осы күні әлемдік ғылымда дарындылықты зерттеудің эксперименталды-диагностикалық материалдарының үлкен бөлшегі жинақталғанын айтып кеткен жөн, олар: «ақыл-парасат коэффициентін» (IQ) өлшеу тестері (А.Бине, Ф.Гальтон,); К.М.Гуревичтің басшылық етуімен ақыл-ойдың дамуының мектептік тестері (АДМТ); шығармашылық ойлау тестері (П.Торренс, Дж.Гилфорд, Ж.Пиаже, т.б.); біздің жағдайларға бейімделілген тестер (И.С.Аверина, Е.И.Щебланова, т.б.); шығармашылық қабілеттілікті айқындау әдістемелері (А.Г.Азарян, Д.Б.Богоявленская, А.М.Матюшкин, т.б.); ақыл-парасат қабілеттіліктерін жылдам айқындау тестері (И.С.Аверина, Е.И.Щебланова, т.б.); Э.А.Голубеваның басшылық етуімен жүйке жүйесінің жалпы және шартсыз-рефлекторлық қасиеттерін айқындау негізінде қабілеттіліктерді зерттеу; ақыл-парасатты темпераменттің қасиеттеріне байланысты зерттеу (К.К.Платонов, М.Русалова, П.В.Симонов, т.б.).

Психологтарға арналған әдістемелер тобында балалар дарындылығын айқындауда көп қолданысқа ие болғандары: «Дж.Равеннің прогрессивті матрицасы», «Д.Векслер тесті», П.Торренс тесттерінің ауызша емес және ауызша нұсқалары, Ф. Вильямстың түрлендірілген жасампаздық тестері, сондай-ақ, танымдық үрдістердің тиімділігін анықтауға бағытталған көптеген әдістемелер. Көңіл бөлетін бір жағы психоайқындау әдістемелерінің көбісі көп уақыт пен арнайы дайындықты қажет етеді, бұл оларды тәжірибеде қолдануда қиындықтар туғызады. Алайда Дж.Равен (конвергенттік ойлау) мен

П.Торренстің (дивергенттік ойлау) әдістемелері көп уақытты қажет етпейтінін де ескеру керек, сондықтан педагогтар оларды балаларды зерттеуде қолдана алады.

Айқындау әдістемелерінің *педагогтарға, ата-аналарға, балаларға арналған екінші тобы* психологтарға арналған әдістемелерден сапасы жағынан ерекше болып келеді, алайда психологиялық-педагогикалық ғылымда олар жеткіліксіз түрде жасалады. Бұл топтағы тұрақты жұмыс істейтіндері арасында төменгі сынып жасындағыларға бағытталып жасалған, тәжірибелік жұмыс барысында тексерілген әдістерді атауға болады, олар: А.И. Савенковтың «Төменгі сынып оқушыларына арналған қызықтар картасы» (ата-аналар мен балаларға), «Оқушы сипаттамасы» (мұғалімдердің дарынды баланың дамуы туралы өз ойларын жүйелеуге арналған), жалпы дарындылықты бағалау әдістемесі (ата-аналар мен мұғалімдерге), «Дарындылық картасы» әдістемесі (ата-аналарға арналған).

Бастауыш сыныптағы дарынды балалармен жұмыс жүргізу барысында біз, Н.С.Лейтестің 3 кезеңнен тұратын әдістемесін пайдаландық:

1.Қабілетті балаларды ата-аналар, педагогтар көмегімен, топтық сауалнамалар, әлеуметтік топтық жұмыстар жүргізу арқылы анықтау;

2.Психологиялық-педагогикалық сауалнамалар көмегімен, оның бейімділігі мен қызығушылығын ескере отырып диагностикалау;

3. Балалардың дамуына бағытталған және қабілетін тереңдету мақсатымен педагогтардың арнаулы жобалармен жұмыс жүргізуі [175].

Дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін арттырудың төмендегі әдістерін ұсынамыз:

Қайырымдылық, жағымды атмосфераны қамтамасыз ету;

- Баланы қоршаған ортаның әртүрлі жаңа заттармен баюын, оның білуге белсенділігін дамытудың әрекетін ұйымдастыру;

- Ұтымды идеяларды қолдау көрсетіп отыру;

- Жаттығулар мен тәжірибені жасаудың мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- Көкейтесті мәселелерді шешудегі шығармашылық көзқарастардың жекелік мысалдарын пайдалану;

- Балалардың сұрақтар қоя білу белсенділігін арттыру;

Мұндайда тізбенің пайдасы зор. Жоғары жетістіктердің негізгі құзыреттілігін тұжырымдау мақсатында мұғалімнің дарынды балалармен математикадан жүргізген жұмыстарын зерделей келе, пән мамандары мектепке негізделген өзінің тізбесін жасай алады. Мысалы, математика бойынша тізбелерден келесі белгілер бойынша үздік әрекеттерді көруге болады:

- Мәселені шешуде жылдам пайымдау;

- Дерексіз ойлауға, талдау жасауға, толық қорытынды жасауға қабілетті;

- Математикалық үлгілерді, құрылымдар мен қатынастарды қабылдай алу қабілеті;

- Баламалы шешімдер туралы ойлануға, іздестіруге икемді;

- Математикада жұмыстың міндеттерін қатал сақтайды.

Мұғалімдер мен оқушылар қалаған білім алу тәсілі туралы қажетті ақпараттың арқасында осал тұстарын дамытуға көңіл бөлуге тырысады, өйткені

кез-келген адам өзі қалаған тәсілмен жұмыс атқарғанда ғана жоғары жетістіктерге қол жеткізе алады. Мысалы, көзбен көріп қабылдайтын оқушылар бейнелеу өнері мен кескіндеуде, кестелер, диаграмма, заттың үлгісін жасауда, түрлі-түсті графиканы қолдануда үздік нәтиже көрсетеді. Кинестетикалық қабілеті бар оқушылар жұмыстары қозғалу, дене шынықтыру, заттарды қозғау мүмкіндігімен және таза ауадағы іс-әрекетпен байланысты болған жағдайда жоғары жетістікке қол жеткізе алады. Құлақпен естіп қабылдайтын оқушылар естіген мәселесін сөзбен жеткізуде үздік болады. Қисынды ойлау қабілеті бар оқушылар компьютерлік бағдарламалар мен ойындарды, терең ойлануды, дедуктивті пайымдауды қажет ететін мәселелерді, деректі мәліметтерді ұнатады.

Дарындылықтың теориялық тұжырымдамасына сәйкес дарындылық пен оның дамуының басты буыны баланың шығармашылық мүмкіндіктері болып табылады. Сондықтан, диагностикалық әдістер шығармашылық әлеуеттің және оның дамуы мен іске асу мүмкіндіктерінің маңызды сипаттамаларын айқындау қажет. Шығармашылық дарындылықтың (жасампаздық) диагностикалық әдістерінің ішіндегі ең әйгілісі, әрі кең тарағаны П.Торренстің шығармашылық ойлау тесттері болып саналады.

Шығармашылық талпыныстың негізінде жатқан қасиеттерді қалыптастыру іс-әрекеттері мен міндеттері жүйелі түрде жоспарлану керек. Шығармашылық сипаттаманы айқындайтын көрсеткіштер мыналар:

– *Жылдам ойлау және әрекет ету*, бұған мәселелердің сан түрлі тәсілдемелерін, шешімдерін немесе жауаптарын ойлап табу, «Қаншама нәрселер/сөздер/амалдар/ойлар/т.б; ... туралы не ойлайсың?» деген сұрақтарға сансыз жауап іздеу сияқты іс-әрекеттер жағдай жасайы.

– Соны, жан-жақты немесе айрықша тәсілдемелер арқылы мәселені шешуде *икемділік пен табандылық таныту*. Ол үшін жұмбақтар, Судоку, танграм, қиын есептер, құрама суреттер, сөзжұмбақтар қолданылады.

– *Сонылық* немесе жаңа, әдеттегіден тыс, ерекше, айрықша шешім ойлап табу. Бұған ерекше байланыстар мен ойлардың пайда болуына ықпал ететін сұрақтар (мысалы, «Бір ғана қасықтың қанша пайдасы болуы мүмкін?») және саналы түрде шығармашылық қиялды қолдайтын көркем ойлау түрін қалыптастыратын сұрақтар (мысалы, «Жапырақ пен мектептің қандай ұқсастығы бар?») көмектеседі.

– Шығармашылық қабілет арқасында берілген тапсырмаға (ынталандырмаға) қажетті бөлшектер қосу немесе күрделендіру арқылы *жетілдіру*. Ол суреттің бір бөлігі, бей-берекет таңдап алынған заттар, газеттің немесе суреттің қиықтары, ойластырылып таңдалған бір заттың бөлшектері болуы мүмкін.

Шығармашылық ойлау дағдыларына арналған жаттығуды орындау оқушыларды жаңа ойларды қалыптастыруға, дұрыс сұрақ қоя білуге, заттарға басқа қырынан қарай білуге тәрбиелейді. Мектепте алған білімін іс жүзінде қолдана алуға көмектеседі. Сол себепті шығармашылық ойлау қабілетті баланың басты қасиеті. Ол жоғары ойлау қызметінің бір бағаны, сыни

ойлаудың бір бөлшегі, талдау және бағалау сияқты ойлау тәсілімен байланысты қисынды және дедуктивті пайымдау үрдісі.

Алғаш рет көптеген зерттеу жобалары мен лонгитюдтық зерттеулерде кеңінен қолданды, нәтижесінде бұл әдістеме мазмұны мен қолдану шарты бойынша да, деректерді өңдеу тәртібі жағынан да жетіле түсті. Осылайша ол ең алғашқы түрімен салыстырғанда айтарлықтай жақсара түсті. Содан бері бұл әдістемені тек АҚШ-та ғана емес, сондай-ақ, бүкіл дүниежүзі бойынша: Германияда, Индияда, Норвегияда, Италияда, Қытайда, Жапонияда кеңінен пайдалана бастады. Біздің елімізде нақты зерттеу міндеттерін шешу үшін тест тапсырмаларының тек кейбір түрлері ғана қолданылған еді. Алайда, П.Торренстің тестерін дарындылықты айқындау мен дамытудың жаңа әдістерін жасауда нақты, жалпыға ортақ стандарт ретінде толықтай пайдалануға болады.

Торренс тесттерін әр түрлі мақсатта пайдалануға болады:

- 1) адамның ақыл-парасатының дамуын зерттегенде;
- 2) оқытуды дараландырумен байланысты зерттеулерде;
- 3) түзету және алдын алу бағдарламаларын жасағанда;
- 4) әртүрлі тәжірибелік оқыту бағдарламалардың, оқыту тәсілдерінің, оқу құралдары мен материалдарының балалардың жетістіктерінің емес, шығармашылық қабілетінің өзгеруі бойынша тиімділігін бағалауда;
- 5) жасырын шығармашылық мүмкіндігі бар балаларды айқындауда, бұл білім деңгейі төмен жанұядан шыққан және өз қабілетін дамытуға жағдайы жоқ балаларды зерттеу үшін ерекше маңызды.

П.Торренс шығармашылықты үрдістің сипаттамалары арқылы анықтайды, бұл үрдіс барысында бала қиыншылықтарды, білімнің тапшылығы немесе ондағы олқылықтарды, алуан түрлі ақпараттардың араласуын, қоршаған ортадағы элементтердің үйлеспеушілігін аса сезініп, бұл қиыншылықтарды анықтайды, олардың шешімін іздейді, мүмкін боларлық шешімдер туралы болжам-жорамалдар жасап, оларды қайта-қайта тексереді, оларды өзгертеді, қайта тексеріп, ең соңында нәтижелерін дәлелдеп шығады.

Оқушының дарындылығының біз жасаған үлгісіне сәйкес негізгі сипаттамалардың барлығын айқындауға бағытталған әдістемелерді, біздің пікірімізше, мазмұны бойынша топтастыруға болады:

- 1) ақыл-парасаттылық;
- 2) жасампаздық деңгейін айқындау мақсаты бойынша;
- 3) белгілі бір пән саласындағы басты түрткілер немесе басты қабілеттіліктерін (дарындылықтың арнайы түрін) айқындау мақсаты бойынша;
- 4) дарынды баланың әлеуметтік бейімділігін айқындау мақсаты бойынша.

Бұған қоса бұл топтардың әрқайсысы психологтарға, педагогтарға (мұғалімдерге, тәрбиешілерге т.б.), ата-аналар мен балалардың өздеріне арналған әдістемелерге бөлінеді.

Соңында, балалар дарындылығын айқындаудың *үшінші деңгейі* – *ұйымдастырушылық-педагогикалық* деңгей екі нұсқадан тұрады: балаларды бір мәрте зерттеу және айқындаудың ұзақ уақыт қолданылатын үлгілері.

Бір мәрте зерттеу дегеніміз балалардың дарындылығын айқындаудың бірінші кезеңінің үнемді нұсқасы, ол «дарындылық» деңгейі бойынша іріктеу

мақсатында бала туралы бастапқы ақпарат алуға бағытталған. Бір мәрте зерттеудің кең тараған түрінің бірі *жылдам-айқындау*, ол тестің көмегімен психометриялық деңгейде бір жақты өлшемге бағытталған. Жылдам айқындау әдістемелерін ресейлік ғалымдардың тобы жасаған (Аверина И.С. т.б.) «АПКЖАӘ» (ақыл-парасат қабілеттілігін жылдам айқындау әдістемесі).

Пассов әртүрлі жастағы дарынды және талантты балаларға сәйкес арнайы оқу бағдарламасының 7 қағидасын ұсынды.

1. Оқу бағдарламасының мазмұны ой құрылымымен білімді ықпалдастыратын маңыздырақ мәселелерді, ойлар мен тақырыптарды ұзақ, тереңірек үйретуді қарастыруы қажет.

2. Дарынды және талантты балаларға арналған оқу бағдарламасы өндірістік ойлаудың дамуын қарастыруы керек, сонымен қатар ол оқушыларға бар білімін қайта ойлау және жаңасын игеруге мүмкіндік беретін тәжірибеде қолданылу дағдысын қарастыруы тиіс.

3. Дарынды және талантты балаларға арналған оқу бағдарламасы оларға үнемі ауысып отыратын, дамып отыратын білімге және жаңа ақпараттарға қатынасу мүмкіндігін беруі керек, оларға білімді іздеп табуға талпыныс жасауға әсер етуі қажет.

4. Дарынды және талантты балаларға арналған оқу бағдарламасы сәйкес келетіндерінің еркін қолданылуын және дайын болуын қарастыруы тиіс.

5. Дарынды және талантты балаларға арналған оқу бағдарламасы олардың ынтасын және оқу мен дамудағы еркіндігін кеңейтуі керек.

6. Дарынды және талантты балаларға арналған оқу бағдарламасы олардың санасы мен сезімін, бөтен адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен және т.б. жағдайлармен қарым-қатынас түсінігінің дамуына ықпал етуі қажет.

7. Дарынды және талантты балаларға арналған оқу бағдарламасы алдыңғы маңызы бар қағидалармен бірге бағалануы керек. Сонымен бірге балалардың күрделі ойлау үрдісіне, олардың шығармашылыққа икемділігіне және орындау шеберлігіне басты назар аударылады.

Карне, Шведел және Уильямс дарынды балаларға арналған бағдарламаның келесі ерекшеліктерін көрсетеді:

- әдеттегі оқу жоспарына кірмейтін материалдармен танысу;
- таңдалған тақырыптың терең жұмыс жоспарының қамтылуы;
- абстрактылы түсінік пен жоғары деңгейдегі ойлау үрдісін талап ететін әрекеттің күрделірек түрлеріне ерекше мән беру;
- қолданылған материалдарға, уақытқа және ресурстарға қатысты үлкен ой икемділігі;
- тапсырмаларды орындаудағы еркіндік пен мақсатқа бағытталған өте жоғары талаптар;
- лидерлік қабілетті жасауы және көрсетуі үшін кең мүмкіндіктердің берілуі;
- шығармашылық және өндірістік ойлаудың кеңейтілуі;
- өз-өзінің және қоршаған ортаның тәртібін талдай білуді тәрбиелеу;

Төменде дарынды балалардың дамуына қатысты кейбір маңыздырақ қабілеттер мен икемділіктер келтіріледі. Ерекше дарынды балаларды айқындауда келесі жағдайлар туындайды:

- әр тұлғаның дамуына әсер ету;

- мүмкін болған жағдайда дербес жетістіктерді ертерек жоғары деңгейге жеткізу;

- дарындылық ресурсының қызметін жүктеу арқылы қоғамдық дамуға ықпал ету. (Ж.Брюно)

Осыған орай, біз, зерттеу жұмысымыздың барысында оқу-тәрбие үрдісінде дарынды балаларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ынтымақтастығы үшін қажет болатын мынадай алғы шарттарды анықтадық:

1) Отбасы мен мектептің ынтымақтастығында дарынды баланың өзіндік тәрбиеленуіне саятын ішкі түрткісіне дәл келуі;

2) Ата-ана мен мектептің ынтымақтастығында дарынды баланың мінез-құлқын ретке келтіру, тұрақтандыруы;

3) Отбасы мен мектептің ынтымақтастығында бастауыш сыныптағы дарынды балалардың тәрбиеленуінің даму үрдісін үнемі бақылауы;

4) Мұғалімнің бастауыш сыныпта дарынды балаларды тәрбиелеу әрекетінде отбасының жауапкершілік мүмкіндіктерін ескеруі;

5) Мұғалім мен ата-ананың бірлігінде өзара айтылған ой-пікірлерді ата-ананың ескеруі;

Әдебиеттер көрсеткендей, дарынды баланың жадында сақтау ерекшелігі өте жақсы. Баланың фактілерді, оқиғаларды, абстракты символдарды, әртүрлі белгілерді есіне сақтау қабілеттілігі дарындылықтың ең маңызды индикаторы. Дарынды балалар көбінесе әлеуметтік ортада адамдарды өзінің ерекше жадысымен таң қалдырады. Бірақ шығармашылық қызметте дарынды баланың айырмашылығы үлкен көлемдегі мәліметтің жадыда сақталуын қамтамасыз етпейді.

Айқындау әдістері аса күрделі әрі жоғары біліктілік пен арнайы оқуды қажет етеді. Айқындау әдістерін құру мен тексеруге мынадай негізгі талаптар қойылады:

- *стандарттау*, яғни нәтижелерді тексеру мен бағалау тәртібінің біркелкі болуы;

- *сенімділік*, тәжірибені бірнеше рет қайталағанда да сынақталушылардың нәтижелерінің тұрақты болуы;

- *анықтық* – нақты зерттеу әдістемесін қолданудың орынды әрі тиімді болуы.

Зерттеу барысында ата-аналарға, дарынды балаға, мұғалімдерге арналған сауалнамалар жүргізілді.

Сауалнама жүргізу - материал жинақтауда көпшілікке сауалнама сұрақтары таратылып, зерттелген мәселелер аумағында адамдардан жазбаша жауап алынады. Сауалнама сырттай берілген сұрақтарға жазбаша жауап алатындықтан оларды математикалық әдіспен талдап қорытынды шығаруға болады. Сауалнама жүргізудің нәтижесі берілетін сұрақтардың мазмұны мен құрылымына байланысты болады.

Сондықтан ата-аналардың педагогикалық-психологиялық жағынан білімін көтеру, мұғалімдерге арнайы курстар, зияткерлік жобалар, интеллектуалды сипаттағы ойындар, т.б. ұйымдастыру арқылы отбасы тәрбиесін өркениетті жолға қоюды көздедік. Сөйтіп, біз бұның өзіне арнайы жоспар жасап, диагностикасын іске асыруды белгіледік:

-Бастауыш сынып оқушыларына арналған **«Дарындылық картасы»** атты сауалнама алынды.(А.И.Савенковтың әдістемесі бойынша)

Ата-аналарға 3 кезеңнен тұратын сауалнамалар алынды. Олар:

-Ата-аналарды дарынды бала психологиясы және оның отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында **«Балалармен бірге өмір сүру өнері»** атты тақырыпта сауалнама өткізу;

-Ата-аналарға бала дарындылығын анықтау мақсатында **«Дарындылықты анықтауға байланысты тест»** (В.С.Юркевич әдістемесі бойынша) атты жұмыс ұйымдастырылды;

-Ата-аналардың балаға қарым қатынасының деңгейін анықтау жолында **«Әке мен ананың балаға деген қарым-қатынасының негізі»** атты тест алынды;

-Отбасы мен мектептің ынтымақтастық жағдайының мөлшерін анықтауға байланысты **«Отбасы және мектеп ынтымақтастығы»** атты ата-аналарға арналған сауалнама;

Мұғалімдерге дарынды балаларды анықтауға байланысты төмендегідей сауалнама жүргізілді:

-Дж.Рензулли әдістемесі бойынша мұғалімдерге дарындылықты танып білуге арналған алғашқы диагностика ретінде **«Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттары»** атты сұрақ-жауап арқылы дарындылықтың пайда болуын бірнеше аймаққа бағыттадық.

Ал отбасында дарынды баланың ақыл-ойы, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына әсер ететін, оның бойындағы қабілет, қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызатын отбасылық жағдайлар деуге болады.

Сауалнама нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

1.Оқушылармен осы бағытта жұмыс істейтін педагогтарды ғылыми-әдістемелік қолдаудың әлсіздігі.

2. Мұғалімдердің оқытуды жекелеп өткізуге дайын еместігі.

3.Қабілетті және дарынды балаларды психолого-педагогикалық жағынан сүйемелдеп отыру мәселе болып қала бермек.

4.Қабілетті және дарынды балалардың ата-аналары әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетуді қажет етіп тұрады.

5.Оқушылардың табиғи талабын дамыту үшін жағдай жасауда педагогтар мен ата-аналар ынтымақтастығының орындалуын талап етеді.

Мектеп жанынан экспериментатор-мұғалімдер тобы жасақталып, эксперимент алаңында диагностикалық іс-тәжірибе жұмыстары өткізілді. Айқындаушы эксперимент барысында мектеп пен отбасы бірлесе отырып, пікір алмасу негізінде ата-аналарға сауалнама жүргізіліп жауап алынды. «Дарындылық картасы», «Дарындылықты анықтауға байланысты тест», «Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттары», «Балалармен бірге өмір сүру

өнері», «Әке мен ананың балаға деген қарым-қатынасы», «Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» атты сауалнамалар жүргізу барысында бастауыш сыныптағы дарынды бала диагностикасы, дарынды бала тәрбиелеудегі ата-ананың рөлінің қаншалықты деңгейде маңызды екені бағаланып, пайыздық көрсеткіштері беріледі. Бұл сауалнама отбасындағы дарынды бала тәрбиесінде ата-ананың қарым-қатынасының мөлшерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сауалнама жүргізбес бұрын, эксперимент жүргізуге алынған сыныптарды екіге бөлдік. Олар: бақылаушы және эксперименттік топтар. Бірінші рет сауалнама жүргізгенде бақылау және эксперимент топтары бірдей қатысады.

Біз, айқындаушы эксперимент барысында бастауыш сыныптағы балалардың қай бағыт бойынша дарындылығы басым екендігін анықтау мақсатында А.И.Савенковтың «Дарындылық картасын» ұсындық.

Балалар үшін нұсқаулар:

Жауаптар парағының оң жақтағы бұрышына өз аты-жөнін жазады. Сұрақтарға берілген жауаптарды торларға орналастырады. 1-сұраққа жауап 1-нөмірлі торда, 2-сұраққа жауап 2-нөмірлі торда және т.с.с. Барлығы 35 сұрақ. Егер айтылған жағдайда бір нәрсе ұнамаса (-) белгісін қойыңыз; егер ұнаса (+); егер өте ұнаса (++) белгісін қоюға болады.

Мұғалімдер мен ата-аналар үшін нұсқаулар:

Оқушының қабілеттіліктеріне нақты ұсыныстар беру үшін, оның бейімділігі туралы білу қажет. Сізге 35 сұрақ ұсынылып отыр. Әрқайсысына мұқият қарай отырып, баланың мүмкіндіктерін жоғарылатпай және төмендетпей тырысып белгілеу. Егер бала бір себептермен жауап беруге қиналса, берілген торды ашық толтырмай қалдырып кетуіне мүмкіндік беру. Әрбір сферадағы белгілеулерді (+) санап, қайсысында жоғары болса, сол сферада бейімділіктің басым болуы шарт. Сұрақтар парағы: (Әрбір сұрақ "ұнай ма?" сөзімен аяқталады).

Мұғалімнің немесе ата-ананың көмегімен жүргізілген бұл әдістемеден 7сфера бойынша дарындылықты анықтауға болады. Олар:


- математика және техника;
- гуманитарлы сфера;
- көркемөнер қызмет;
- дене шынықтыру және спорт;
- қарым-қатынастық қызығушылық;
- табиғат және жаратылыстану;
- үй міндеттемесі, өз-өзіне қызмет ету еңбегі.

Айқындаушы экспериментке қатысқан 129 баланың әрқайсысының қай сферада бейімділігі бар екендігін төмендегі кестеден байқай аласыздар.

Кесте 9 - Дарындылық картасы (А.И.Савенков бойынша)

| Тобы | Саны | гуманитарлы сфера | | математика және техника; | | дене шынықтыру және спорт; | | қарым-қатынастық қызығушылық; | | табиғат және жаратылыстану; | | үй міндеттемесі, өз-өзіне қызмет ету еңбегі. | | көркемөнер | |
|------|------|-------------------|------|--------------------------|------|----------------------------|------|-------------------------------|-----|-----------------------------|------|--|-----|------------|------|
| | | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % |
| БТ-1 | 32 | 7 | 21,9 | 8 | 25 | 6 | 18,8 | 2 | 6,3 | 3 | 9,3 | 1 | 3,1 | 5 | 15,6 |
| БТ-2 | 31 | 6 | 19,4 | 10 | 32,3 | 4 | 13,9 | 2 | 6,4 | 4 | 14,3 | 2 | 6,4 | 3 | 9,7 |
| ЭТ-1 | 34 | 8 | 23,5 | 7 | 20,6 | 5 | 14,7 | 3 | 8,8 | 2 | 5,9 | 2 | 5,9 | 7 | 20,6 |
| ЭТ-2 | 32 | 7 | 21,9 | 6 | 18,8 | 7 | 21,9 | 2 | 6,2 | 2 | 6,2 | 2 | 6,2 | 6 | 18,8 |

Айқындаушы экспериментке қатысып отырған 129 баланың бейімділігін анықтауға көмектесті. Жалпы алғанда, математика және техника сферасы бойынша 1-БТ, 2-БТ, 1-ЭТ, 2-ЭТ топтарында бейімділік бойынша бала саны мен пайыздық көрсеткіштері анықталып тұр. Атқарушы эксперимент нәтижесінде 1-БТ-да жалпы 32 оқушы қатысып, гуманитарлы сферада бала саны 7; 21,9% математика бойынша 8 бала, 25% құрайды, дене шынықтыру және спорт 6 бала 18,8%; ал қарым-қатынастық қызығушылық 2 бала 6,3% құраса, табиғат және жаратылыстану бала саны 3; 9,3% көрсетеді. Келесі үй міндетемесі мен өзіне қызмет ету бойынша 1 бала, 3,1% пайызды, ал көркемөнер 5 бала, 15,6% көрсеткішті құрады. Бұл мәліметтерді 8-кестеден және 7 суреттен көруге болады.



Сурет 7 - Дарындылық картасы (А.И.Савенков бойынша)


Келесі сауалнама ата-аналардан «Дарындылықты анықтауға байланысты сауалнама» (ата-аналарға арналған). Сауалнаманың сандық, пайыздық өлшемдерін төмендегі 10-кестеден көруге болады.

Кесте 10 - Дарындылықты анықтауға байланысты сауалнама

| Тобы | Саны | Ұпайы | | | | | | | | | | Х орташа балл |
|------|------|-------|------|-------|------|------|------|------|------|------|-----|---------------|
| | | 20-23 | | 15-19 | | 9-14 | | 4-8 | | 4-0 | | |
| | | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | |
| БТ | 119 | 21 | 17,6 | 33 | 27,8 | 47 | 39,4 | 13 | 11 | 5 | 4,2 | 0,84 |
| ЭТ | 125 | 25 | 20 | 35 | 28 | 40 | 32 | 18 | 14,4 | 7 | 5,6 | 0,8 |

Сауалнама жүргізуде келісетін жауапқа «иә»-1ұпай, келіспейтін жауабына «жоқ»-0 ұпай белгіленді. Сауалнамада барлығы 23 сұрақ берілген. Олар 5 деңгейге бөлінеді:

Бірінші деңгей бойынша (20-дан 23 ұпайға дейін: сіздің балаңыз өте зерек, өзінің айналасындағыларға нақты көзқарасын білдіре алатын қабілеті бар) бақылау тобында барлығы 119 ата-ана қатысып, сауалнамаға жауап берді. 20-23 ұпай жинағандар саны 21 ата-ана 17,6%, ал эксперимент тобы ретінде 125 ата-ана қатысты, олардың 25сі 20-23 ұпай аралығында жауап беріп, 20% пайызды көрсетті. Екінші деңгей бойынша (15-тен 19ұпайға дейін: сіздің балаңыз өз қабілетін түсініксіз нәрселер үшін үнемі іске асыра бермейді, ол бірнәрсеге қызыққанда ғана зейін қойып түсінеді) БТ-да 33 ата-ана 27,8%, ЭТ-да 35 ата-ана 28% көрсеткішті анықтады. Келесі деңгейі 9-14 ұпай (9-дан 14 ұпайға дейін: сіздің балаңызда білім алу барысында түсінбеушіліктер көптеп орын алып отырады, ол өзіне міндеттелмеген нәрсеге көзқарасын тудырмайды. Балаңыздың білім алуы үшін шығармашылық іс-әрекеттер жетіспейді) жинағандар саны бақылау тобында 47 ата-ана 39,4%, эксперимент тобында 40 ата-ана 32 пайыздық көрсеткішпен, төртінші деңгейі (4-тен 8 ұпайға дейін: сіздің балаңыз өзіне жүктелген тапсырма үшін ғана шығармашылық ойлау әрекеттерін жасайды, ол іс-әрекеттер арқылы ғана жасауға икемді) бойынша БТ-да 13 ата-ана 11%, ЭТ-да 18 ата-ана 14,4% пайыздық көрсеткіште берілді. Бесінші деңгейде БТ да 5 ата-ана 4,2% болса, ЭТ да 5,6% көрсеткішпен 7 ата-ана қатысты. (қосымшада көрсетіледі). Бұл көрсеткіштердің бейнесін 10-кестеден және 8 суреттен көруге болады



Сурет 8 - Дарындылықты анықтауға байланысты сауалнама


Кезектегі сауалнама мұғалімдерге арнала отырып, Дж.Рензуллидің әдістемесінен алынған «Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттары» деп аталады. Сауалнаманың пайыздық көрсеткішін 11-кестеде ұсынамыз.

Кесте 11 - «Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттары»

| Тобы | Саны | танымдық | | мотивациялық | | лидерлік | | шығармашылық | | Х орташа балл |
|------|------|----------|------|--------------|------|----------|------|--------------|------|---------------|
| | | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | |
| БТ | 119 | 36 | 30,3 | 25 | 21 | 30 | 25,2 | 28 | 23,5 | 0,84 |
| ЭТ | 125 | 36 | 28,8 | 34 | 27,2 | 30 | 24 | 25 | 20 | 0,8 |

Диагностикаға барлығы 23 мұғалім және 244 ата-ана қатысты. Бірақ эксперимент жүргізген кезде мұғалім баланың оқу-тәрбиелік сипаттары бойынша ата-аналарға бағыт көрсетіп отырды. Ата-аналардың 119-ы бақылау тобы, ал 125-сі эксперимент топ ретінде қатысты. Бақылау тобында оқушылардың танымдық сипаттамалары (ОТС) бойынша 30,3%, эксперименттік топта ОТС бойынша 28,8 көрсеткіште беріледі. Ал мотивациялық сипат бойынша БТ-21%, эксперименттік топ 27,2% пайыздық көрсеткішпен анықталды. Лидерлік сипатта БТ-25,2%, эксперименттік топта 24% пайыз мөлшерімен анықталды. Шығармашылық сипатта БТ-23,5%, ЭТ-20% пайыздық көрсеткішпен берілді.

Бұл көрсеткіштердің бейнесін 9 суреттен көруге болады.



Сурет 9 - «Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттары»

Бұл диагностикада мұғалімдер арқылы дарынды балаларды танымдық, мотивациялық, лидерлік, шығармашылық аймақтары бойынша сипатталып бағалауға құрылды.

Айқындаушы эксперименттегі келесі сауалнама «Балалармен бірге өмір сүру өнері» деп аталады.


Ата-аналарға жүргізілген «Балалармен бірге өмір сүру өнері» атты сауалнамаға барлығы 244 ата-ана қатысты. Сауалнама 16 сұрақтан тұрады, сондай-ақ, жауап ретінде «үнемі», «жиі», «сирек», т.б. ұғымдары деңгейлерін анықтап береді. Жауаптар жоғары, орта, төмен 3 деңгейге байланысты сипат алады (сауалнама зерттеу жұмысымыздың қосымшасында беріледі). Сауалнамадан алынған жауаптардың нәтижесі төмендегі 12-кестеде беріліп отыр.

Кесте 12 - Балалармен бірге өмір сүру өнері

| Тобы | Саны | үнемі | | жиі | | сирек | | Х орташа балл |
|------|------|-------|------|------|------|-------|------|---------------|
| | | саны | % | саны | % | саны | % | |
| БТ-1 | 59 | 16 | 27,1 | 19 | 32,2 | 24 | 40,7 | 1,69 |
| БТ-2 | 60 | 9 | 15 | 24 | 40 | 27 | 45 | 1,66 |
| ЭТ-1 | 64 | 18 | 28,2 | 22 | 34,3 | 24 | 37,5 | 1,56 |
| ЭТ-2 | 61 | 15 | 24,6 | 24 | 39,4 | 22 | 36 | 1,63 |

Қатысқан 244 ата-ананың 119-ы бақылау тобы, 125-і эксперимент топ ретінде қатысты. Олардың бақылау тобы бойынша БТ-1де 59 ата-ана қатысып, олардың 16-сы аталмыш ұпайды жинап, 27,1%, ал БТ-2де 60, ата-анадан 9 ата-ана 15%, келесі топ ЭТ-1де 64 ата-ана қатысып, оның 18 ата-ана 28,2% пайызды


танытса, ал ЭТ-2 де 61 ата-ана қатысып, олардың 15-і 24% көрсеткішті көрсетіп, өз жауаптарын берді. Келесі сипат алуы «жиі», бұл көрсеткіштердегі диаграмма 1-БТ да барлығы 59 ата-ананың 19 ата-анасы 32,2%, ал 2-БТ да 60-дың 24-і 40% көрсеткішпен айшықталды. 1-ЭТ да 64 ата-ананың 22-сі 34,3%, 2-ЭТ да 24 ата-ана 39,4% пайыздық көрсеткішін анықтады. Үшіншісі «сирек» категориясы 1-БТ да 24 ата-ана 40,7%, ал 2-БТ да 27 ата-ана 45% пайыздық деңгейді көрсете білді. 1-ЭТ да 24 ата-ана 37,5%, 2-ЭТ да 22 ата-ана 36% өз деңгейлерін айшықтай түсті. Бұл көрсеткіштердің диаграмма бейнесін 10 суреттен көруге болады.



Сурет 10 - Балалармен бірге өмір сүру өнері


Келесі «Әке мен ананың балаға қарым-қатынасы» сауалнамасына қатысқан 244 ата-ананың 119-ы бақылау тобы, 125-сі эксперимент топ ретінде қатысты. Олардың бақылау тобы бойынша 15-20 ұпай жинағандар(Әке: сіз бала тәрбиесіндегі ер адамның рөлін бағаламайсыз, сіздің балаға деген талабыңыз балаңыздың тәрбиесіне байланысты емес, ол сіздің көңіл-күйіңіздің болуына байланысты жасалынады. Ана: сіз балаңызды өте жақсы көресіз, бірақ балаңыз үлкейгенде өз мәселесін өзі шешуі тиіс екендігін ұмытпаңыз) БТ-1де 60 ата-ананың ішінен 22 ата-ана, 36,6%, ал БТ-2де 50 ата-ананың ішінен 12 ата-ана 24% көрсеткіш көрсеткен болса, келесі топ ЭТ-1де 62 ата-ана, оның 15-20 ұпай жинағаны 24 ата-ана болса, 38,7% көрсеткішті көрсетті. Ал ЭТ-2де 60 ата-ана қатысып, оның 21-і көрсетілген ұпайды жинап, 35% пайыз көрсеткішпен өз жауаптарын берді. Келесі деңгейі 8-11 ұпай аралығы(Әке: бала тәрбиесін сырттай бақылаушы. Ана: балаңыздың өмір тіршілігіне сіздің эмоциялық қатынасыңыз керек) бойынша 1-БТда 28 ата-ана 46,6%, 2-БТда 27 ата-ана 54%, ал 1-ЭТ да 30ата-ана 48,3% көрсеткішпен, ал 2-ЭТда 26 ата-ана 43,3% бен анықталды. Үшінші деңгейі 8 ұпайдан төмен жинағандар(Әке: балаңызды қатты сөкпеңіз. Ана: сіздің балаңызға сіз тарапынан жұмсақтық, кеңпейілділік керек) бойынша 1-БТда 10ата-ана 16,6%, 2-БТ да 11 ата-ана 22%, ал 1-ЭТ да 8 ата-ана 12,9%, 2-ЭТ да 13 ата-ана 21,6 % көрсеткішпен есептелінді.





Бұл көрсеткіштердің диаграмма және кесте түріндегі бейнесін 11 суреттен көруге болады.



Сурет 11 - Әке мен ананың балаға қарым-қатынасы

Сауалнамаларға жауап беруге жеңілдік туғыза отырып, әдеттегі бірнеше нұсқалы жауаптар (иә, жоқ, сирек, күнделікті, уақыт жоқ, ешқашан) ұсынылды. Жүргізілген сауалнаманың нәтижесі 12 сурет арқылы көрсетіліп отыр.



-  — Ата-ана бала тәрбиесін сырттай бақылаушы
-  — Ата-ана баланың күрделі ерекшелік мәселелеріне көңіл бөлуші
-  — Баланың креативтілігі
-  — Ата-ананың балаға қарым-қатынасы

Сурет 12 - Айқындаушы эксперимент нәтижелері


Айқындаушы эксперимент жұмыстарын талдай келе, ата-аналардың 47% бала тәрбиесін сырттай бақылаушы екендігін анықтадық, сондай-ақ ата-аналардың 21% баланың өз дағдыларын дамыту туралы ойланып, бейімі мен қызығушылығын оятатын, айқындау жүйелері күрделі ерекшелік(дарынды) мәселелеріне аса жауапкершілікпен қарайды. Ал келесі кезеңде 12% көрсеткіші баланың креативтілігінің деңгейін көрсетсе, 20% -дағы ата-аналар дарынды балалардың әлеуметтік, эмоциялық қажеттіліктерін айқындап, қарым-қатынас орнататындығын айқындадық.

Келесі сауалнама «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» деп аталады. Ата-аналарға арналған отбасы мен мектептің ынтымақтастық жасау деңгейін анықтау мақсатында алынды. Сауалнама 9 сұрақтан тұрады. Нәтижесі берілген жауаптардың ынтымақтастық деңгейін көрсетумен анықталды. Оны 13-кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 13 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы

| Тобы | Саны | жоғары | | орташа | | төмен | | Х орташа балл |
|------|------|--------|------|--------|------|-------|------|---------------|
| | | саны | % | саны | % | саны | % | |
| БТ-1 | 59 | 20 | 33,8 | 16 | 27,1 | 23 | 38,9 | 1,69 |
| БТ-2 | 60 | 17 | 28,3 | 24 | 40 | 19 | 31,6 | 1,65 |
| ЭТ-1 | 64 | 14 | 21,8 | 27 | 42,1 | 23 | 35,9 | 1,55 |
| ЭТ-2 | 61 | 20 | 32,7 | 23 | 37,7 | 18 | 29,5 | 1,63 |

Сауалнамаға 244 ата-ана қатысты, 1-БТ-да 59 ата-ана, олардың 16-сы орта деңгей, пайызбен 27,1%, жоғары деңгейде 20 ата-ана, пайыздық көрсеткіші 33,8% болса, төменгі деңгейі 23 ата-ана, 38,9% пайызбен көрсетіледі. Ал 2-БТ-да 60 ата-ана жауап беруші, 24 ата-анасы орта деңгейді көрсетіп, 40%ды білдіреді, жоғары деңгейде 17 ата-ана, 28,3% дық көрсеткіш танытса, төмен деңгейі 19 ата-ана, яғни 31,6% пайызбен өлшенді. Келесі топ 1-ЭТ-да барлығы 64 ата-ана қатысып, оның 27-сі орта деңгейдегі, яғни 42,1%-дық көрсеткіш танытып, жоғары деңгейі 14 ата-ана қатысып, 21,8%, ал төмен деңгейі 23 ата-ана, 35,9%, 2-ЭТ-да барлығы 61 ата-ана жауап беріп, оның көрсеткіші орта деңгейі 23 ата-ана, 37,7%, ал жоғары деңгейі 20 ата-ана, 32,7% болса, төмен деңгейі 18 ата-ана қатысып, 29,5% пайыздық көрсеткішті белгіледі. Бұл көрсеткіштердің бейнесін 13 суреттен көруге болады.



Сурет 13 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы

Айқындаушы эксперимент нәтижесінде:

-мектеп пен отбасы ынтымақтастығында қабілетті балалардың бойында ойлау әрекеттерін саналы тәрбиелей отырып қалыптастыру арқылы өздігінен оқу материалын талдай, жинақтай, жалпылай, қорытындылай және салыстыра білуге үйрету;

– мектеп пен отбасының ынтымақтастығы жағдайында баланың күнделікті алған білімінің өмірге қажеттігін анықтай білуге машықтандыру;

– мектеп пен отбасының ынтымақтастығы жағдайында зерттеушілік, ізденушілік қабілеттерін дамыту;

мектеп пен отбасының ынтымақтастығы аясында өзіндік рефлексиялық қабілет, өмірде болып жатқан үдерістерге өзіндік ой-пікір қалыптастыру қажет екендігі айқындалды.

Айқындаушы эксперимент қорытындылары ата-ананың, мұғалімдердің, дарынды балалардың ынтымақтастық жағдайының тетіктерін іске асыру деңгейлерінің төмендігі, дарынды балаларды тәрбиелеу және отбасымен ынтымақтастықта атқарылатын жұмыстардың жеткілікті дәрежеде жұмыс атқармайтындығын көрсетті. Бұл отбасы мен мектепке зерттеу мәселесіне байланысты теориялық білімдер беріліп, практикалық дағдылар қалыптастыру қажеттілігін алға шығарды.

2.3 Қалыптастырушы эксперименттің мазмұны мен әдістемесі

Зерттеу барысында мәселенің шешімін табудың жауабы ретінде арнайы курс бағдарламасы, ата-аналарға арналған академия, ынтымақтастық мектебі құрылды. Диссертацияның аталмыш тараушасында тәжірибелік – эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде атқарылған істер баяндалып, нәтижелері келтірілетін болады.

1. Дарынды оқушыларды анықтау өлшемдерін белгілеу және іріктеу.

2. Педагогикалық кадрлар мен ата-аналардың бағдарлама бойынша дайындалуы.

3. Дарынды оқушыларға арналған бағдарламаны дайындау, жүзеге асыру және нәтижесін бағалау.

Біздің пайымдауымызша, дарынды баланы жан-жақты тәрбиелеуде тек қана мектептің емес, сонымен қатар отбасының да оң әсері болуы қажеттілік болып табылады.

Сондықтан да дарынды баланы кіші мектеп жасынан бастап тәрбиелеудегі отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында атқарылатын іс-әрекеттерге байланысты сұраныс артып, оның әдістемесі ұсынылып отыр.

Қалыптастырушы эксперимент барысында біз, мынадай әдістемелік жүйені дайындап:

- «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс;

-«Педагогикалық академия» (дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында ата-аналарға арналған) бағдарламасы;

- «Ынтымақтастық мектебі» (ата-ана - дарынды бала - мұғалім үштік негізінде) жобасын іске асырдық.

Әдістемелік жүйеге бастауыш сынып мұғалімдеріне арнап дайындалған «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс енгізілдігін айтып кеткен болатынбыз.

Курстың мазмұны:

«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» тақырыбындағы арнайы курс мазмұнына тоқталсақ:

Курстың мақсаты:

-Бастауыш сынып мұғалімдерінің дарынды балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектеп ынтымақтастығы мәселесінің теориясы мен әдістемесін меңгерту болып табылады.

Дарынды балалардың ата-аналары үшін ата-аналарға арналған **«Педагогикалық академия»** (дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында) құрылып, өз деңгейінде педагогикалық іс-әрекеттер ұйымдастырылды.

Дарынды балаларды тәрбиелеудегі отбасы және мектеп арақатынасының мәселесі, ең алдымен практикалық мәселе ретінде туындады. Дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесі білім беру мекемелерінің алдында бірқатар күрделі міндеттер қойды. Дарынды балаларды тәрбиелеудің күрделілігі тек білім беру жүйесінде ғана емес сонымен қатар олардың қоғамдағы әлеуметтенуінде де туындайды.

Сонымен қатар, қазіргі заманда дарынды балаларды отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында тәрбиелеу мәселелерін зерттеу қажеттілігі туындады. Мәселенің ғылыми негіздемесі бүгінгі күннен бастау алады және бастапқыда бұл арақатынастың әдістемелік қамту формасында болды. XX ғасырда дарынды балаларды демеу мен дамуында мәселені тұтас қарастыру

қажеттігі туындады. Дарынды балаларды тәрбиелеу мәселерін терең және жан-жақты зерттеу, отбасы мен мектептің бірлескен іс – әрекетінің ғылыми негіздері мен әдістері болмаса, дарынды балаларды тәрбиелеуде сәтті нәтижеге жету мүмкін емес. Берілген мәселе шешімін табу мемлекет дамуының рухани, экономикалық және әлеуметтік алғышарттарымен, сонымен қатар қоғам және мемлекет, тұлға еркіндігінің тұрақтылығымен байланысты.

Дарынды балаларды тәрбиелеу бойынша ата-ана мен мұғалім ынтымақтастығы негізінде тәрбиеленушілер отбасымен түрлі жұмыс формаларын қолдануды ұсынады, олардың қатарына: семинарлар, кеңес беру, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптар, ашық сабақтар, бірлескен спорттық жарыстар және ойындар, атаулы мерекелер және т.б. М: бала дарындылығын ерте кезде анықтау бойынша ата – аналарға кеңес беру орталықтары.

Қазіргі таңдағы педагогикалық ғылымда және тәжірибеде дарынды балаларды тәрбиелеуде бірқатар қарама – қайшылықтар бар, олардың шешімін табуға көптеген зерттеулер бағытталған:

- дарынды балалардың тәрбиесіне жағымды шарттар қамтамасыз ету үшін отбасы мен мектеп ынтымақтастығының тәрбиелік әлеуетін көтеру қажеттілігі мен қазіргі жағдайдағы осы арақатынастың концептуалды негізінің қарастырылуының жеткіліксіздігі арасындағы;

- дарынды балаларды тәрбиелеудегі отбасы және мектеп ынтымақтастығында тәжірибенің жағдайлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға педагогикалық ғылымның ұмтылуы мен отбасы және мектеп арақатынасының механизмдерінің жеткіліксіз деңгейде өңделуінің арасында;

- отбасы мен мектеп арақатынасын жүйелі ұйымдастырудың қажеттігі мен осы процесті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету үшін керекті психологиялық – педагогикалық зерттеулердің тапшылығы арасындағы;

- дарынды балалар отбасы және мектеп ынтымақтастығының тәжірибесі мен теориясы қажеттіліктердің артуы және дарынды балаларды әлеуметтендіру бағыты бойынша ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімінің жеткіліксіздігі арасында;

- отбасы және мектеп арақатынасында алыс шығыс елінің аймақтық ерекшеліктерін есепке алу қажеттілігі мен қарастырылып отырған үрдістегі тәжірибе, теорияның аймақтық компонентінің жеткіліксіз өңделуі арасындағы.

Көрсетілген қарама-қайшылықтар шешімін табуға бағытталғандық дарынды балаларды тәрбиелеуде пайдасы бар отбасы мен мектеп арақатынасының ата-аналарға арналған «Педагогикалық академияның» бағдарламасын өңдеу керектігін анықтайды.

Ата-аналарға арналған «Педагогикалық академиядағы» отбасы және мектептің ынтымақтастығының жетекші идеялары :

- дарынды балаларды тәрбиелеуші ата-аналар рөлін дамудың жеке жолын есепке ала отырып қарастыру;

- білім беру жүйесін - әр бала тұлғасының толыққанды дамуына мүмкіндік тудырушы, олардың өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі іске асыруға болатын, оның жеке дарынын қалыптастыруға, өмірде жетістікке жетуіне, сонымен қатар түрлі

пән аясында жоғары жетістікке жеткен дарынды балалар үшін шарттар құрушы білім беру ортасын құру ретінде.

- дарынды баланы ақпараттық – білім беру кеңістігін құру негізінде дамытудың құралдарының жиынтығын қарастыру;

- білім беру жүйесінің субъектілерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету (мұғалімдер, ата-аналар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілері), яғни олардың жігерленуінің интеграциясына және дарынды балалармен жұмыс жүйесінің толықтығына, оны басқаруды тиімді етуге алып келетін, іс-әрекеттерін реттеуден тұрады;

- ресурстық орталықтар деңгейінде дәстүрлі тиімді іс-әрекетті қолдау және дарынды балалар мен жасөспірімдермен жұмыс тәжірибесін жаңартуға мүмкіндік беруші жұмыстың жаңа формаларын құру.

Ата-аналарға арналған **«Педагогикалық академияның» мақсаты** – дарынды балаларды тәрбиелеудегі ата-аналардың педагогикалық білімін толықтырып, педагогикалық құзыреттілігін арттыру

Міндеттері:

-отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру,

-озық отбасылық тәжірибені анықтап,дәріптеу

-мектеппен отбасының біріккен іс-әрекетінің бағыттарын анықтап мазмұнын толықтыру.

Дарынды балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектеп өзара әрекеттесуі келесідей бағыттарын ерекшелеп өттік:

1) әдістемелік, оған кіретін: дарынды балаларды тәрбиелеу бойынша ата – аналарға әдістемелік көмек берудегі мектеп іс-әрекеті; ата-аналарды оқыту бағдарламаларына сыни тұрғыдан қарау, дарынды балалармен жұмыс бойынша сынып жетекшілеріне, ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар; дарынды балаларды тәрбиелеу бойынша ата-аналар жұмысының тәжірибесімен өзара алмасуды ұйымдастыру;

2) ғылыми-әдістемелік, ол мына жұмыстар арқылы сипатталады: ресурстық орталықтар негізінде ата-аналар үшін дәрістер болуы, семинарлар ұйымдастырылуы, дарынды балалармен көмек мақсатында конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру; білім беру бағдарламаларын және оқыту технологияларын құрастыру; ата-аналар, мұғалімдер бірлесіп ғылыми-практикалық конференция өткізуі.

«Педагогикалық академияның» бағдарламасын ұсынуды жөн көрдік.

Кесте 14 - «Педагогикалық академияның» бағдарламасы

| Атауы | Ата-аналарға арналған «Педагогикалық академия» |
|---------|--|
| 1 | 2 |
| Мақсаты | Ата-аналарға арналған «Педагогикалық академияның» мақсаты – дарынды балаларды тәрбиелеудегі ата-аналардың педагогикалық білімін толықтырып, педагогикалық құзыреттілігін арттыру |

| 1 | 2 |
|------------------------|--|
| Міндеттері | -отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру, -озық отбасылық тәжірибені анықтап,дәріптеу -мектеппен отбасының біріккен іс-әрекетінің бағыттарын анықтап мазмұнын толықтыру. |
| Ынтымақтасу қағидалары | Ұмтылысты демеу және сенімділік қағидасы Субъектілік қағидасы Шығармашылық және табыстылық қағидасы |
| Академияның қызметі | <p>Академия келесідегідей қызметтерді орындайды: эксперттік-диагностикалық, ұйымдастырушылық-жобалық, мобилизациялық; аналитикалық.</p> <p>Эксперттік–диагностикалық: дарынды балалармен жұмыс бойынша ата – аналар мен сынып жетекшілерінің білім беру қажеттіліктері туралы ақпарат жинау және талдау, ата – аналар мен сынып жетекшілерінің кәсіби, тұлғалық деңгейінің көтерілуін диагностикалау.</p> <p>Ұйымдастырушылық-жобалық: мақсаттылық, жоспарлау, ұйымдастыру, мақсат және міндеттерге қолжеткізу әдістерін іріктеу, ата-ана мен сынып жетекшілері өзара байланыс жобасын құру.</p> <p>Мобилизациялық: отбасы және білім беру мекемелерінің бірлескен іс-әрекетіне жалпы мотивация іздеу, дарынды балаларды тәрбиелеудегі ынтымақтастығын арттыру.</p> <p>Аналитикалық: дарынды балаларды тәрбиелеуде ата-ана мен сынып жетекшілері кәсіби құзыреттілік деңгейінің жоғарылауын бағалау.</p> |
| Практикалық маңызы | Дарынды балаларды тәрбиелеуде ата-ана және сынып жетекшілері ынтымақтастығының тиімді тетіктері мен формаларын анықтау. |
| Күтілетін нәтижелер | <ol style="list-style-type: none"> 1. Дарынды балалармен жұмыс бойынша ата – аналарға, педагогтарға әдістемелік нұсқауларды өңдеу. 2. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу бойынша ата – аналар мен сынып жетекшілеріне кеңес беруді ұйымдастыру. 3. Бала дарындылығын диагностикалаушы жүйенің болуы. 4. Отбасында дарынды балалармен жұмыс жағдайының статистикасын жүргізу және адрес мониторингісінің болуы. 5. Дарынды балаларды тәрбиелеуде ата – аналардың психологиялық – педагогикалық мәдениетін көтеру жүйесін құру. |

Ұсынылып отырған академияның жұмысы келесідегідей болмақ: зерттеу өзектілігі және оны ендіру жолдары отбасы және мектеп ынтымақтастығы дарынды балаларды тәрбиелеуге деген қызығушылығының артуымен анықталады. Отбасының бала тұлғасының қалыптасуына белсенді әсер ететіні белгілі. Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас және өзара байланыс ерекшеліктері адамгершілікті-психологиялық ахуал құрады, ол әр отбасының тәрбие міндеттерін шешуде маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің қатысуы іске асады, оның ішінде дарынды балаларды тәрбиелеуші ата – аналар бар. Ата-аналар мен балалардың өзара хабардар болуының жоғары деңгейі олардың тұлғалық ерекшеліктері туралы көзқарастарының қалыптылығы мен жақсы қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Отбасы тәрбиесі – бұл ата-ана мен туыстарының күшімен белгілі отбасылық шарттарда құрылатын білім беру және тәрбие жүйесі. Баланың тәрбиесіне әсер етуші факторлар: тұқым қуалаушылық және ата-аналар мен баланың биологиялық денсаулығы, материалды-экономикалық қамтамасыздығы, әлеуметтік орны, өмір сүру барысы, отбасы мүшелерінің саны, отбасының тұрғылықты орны. Педагогика және психология тарапынан дарынды балаларды тәрбиелеудің мәселесін отбасы және мектеп ынтымақтастығы аясында қарастыруды талап етеді.

Ата-аналар үшін «Педагогикалық академия» дарынды балаларды тәрбиелеуде келесідей қызметті атқарады: экспертті-диагностикалық, ұйымдастырушылық-жобалық, мобилизациялық, аналитикалық:

Эксперттік–диагностикалық: дарынды балалармен жұмыс бойынша ата – аналар мен сынып жетекшілерінің білім беру қажеттіліктері туралы ақпарат жинау және талдау, ата – аналар мен сынып жетекшілерінің кәсіби, тұлғалық деңгейінің көтерілуін диагностикалау.

Ұйымдастырушылық–жобалық: мақсаттылық, жоспарлау, ұйымдастыру, мақсат және міндеттерге қолжеткізу әдістерін іріктеу, ата – ана мен сынып жетекшілері өзара байланыс жобасын құру.

Мобилизациялық: отбасы және білім беру мекемелерінің бірлескен іс – әрекетіне жалпы мотивация іздеу, дарынды балалар демеудің ынтымақтастығын арттыру.

Аналитикалық: дарынды балаларды тәрбиелеуде ата – ана мен сынып жетекшілері кәсіби құзыреттілік деңгейінің жоғарылауын бағалау.

Білім алушылар әлеуметтенуі мен мәдени – әлеуметтік тәрбиесінде мектеп және отбасы өзара әрекеттесуі – бұл дискретті, өзара басқарылатын үрдіс, ол қоғамды ізгілендіру мен демократизациялаумен тығыз байланысты.

Іс – әрекеттің негізгі бағыттары:

- *ата-ананың белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру.* Отбасылық тәрбиенің жақсы тәжірибесіне сүйеніп, оны дарынды балаларды тәрбиелеудегі үрдісте қолдану. Басты шешуші өзара әрекеттесу жағымды шарты отбасы мен мектеп арасындағы сенімділік негізінде құрылған өара әрекеттестік болып табылады. Отбасы мен мектеп байланысы мына түрде болады, дарынды балаларды дамыту мен демеу үшін ата – анада қызығушылықтың болуы, яғни олардың бағыттылығын ескере отырып;

- *ғылыми-әдістемелік, білім берушілік.* Ата – аналардың даму мәселелерін ескеруші психологиялық – педагогикалық оқытылуын ұйымдастыру, және де оны өзіндік отбасылық жақсы тәрбиеге негіздеу. Дәріс кезіндегі қарым – қатынас әдісі – алшаң әңгіме, сырласу, ойлары бір жерден түйісуші адамдар диалогы.

- *ұйымдастырушылық-кеңес беру.* Бұл бағыт жеке кеңес беруді ұйымдастырудан тұрады, дарынды балаларды тәрбиелеуде туындаған мәселелерді шешу мақсатымен мамандарды (педагог, психолог, әлеуметтік педагог) шақырту.

Практикалық маңыздылығы дарынды балалар жұмысын ұйымдастыру бойынша ата – ана және сынып жетекшілері жұмысының тиімді механизмдері мен формаларын анықтау.

Бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

1. Дарынды балалармен жұмыс бойынша ата – аналарға, педагогтарға әдістемелік нұсқауларды өңдеу.

2. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу бойынша ата – аналар мен сынып жетекшілеріне кеңес беруді ұйымдастыру.

3. Бала дарындылығын диагностикалаушы жүйенің болуы.

4. Отбасында дарынды балалармен жұмыс жағдайының статистикасын жүргізу және адрес мониторингісінің болуы.

5. Дарынды балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін көтеру жүйесін құру.

Дарынды балалармен жұмыс жүйесін ұйымдастырудың басты міндеті олардың қабілеті мен талаптарын толық ашып, одан әрі дамыту үшін жағдай жасау мақсатында дарындылығының ерекшелігін айқындау мен анықтау. Басты мақсат баланың «дарындылығын» бағалау емес, оның психологиялық қасиеттерінің мықты және осал тұстарын анықтау, психологиялық-педагогикалық көмек пен қолдаудың тиімді жолдарын қарастыру.

Баланың дамитын әлеуметтік жағдайының зор мәні бар екенін ескеретін болсақ, балалардың дарындылығын айқындаудың арнайы әдістерін жасау қажет, ол үшін мынадай факторларды ескерген жөн: мәдени, ұлттық-этникалық, жанұялық факторлар, соның ішінде баланың денсаулығы мен оның әлеуметтенуінің ерекшеліктері.

Біз, зерттеу жұмысымыздың әдістемесінде мұғалімдерге арнап арнайы курс бағдарламасын жасадық, ал ата-аналарға арнап педагогикалық академия өз кезегінде жұмысын атқарды.

Ендеше, келесі әдістеме ата-ана- дарынды бала - мұғалім ынтымақтастығына арналды. Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында (мұғалім-ата-ана-дарынды бала) «*Ынтымақтастық мектебінің*» жобасы жасалды.

«Ынтымақтастық мектебі» жобасының мақсаты - Дарынды баланы тәрбиелеуге қажетті жағдай жасау үшін ата-ана мен мұғалім арасындағы әріптестікті нығайту.

Жоба міндеттері:

-баланың рухани, шығармашыл, еркін дамуы үшін жағымды жағдай туғызу;

-ата-аналарды балаларымен тиімді қарым-қатынас жасауға үйрету;

-ата-ананың мұғаліммен серіктестік пен ынтымақтастық негізінде қарым – қатынас құруға дағдыландыру;

-дарынды баланы тәрбиелеу үшін ата-аналардың бойында өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.

Мектеп және отбасы ынтымақтастығы – бұл сынып жетекшісінің мақсатты бағытталған жұмысының нәтижесі, ол отбасы тәрбиесінің шарттарын және ерекшеліктерін, отбасының жан – жақты және жүйелі зерттелуін көрсетеді.

Жұмыс жоспарының бірінші бағытын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

«Ынтымақтастық мектебі» жобасын іске асыру нәтижесінде, ата – аналармен ағарту жұмыстарын жүргізудің психологиялық – педагогикалық жүйесі құрылады және дарынды баланың отбасы тәрбиесінің жағымды тәжірибесі таратылады, отбасының рухани-адамгершілік берекесін қалыптастыру сұрағы өзекті. Және де дарынды бала мен олардың ата-аналары жағымды өзара қатынасы орын алады.

Екінші бағыт: дарынды білім алушылармен жұмыс жүйесіне және мектеп дамуына әсер етуші қоғамдық ұйым мекемесін құруға бағытталған іс-шараларды өңдеу, ол өз кезегінде білім беру мекемесінде ата-аналар комитетін құру бойынша іс-шаралар жүйесін құрайды. Бұл ұйым қазіргі күнгі мектептер іс-әрекеті барысында туындайтын негізгі мәселелерді шешу үшін қажет: мекеменің материалдық-техникалық базасын жақсарту сұрақтары, мектептің негізгі іс-әрекеті сұрақтары, мектептің микро және макро әлеуметтік өзара байланыстылық мәселелері.

Үшінші бағыт: дарынды оқушылардың, олардың ата-аналарының, педагог мамандардың бірлескен сабақтан тыс іс-әрекетін жоспарлау, тәрбие дәстүрін дамыту, әсіресе отбасының шығармашылық әлеуетін арттыру. Мектеп, отбасы, дарынды бала ынтымақтастығы бірқатар жыл сайынғы іс-шараларды қажет етеді:

1. Дарынды балалар мен ата-аналары үшін мерекелік жарыстар;

2. Бірлескен шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру;

Барлық балалар мен ата-аналар өздерінің қажетті екенін сезінуі керек. Мектеп ұжымы мұнда басты рөлді атқарады. Сол себепті балалармен бірігіп оқу пәндері бойынша өз топтарымызды құра бастадық. Бірінші оқу тоқсанында сынып оқушыларына келесідей топтарды ұйымдастырдық: «Қызықты математика», «Менің тілім – менің сырласым». Бұл топтарға ата-аналар мен балалар шақырылған. Әр топ форумында ай сайын біз кезекті тапсырмаларды ілеміз: зияткерлік тапсырмалар, қызықты сұрақтар, жұмбақтар, логикалық, стандартты емес шығармашылық есептер.

Дарындылық жеке дара және қайталанбас қасиет, сондықтан мұғалім әрбір баланы оқыту мен дамытудың тиімді жағдайлары туралы мәселені бөлек алып қарастырдық. Бұдан мұғалімнің дарынды балалармен жұмысының негізгі міндеттері мынадай болмақ:

1. Жеке дара ерекшеліктер мен қабілеттерді айқындай (дарынды баланың ерекше тұстарын табу, балаға сол ерекше тұстарын көрсетіп, өз мүмкіндіктеріне сенуіне жағдай жасау) білу;

2. Дарынды балаға оны қанағаттандыратын білім беру ортасын құру(айқындау нәтижелері, оқыту мен дамыту мазмұнын, түрлерін және әдістерін таңдауға байланысты: топтық, жеке дара, байыту, тездету т.б.);

3. Дарынды балалардың ақыл-парасаттылық және шығармашылық әлеуетін ашып, дамытуға мүмкіндік беретін оқыту бағдарламаларын жасай алу;

4. Дарынды балаларды оқытуды дараландыру (әр түрлі пәндер бойынша алға жылжудың жеке дара жылдамдығына мүмкіндік беретін дараланған кесте бойынша сабақтар);

5. Оқушылармен бірлескен шығармашылықты ұйымдастыру (үйірмелер, факультативтер, клубтар, кітапханалар, мұражайлар т.б.) жүргізілді;

6. Оқушылар арасындағы дұрыс қатынасты орнату (оқушылар арасындағы агрессивті мінез-құлықтың алдын алу) орташа қалыпты көрсетті;

7. Жеке дара кеңес беру көмегі (дарынды балаға баланың дамуының бұзылуы: дислексия, диссинхрония т.б. сияқты жеке басының қиыншылықтары кезінде көмек көрсету) берілді;

8. Ата-анамен жұмысты (балалары туралы, олардың даму болашағы туралы ақпарат беру, тиімді бірлескен жұмысты ұйымдастыру) түбегейлі жүргізу.

Қорыта келгенде, дарындылықты және ерекше қабілеттілікті балалық шақтан таңдап, ата-аналар мен мұғалімдер бірлесе жасайтын педагогикалық-психологиялық мазмұндағы көптеген жұмыс түрлерін ұйымдастырып, әдістемесін жасауды қажет етеді. Бұл әдістеме мынадай нәтижелер бере алады:

- Рухани зияткерлік және шығармашылық дарыны бар балалар санының артуы.

- Дарынды балалармен жұмыс істеуде заманауи әдістермен қаруланған педагог санының өсуі.

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға арналған іс-шаралар ауқымын кеңейту.

- Оқушылардың жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

- Дарынды балалармен жұмыс жасайтын педагогтардың біліктілігін арттыру.

- Дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін жасау

сонда ғана дарынды ұрпақтың меңгерген білімі мен іскерлік дәрежесі қоғамның дамуына үлесін қоса алады.

Біз, зерттеу жұмысымыздың диагностикасында мұғалімдерге сауалнамалар мен тест жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Сол жүргізген диагностикалық жұмыстар нәтижесінде дарынды балалардың мотивациялық, танымдық, лидерлік, шығармашылық сипаттамаларын бір жүйеге келтіріп, сараптадық (15 кестеде)

Кесте 15 - Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша дарынды баланың мотивациялық, танымдық, лидерлік, шығармашылық аймағындағы сипаттамалары

| Сипаттамалар | Сипаттамалардың даму деңгейі | | |
|---------------------------|--|---|--|
| | Төмен | Орташа | Жоғары |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Мотивациялық сипаттамалар | Бала тапсырмаға қызығушылығын тез жоғалтады, сынға кері әсер етеді, басталған істі үнемі аяғына дейін жеткізе алмайды. | Бала дербес жұмысты қалайды, ересектер тарапынан араласушылықты қаламайды, өзіндік сынилыққа асыра бейім. | Бала қойылған міндеттерді соңына дейін жеткізеді, өзге берілген тапсырмаларды қабылдамастан, басталған жұмысты аяғына дейін жеткізеді. |
| Лидерлік сипаттамалар | Бала өзіне қоршаған орта назарын аударуға тырысады, бар айналадағы ортаны қанағат тұтады | Бала өте жауапкершілікті, уәдесінде тұрады, құрбылары айтқан ұсынысты орындайды. | Бала өзге балалар арасында өзін белсенді сезінеді, іс-әрекетті басқарады, өзін балалар және ересектер ортасында еркін сезінеді. |
| Танымдық сипаттамалар | Бала сөзі аса әртүрлілікпен ерекшеленбейді, бала сұрақтары тек берілген тапсырма аясында болады, нақты ақпаратты есте сақтау мен қайта айтуда қиындық туындауы мүмкін. | Бала әртүрлі тақырыптар аясында көптеген ақпараттарға ие, көптеген дамытушы сұрақтар қояды, ол сұрақтар бала зерттеулерінің аясында болады. | Бала өз жасына көптеген сөз қорына ие, сөйлеу бағыты жан-жақты және тез, термин сөздерді түсініп қолданады. |

| 1 | 2 | | |
|---------------------------|---|---|--|
| Шығармашылық сипаттамалар | Білімге қызығушылық танытпайды. Фантазия жақсы дамымаған. Ерекше шешім қабылдау алмайды. Мәселені жан-жақты қарастыру қабілеті жоқ. Мұғалімнің көмегімен тапсырманы түсінеді. Оқуда қызығушылық танытпайды. | Білімге деген қызығушылығы кейде алға жетелемейді. Кейде фантазия, елес пайда болады. Іс-әрекет барысында күнделікті шешім қабылдайды. Әрбір істе қабілеттілігімен алға шығады. Көбінесе өзіндік жұмыс жасауда қияндықтарға тап болады. Өзінің көңіліне ұнаса қызығушылық танытады. | Білімге деген құштарлық, жаңалыққа деген қызығушылықты танытады. Тапқырлық, фантазия, елес, альтернативті ойлау дамыған. Ерекше шешімдерге деген бейімділік бар. Ойлау икемділігі мәселені жан – жақты қарастыру қабілеті жоғары. Дербестік, ой және пікір еркіндігі кіріс алған. Тапсырмалармен өзіндік жұмыс жасайды. Қызығушылық тұрақтылығы бар. |

Жүргізілген әдістеме мазмұны мен қалыптастырушы эксперимент соңында бастауыш сынып оқушыларымен жоғарыда аталған диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналардың өз балаларының дарындылығының дамуының ерекшеліктеріне тигізетін әсерін зерттеу тәжірибелеріне, оның басты әрекеті өзін-өзі баға беру байланысына, белгілі бір аймақтағы баланың академиялық табысына оның пайымдауы мен қабілеттеріне, яғни әлеуметтік объектіге қабылдау өрісінен тыс толықтыра түсуді қажет етуіне және ата-ананың әлеуметтік тұрғыдан үміттенуіне әсер етеді. Бұл жерде ата-ананың көзқарасы құнды болып табылады. Осындай сәттерде басты назар ата-аналардың үлкен рөлдік құрылым жасауына байланысты болып келеді. Біз атқаруға тиісті міндеттер баланың бастауыш мектеп жағдайындағы өмірі, отбасының ықпалы, тәрбиелеу әдіс тәсілдері болып табылмақ. Мұндай міндеттерді құру

мүмкіншілігі білім жүйесінің қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктері бойынша анықталады. Ата-аналар тарапынан бала дарындылығын анықтау түрлі қарапайым түсініктер және түсінік мақсаттарын жобалайтын міндеттер, тапсырмалар, тәрбиелеу әдістеріне сай анықталып жүйеленді.

Дарынды бала идеясы – ғылым мен білімнің өрлеуінің бірден-бір тіректік аймағы. Дарынды қабілетке бейімделудің алғашқы сатысы отбасында қалыптасады. Ары қарай дарынды қабілетке бейімделудің жаңа құрылым-жүйесі, оның мұрат-мүдде сатыларының іс-жүзіндегі ерекшеліктерін зерделеп, іс тәжірибеде ұтымды пайдалана білуіне қатысты болмақ. Бұл тұста педагогтың, педагог пен ата-ананың ынтымақтаса отырып, дарынды бала ерекшеліктерін терең ұғынып, әрбір істе оң нәтижеге бағыттауы қарастырылды. Осы мәселеге байланысты іс-тәжірибелерден жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар мәртебесінен дарынды балаларға арнайы білім беретін мектептердің ұстанымы мүлдем ерекше екендігін аңғарамыз. Мысалы, дарынды балаларға арналған мектептер оқушылардың жалпы көрсеткіштерін, ішкі интеллектуалды әлеуеттерінің салмағын диагностикалау әрекетімен есептеу тұрғысында анықтай алдық.

Бастауыш сыныптағы дарынды баланың тұлға болып қалыптасуы, оның шығармашылықпен дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алатыны, тәрбие құндылықтары арқылы елін, жерін әлемге танытатын дарын иесі ретінде дамуы туралы сөз қозғағанда тәрбие мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді.

Отбасы мен мектеп ынтымақтаса отырып, дарынды тұлғаға құрметпен қарауды, оның дарындылық қасиетінің мәнді дамуына қамқорлық көрсетуді, оның дарындылық қабілетінің дамуы барысындағы еріктілігі арқылы ата-ана мен педагогтың дарынды тұлғаға өздерін-өздері дамытуындағы жауапкершілігі бар субъекті ретінде қарауын, сондай-ақ, субъектінің-субъектіге көңіл бөлу негізіндегі қарым-қатынасқа негізделген отбасы мен мектептің өзара педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыру қажеттігі туындап отыр.

Сонымен қорыта келгенде, аталмыш тараушада қалыптастырушы эксперимент жүргізу барысында әдістемелік жүйенің яғни, «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курсты, ата-аналарға арналған «Педагогикалық академия» жұмыс бағдарламасын, «Ынтымақтастық мектебі» жобасының іске асырылуы жайлы айтылады.

2.4 Бақылау экспериментінің нәтижелері

Эксперименттің бақылау кезеңінде біз, мынандай міндеттерді қойдық:

1) Қалыптастырушы эксперимент нәтижесін саралап, математикалық өңдеу.

2) Нәтижені математикалық өңдеу арқылы отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің жоғары, орта, төмен деңгейлерін анықтау.

3) Бақылау экспериментінің нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Біз, зерттеу жұмысымыздың әдістемесін жүргізген соң, нысанға алған бақылау және эксперимент тобынан сауалнамалар алдық. Бақылау

экспериментін жүргізу барысында мектеп пен отбасы негізінде ата-аналармен сауалнама жүргізілді. Атап айтар болсақ, «Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттары», «Отбасы және мектеп», «Балалармен бірге өмір сүру өнері» атты сауалнамалар алынды. Әдістемелік жүйе енгізілгеннен кейін бастауыш сыныптағы дарынды бала диагностикасы арқылы дарынды бала тәрбиелеудегі ата-ана мен мектептің ынтымақтастығының маңызының қаншалықты өзгергенін бағалауға арналды. Сондай-ақ, бұл сауалнама отбасындағы дарынды бала тәрбиесінде ата-ананың қарым-қатынасының деңгейлерінің өзара қатынасының мөлшерін анықтауға мүмкіндік берді.

Біз, айқындаушы эксперимент жүргізу барысында дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттарының және отбасы мен мектептің ынтымақтастығының төмен деңгейде екендігін аңғардық. Әдістемелік жүйенің жұмыс жоспарлары іске асқаннан кейінгі даму өзгерістерін байқау мақсатында қайтадан «Балалармен бірге өмір сүру өнері», «Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» сауалнама қайта алынды.

Мұғалімдерге арналған, яғни мұғалімдерден сауалнама алу арқылы дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттарына рейтинг жасаудың даму динамикасын аңғардық.

Бақылау экспериментіндегі келесі сауалнама «Балалармен бірге өмір сүру өнері» деп аталады.

Ата-аналарға жүргізілген «Балалармен бірге өмір сүру өнері» атты сауалнамаға барлығы 244 ата-ана қатысты. Сауалнаманың нәтижесі жоғары, орта, төмен деңгейлерінің динамикасын анықтап берді. Жауаптар жоғары, орта, төмен 3 деңгейге байланысты сипат алады (сауалнама зерттеу жұмысымыздың қосымшасында беріледі).

Қатысқан 244 ата-ананың 119-ы бақылау тобы, 125-і эксперимент топ ретінде қатысты. Олардың эксперимент тобы бойынша эксперименттен кейінгі жоғары деңгейі 50,2 % орташа деңгейі 47,2% төменгі деңгейі 2,5% пайыздық көрсеткішті құрайды. Ал бақылау экспериментін жүргізгенде құрылымдық-мазмұндық үлгіге байланысты мотивациялық компоненттегі «Балалармен бірге өмір сүру өнері» атты сауалнама бойынша отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайындағы дарынды балаларды тәрбиелеуде мотивациялық-құндылық қатынастың болуы өлшеміндегі

- Ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен қажеттілігін ұғыну;


- Білімге құштар, шығармашыл белсенді баланы тәрбиелеудің жауапкершілігін ұғыну;

- Дарынды балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектеп ынтымақтастығының қажеттілігін түсіну;

- Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің маңызын түсінуі деп сипатталатын көрсеткішіндегі жоғары, орта, төмен деңгейінің анықталуын 16 кесте мен 14 суреттен көруге болады.

Кесте 16 - Балалармен бірге өмір сүру өнері деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық)

| Деңгей | БТ-1 | | БТ-2 | | ЭТ-1 | | ЭТ-2 | |
|--------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
| | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін |
| жоғары | 27,1 | 28,2 | 15 | 28 | 28,2 | 49,2 | 28,2 | 50,3 |
| орташа | 32,2 | 35,6 | 40 | 50 | 34,3 | 41,1 | 39,4 | 47,2 |
| төмен | 40,7 | 36,2 | 45 | 22 | 37,5 | 9,7 | 36 | 2,5 |



Сурет 14 - Балалармен бірге өмір сүру өнері деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық)

Үлгідегі мазмұндық компонентінде мұғалім мен ата-ананың «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» жайындағы теориялық білімдерінің болуы деп берілген өлшемі бойынша:

- Дарынды балалар тәрбиесі туралы мәселені талдауды заманауи тұрғыдан қарастыра білуі.


- Ата-ана мен мұғалім бастауыш сынып жасындағы (6-11жас аралығы) дарынды балалардың ерекшеліктерін мен қажеттіліктерін білуі.

- Бала дарындылығын айқындауда ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімінің болуы.

- Мұғалім мен ата-ананың дарынды балаларды дамыту мен тәрбиелеудің тиімділігі мен әдіс-тәсілдерін білуі сияқты көрсеткіштерінің жоғары, орта, төмен деңгейлерінің өзгеру динамикасындағы пайыздық өлшемдерін 17-кестеден көруге болады.

Кесте 17 - Балалармен бірге өмір сүру өнері деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мазмұндық)

| Деңгей | БТ-1 | | БТ-2 | | ЭТ-1 | | ЭТ-2 | |
|--------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
| | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін |
| жоғары | 20,3 | 25,5 | 16,6 | 23,3 | 25 | 40,6 | 22,9 | 45,9 |
| орташа | 33,9 | 35,6 | 40 | 41,7 | 34,4 | 36 | 39,3 | 41 |
| төмен | 45,8 | 38,9 | 43,4 | 35 | 40,6 | 23,4 | 37,8 | 13,1 |



Сурет 15 - Балалармен бірге өмір сүру өнері деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мазмұндық)

Біз ұсынған үлгідегі іс-әрекеттік компоненті бойынша «Балалармен бірге өмір сүру өнері» атты сауалнаманың бақылау экспериментін жүргізуде ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің сәтті нәтиже беретін негізгі біліктерді игеруі өлшеміндегі:

- Дарынды балаларды тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстың тиімді түрлері мен әдістерін қолдана алу іскерлігі.

- Дарынды баланың жетістіктерінің нәтижелерін дұрыс бағалай білу іскерлігі.


- Ата-ана мен мұғалімнің дарынды балаларға кеңес беріп, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты психологиялық жағынан сауатты құра алу іскерлігі.

- Дарынды балалардың ата-анасына мұғалім тарапынан кәсіби кеңес беріліп, олармен бірлескен жұмыстың тиімді жолдарын іздестіре алу іскерлігі

деп аталатын көрсеткіштеріндегі аталмыш компоненттің БТ және ЭТ-ы бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлерінің пайыздық көрсеткіші 18-кесте және 16 суретте беріледі.

Кесте 18 - Балалармен бірге өмір сүру өнері деңгейлерінің өзгеру динамикасы (іс-әрекеттік)

| Тобы | БТ-1 | | БТ-2 | | ЭТ-1 | | ЭТ-2 | |
|--------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
| | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін |
| Жоғары | 30,5 | 31,2 | 21,6 | 27,8 | 32,8 | 44,6 | 27,9 | 41,2 |
| Орташа | 33,9 | 34,5 | 36,7 | 38,1 | 35,9 | 39,1 | 42,6 | 48,7 |
| Төмен | 35,6 | 34,3 | 41,7 | 34,1 | 31,3 | 16,3 | 29,5 | 10,1 |




Сурет 16 - Балалармен бірге өмір сүру өнері деңгейлерінің өзгеру динамикасы (іс-әрекеттік)

Бақылау эксперименті бойынша қайталанып алынған сауалнама «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы» деп аталады. Экспериментке 4топ қатысты. Мотивациялық компонент бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері анықталды. Эксперимент тобының жоғары деңгейі экспериментке дейін 22 пайызды құраса, эксперименттен кейін 47,6 пайыздық көрсеткішті береді. Ал орта деңгейі бойынша экспериментке дейін 42,1

пайызды құраса, эксперименттен соң 51,4% көрсетеді. Төмен деңгейі экспериментке дейін 35,9 пайызды құраса, эксперименттен кейін 10,6 пайызға төмендеген. Жалпы мотивациялық компонент бойынша үш деңгейдің өзгеру динамикалары 19-кесте және 17 суретте беріледі.

Кесте 19 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық)


| Тобы | БТ-1 | | БТ-2 | | ЭТ-1 | | ЭТ-2 | |
|--------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
| | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін |
| жоғары | 33,9 | 35 | 28,4 | 30,1 | 22 | 38 | 32,7 | 47,6 |
| орташа | 27,2 | 28,8 | 40 | 42,4 | 42,1 | 51,4 | 37,8 | 44,1 |
| төмен | 38,9 | 36,2 | 31,6 | 27,6 | 35,9 | 10,6 | 29,5 | 8,3 |



Сурет 17 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мотивациялық)

Кесте 20 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мазмұндық)


| Тобы | БТ-1 | | БТ-2 | | ЭТ-1 | | ЭТ-2 | |
|--------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|---------------|
| | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін | Экспер. дейін | Экспер. кейін |
| жоғары | 30,5 | 33,8 | 26,7 | 31,7 | 23,4 | 37,5 | 31,1 | 45,9 |
| орташа | 28,8 | 30,5 | 38,3 | 40 | 40,6 | 43,75 | 39,4 | 37,7 |
| төмен | 40,7 | 35,7 | 35 | 28,3 | 36 | 18,75 | 29,5 | 16,4 |



Сурет 18 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының деңгейлерінің өзгеру динамикасы (мазмұндық)

Кесте 21 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының деңгейлерінің өзгеру динамикасы(іс-әрекеттік)

| Тобы | BT-1 | | BT-2 | | ET-1 | | ET-2 | |
|--------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|
| | Эксперт. дейін | Эксперт. кейін | Эксперт. дейін | Эксперт. кейін | Эксперт. дейін | Эксперт. кейін | Эксперт. дейін | Эксперт. кейін |
| жоғары | 37,2 | 39,1 | 30 | 31,7 | 25 | 36 | 32,8 | 48,2 |
| орташа | 25,5 | 27 | 41,7 | 42,4 | 43,7 | 54,6 | 39,3 | 45,1 |
| төмен | 37,3 | 33,9 | 28,3 | 25,9 | 31,3 | 9,4 | 27,9 | 6,7 |



Сурет 19 - Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының деңгейлерінің өзгеру динамикасы(іс-әрекеттік)

Бақылау эксперимент қорытындыларында ата-ана мен мұғалімдердің ынтымақтастығы негізінде дарынды балаларды тәрбиелеу жоғарыда көрсетілгендей нақты өзгерістермен сипат алды.

Біздің зерттеуіміз көрсеткеніндей, ата-аналардың қандай да бір тобы, оның баласы дарындылықтың жалпы белгілерін көрсететін болса, ата-ана өз біліктілігі тарапынан дарындылықтың даму табиғатына жататын тәрбиелеудің бастаушысы болып табылады.

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижесі көрсеткендей, жоғарыдағы суреттер мен кестелердегі мәліметтер эксперимент тобында біршама өзгерістердің болғандығын анықтайды. Бұл жүргізген зерттеуіміздің тиімділігінің дәлелі болып саналады.

Зерттеу нәтижелері. Әдістеме көмегімен дарынды балаларға арналған оқыту бағдарламасының бойынша тиімділігінің өзгеруіне қатысты деректер алынды, жасампаздық көрсеткіштерінің өзгеруі оқуға деген түрткінің өзгеруіне байланысты болған.

Оқушылардың, әсіресе дарынды балалардың, оқуға деген қызығушылығы қарқынды түрде өсті. Балалар бар көңілімен мектепке баратын болды, әсіресе, ата-аналардың айтуы бойынша, бағдарлама жүріп жатқан кезде мектептен қалмауға тырысты. Өз бетінше таңдап алған мәселелер бойынша жүргізілген өздік жұмыстарды мұғалім-эксперттер жоғары бағалады. Олардың ойынша балалар өз құрдастарына алға озды. Тілі, білімге құштарлығы, жоспарлау мен болжау қабілеті дамыған тәжірибе жүргізілген сыныптағы дарынды оқушылар бақылау топтағы оқушылардан ерекше екені көрініп тұрды.

Алынған нәтижелер сараптамасы көрсеткендей, тәжірибелік топтардың екеуінде де дарындылықтың жеке көрсеткіштері де, жалпы көрсеткіштері де бағдарламаны жүргізгеннен кейін едәуір өскен.

Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы ынтымақтастық бойынша көрсеткіштерінің өзгеруіндегі айырмашылықтың өте үлкен болғанын да атап кеткен жөн. Егер бақылау топтарында бұл көрсеткіш мүлдем өзгермеген болса, эксперименттік топтарда бұл жоғары көрсеткішке ие.

Сонымен, дарынды балаларды тәрбиелеу бір мәрте жүргізілетін шара емес, ол ұзақ үрдіс. Мұғалімнің дарынды балаларды тәрбиелеумен байланысты іс-әрекетінің жемістілігі тұтас жұмыс бағдарламасының дарынды балаларды анықтаудың ғылыми ұстанымдар жүйесіне қаншалықты негізделетініне байланысты. Яғни мынадай ұстанымдарды сақтаған жөн:

1. Баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің әр түрлі жақтарын бағалаудың кешенді сипаты, ол ақпараттың әр түрлі көздерін пайдалануға, баланың қабілеттілігінің кең ауқымын қамтуға мүмкіндік береді.

2. Балаларды танып білу ұзақтығы (баланың мінез-құлқын әр түрлі жағдайларда ұзақ уақыт бойы бақылау).

3. Баланың қабілеттілігі мен қызығушылығына барынша сәйкес келетін іс-әрекет өрісіндегі мінез-құлқын сараптау (арнайы ұйымдастырылған пәндік-ойын сабақтарына қатысу, сәйкес пәндік іс-әрекеттің сан қилы түрлеріне қатысу).

4. Тренингтік әдістерді қолдану, олардың аясында белгілі бір дамытпалы ықпалды ұйымдастыруға, сондай-ақ, баланың психологиялық «кедергілерін» жоюға болады.

5. Дарынды баланың белгілерін оның психикалық дамуының өзекті деңгейіне қатысты, сондай-ақ, жақын арадағы даму қарқынын ескере отырып (дарынды балаға қатысты жеке дара оқыту жолдарын жасау негізінде) бағалау.

6. Шынайы жағдайдағы баланың шынайы мінез-құлқын бағалайтын психоайқындаудың анық әдістеріне айрықша сүйену, олар іс-әрекет жемісінің сараптамасы, бақылау, әңгіме-сұхбат, мұғалімдер мен ата-ананың сарапшылық бағалары, табиғи тәжірибе.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалып отырған теориялық талдаулар барысы мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1.Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеуде біз, зерттеуде бірнеше әдіснамалық амалдарды негізге алдық: жүйелік, жеке тұлғалық, көпсубъектілі, синергетикалық, рефлексиялық. Олар өз кезегінде қарастырылып отырған мәселедегі құбылыстар мәнін бейнелейді. Бұл амалдарды біріктіру негізінде біз басты амал ретінде жүйелік амалды қарастырамыз, өйткені ол жүйетүзуші факторға ие. Сондай-ақ, тұтастық пен жалпылықты біріктіруге бейімделеді.

2.Жоғарыда көрсетілген әдіснамалық амалдар негізінде біз, дарынды балаларды тәрбиелеуде ата-ана мен мұғалімнің өзара әрекеттесуі мынадай қағидаларға сүйенді: ұмтылысты демеу және сенімділік қағидасы, субъектілік қағидасы, шығармашылық және табыстылық қағидасы.

3.Зерттеу барысында «дарынды бала», «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу» ұғымдары жаңаша сипатталып, «дарынды бала -қалыптан тыс табысты нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін біртұтас құрылым», ал «отбасы мен мектеп ынтымақтастығы – сенім мен сыйластық, өзара қолдау мен көмек беру, бір-біріне деген төзімділік пен толеранттылық негізінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерінің ерте анықталуын қамтамасыз ететін, білімге құштар, шығармашыл белсенді балаларды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін өзара әрекеттесудің табысты, мақсатқа бағытталған үрдісі» деп нақтыланды.

4.Ғылыми зерттеу барысында отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық үлгісі жасалды және оның компоненттері(мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік) айқындалды. Әр компонент отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу өлшемдеріне, көрсеткіштеріне, деңгейлеріне сәйкес бейнеленген.

5. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің әдістемелік жүйесі дайындалып: «Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты арнайы курс, «Педагогикалық академия» бағдарламасы мен «Ынтымақтастық мектебінің» жобасы жасалып, тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді. Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде ата-ана мен мұғалімдердің ынтымақтастығы негізінде дарынды балаларды тәрбиелеу нақты өзгерістермен сипат алды.

Зерттеу нәтижелерін жүргізіп, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу мақсатында төмендегідей ұсыныстар берілді:

-жалпы білім беретін мектептерде ғана емес, ЖОО-да оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде біз құрастырған «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеудің негіздері» атты

арнайы курсты, сонымен қатар зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу;

-зерттеу тақырыбы аясында болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-жобалық іс-әрекетінде курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары аясын кеңейту;

- зерттеу тақырыбы бойынша болашақ бастауыш сынып мамандарының үздіксіз педагогикалық практика өту кезінде мұғалімдерге және ата-аналарға дәрістер дайындап өткізу.

Зерттеу жұмысымызда осы мәселелер толық шешімін тапты деуге болмайды. Келешекте зерттеу мәселесі осы жұмыстағы ұсынылып отырған теориялық-әдіснамалық негіздерді қолдана отырып, бастауыш сыныптағы дарынды балаларды оқыту мәселесін қарастыру болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңы. - Алматы: Юрист, 2007.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012, қаңтар 27.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің №1118 Жарлығы. – Астана, 2010, желтоқсан - 7.
- 4 Қазақстан Республикасының «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» бағдарламасы. – 1996, наурыз 26. №1125 бұйрығы.
- 5 Дж.Реале., Д.Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін. - Алматы,2012. - 167 б.
- 6 Платон. Государство // Сочинения. - М.,1971. - Т.3, ч.1.- 315 с.
- 7 Гегель. Философия права / пер. с немец. Б.Г.Стопнера. - М.: Мир книги; Литература, 2009. – 464 с.
- 8 Аристотель. Сочинения. -М.:Изд.-Мысль,1976. -Т.1.- 550 с.
- 9 Гершунский Б.С.Философия образования для XXI века. - М., 2002.- 508 с.
- 10 әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар.- Алматы, 1975.- 318 б.
- 11 Философская энциклопедия. – М.:Советская энциклопедия, 1970. –Т.5. – С. 185.
- 12Кант И.О педагогике.Трактаты и письма. - М.: Педагогика, 1980. - 210 с.
- 13 Уарте Х. Исследование способностей к наукам. - М.: АН СССР, 1960. - 319 с.
- 14 Алтынсарин Ы. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1990. - 201 б.
- 15 Уәлиханов Ш., Тандамалы. - Алматы: Жазушы, 1986. - 560 б.
- 16 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1986. - 312 б.
- 17 Құдайбердиев Ш. Шығармалары.- Алматы, 1991. – 560 б.
- 18 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 б.
- 19 Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау (Психология).- Алматы: Рауан, 1995.- 310 б.
- 20 Тәжібаев Т. Жалпы психология. - Алматы,1993. – 235 б.
- 21 Мұқанов М.И. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982. - 248 б.
- 22 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Манат, 1995.- 350 б.
- 23 Намазбаева Ж.Ы.Психология. - Алматы, 2005. -288б.
- 24Джакупов С.М.Психология познавательной деятельности. - Алматы: Рауан, 1992. – Т. 31. – С. 76.
- 25Муканова Б.И. Субъектно-деятельностный подход к профессиональному развитию учителя.Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития. – Алматы, 2004.- 228 с.

- 26 Бейсенбаева А.А. Формирование гуманистической направленности учащихся с использованием межпредметных связей // Вестник высшей школы Казахстана. -1997. - №4. – С. 125-128
- 27 Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 344 с.
- 28 Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика: оқу құралы. – Алматы: Алатау, 2011. – Б. 62.
- 29 Адамбеков Қ.И. Педагогические основы физического воспитания учащихся: дис. ... док.пед.наук. - Алматы, 1995. – 313 с.
- 30 Рысбаева А.К. Методология развития успешности деятельности как категории педагогики: дис. ... док.пед.наук. - Алматы, 2006. – 335 с.
- 31 Абсатова М.А. Поликультурная компетентность старшеклассников: методология, теория, практика формирования. - Алматы, 2008. – 316 с.
- 32 Сабыров Т.С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 1999. – Б. 79.
- 33 Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы, 2000. – 382 б.
- 34 Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. - Алматы, 1998.- 321б.
- 35 Жұмабаева А.Е.Бастауыш мектепте синтаксисті дамыта оқыту. – Алматы:Радиал, 2008. – 236 б.
- 36 Әмірова Ә.С.Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырудың тұжырымдамасы. –Алматы, 2007. -24 б.
- 37 Рубинштейн С.Л. Что же такое личность? С чего начинается личность. – М., 1979. – 390 с.
- 38 Дьяченко О.М. Особенности развития воображения умственно одаренных детей // Дошкольное воспитание – 1993.- №8. – С. 46-53
- 39 Пономарев Я.А. Знание, мышление и умственное развитие. – М., 1967. – 263 с.
- 40 Крутецкий В.А. Психология математических способностей школьников. – М., 1969. – 431 с.
- 41 Лейтес Н.С. Об умственной одаренности. – М.: Издательский центр «Академия», 1960. – 214 с.
- 42 Теплов Б.М. Проблема одаренности // Советская педагогика. – 1940. - №4. – С. 171–172.
- 43 Голубева Э.А. и др. Опыт комплексного исследования учащихся в связи с некоторыми проблемами дифференцированного обучения // Вопросы психологии. -1991. - №2. – С. 132-140.
- 44 Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности. – М.: Педагогика, 1986. – 256 с.
- 45 Платонов К.К. Проблемы способностей. – М.: Наука, 1972. – 311 с.
- 46 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М.: Педагогика, 1986. – 240 с.

- 47 Запорожец А.В. Значение ранних периодов детства для формирования детской личности // В сб.: Принцип развития в Психологии. – М.: Просвещение, 1978. – С. 34-45
- 48 Эльконин Д.Б. Введение в психологию развития: в традициях культурно-исторической теории Л.С.Выготского.- М., 1994.- 167 с.
- 49 Холодная М.А. Когнитивные стили: О природе индивидуального ума.- СПб.: Питер, 2002. - 272с.
- 50 Гильбух Ю.З., Учебная деятельность младшего школьника: диагностика и коррекция неблагополучия.- К.:Випол, 1993. -96с.
- 51 Савенков А.И., Педагогическая психология: в 2 т. - М.: Академия, 2009.- Т.1. - 415 с.
- 52 Ананьев Б.Г., Избранные психологические труды: в 2 т. / под.ред. Б.Ф.Ломова. - М.: Педагогика, 1980.- Т.1.- 230 с.
- 53 Шадриков В.Д., Духовность и творчество // Современные концепции одаренности и творчество / под.ред. Д.Б.Богоявленской.- М.: Молодая гвардия, 1997. -68с.
- 54 Брушлинский А.В., Субъект: Мышление, учение, воображение. – М.:Воронеж, 1996. - 392с.
- 55 Жексенбаева Ү.Б., Научно-педагогические основы работы с одаренными детьми в Республике Казахстан(управленческий аспект): дис. ... канд.пед.наук. – Алматы, 1999. – 151 с.
- 56 Буханова Г.Х. Формирование готовности к работе с одаренными детьми у учащихся педагогического колледжа в процессе профессиональной подготовки: дис. ... канд.пед.наук. – Астана, 2009.- 130 с.
- 57 Нурмагамбетова Б.А. Формирование готовности будущих учителей к работе с одаренными детьми в условиях сельской школы: дис. ... канд.пед.наук. - 2006.-160 с.
- 58 Г.С. Байтуреева. Методические основы развития математических способностей учащихся основной школы.13.00.02-Теория и методика обучения математике: автореф. ... канд.пед.наук. - Алматы, 1999. - 19 с.
- 59 Жумадилаева О.А. Психолого – педагогические особенности развития творческой одаренности у детей дошкольного возраста: дис. ... канд.пед.наук. - Алматы,1998. – 140 с.
- 60 Үмбетова Ж.О. Методические основы выявления и развития интеллектуального потенциала одаренных детей в процессе обучения математике: дис. ... канд.пед.наук. - Алматы, 1996. – 160 с.
- 61 Нарикбаева Л.М. Развитие профессиональной одаренности будущего специалиста в высшей педагогической школе: дис. ... док. пед.наук. – Алматы, 2008. – 361 с.
- 62 Кузнецова С.В. Ваш одаренный ребенок: учебное пособие для родителей. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2004.- 42 с.
- 63 Бевз И.А. Дидактические условия развития академической одаренности младшего школьника: дис. ... канд.пед.наук. – Караганда, 2008.-157 с.
- 64 Телепнева Н.Н. Развитие творческой одаренности учащихся младших классов в школах инновационного типа: дис. ... канд.пед.наук. - 2006.-135 с.

- 65 Елеупаева Ж.К. Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... дис. - Түркістан, 2008. – 150 б.
- 66 Казангапова Л.Бастауыш мектепте дарынды оқушыларға саралап білім беру нәтижелерін қалыптастырудың теориялық және қолданбалы амалдары: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2010. - 29 б.
- 67 Алтынбай Ш.А., Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2004. - 130 б.
- 68 Шүйіншина Ш.М. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігінің педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 170 б.
- 69 Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы: пед.ғыл.канд. ... дис. - Алматы, 1999. – 127 б.
- 70 Юсупова И.Б. Взаимодействие школы, семьи и общественности в воспитании учащихся Республики Казахстан: дис. ... канд.пед.наук. – Алматы, 2005.-133 с.
- 71 Байдельдинова Г.К. Научно-теоретические основы подготовки будущих учителей для организации взаимодействия школы и семьи. –Алматы: Ғылым, 1998.- 81 с.
- 72 Жаназарова З.Ж. Қазіргі отбасындағы қарым-қатынастың құрылымына берілген социологиялық талдау: соц.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 115 б.
- 73 Сейдуалиева Г.Ш. Подготовка студентов к работе с родителями учащихся. – Алматы, 1993. – С.69.
- 74 Колесова Г.К. Организация взаимодействия семьи и педагогического коллектива в структуре деятельности заместителя директора школы по учебно-воспитательной работе: дис. ... канд.пед.наук. - Санкт-Петербург, 1999.-137 с.
- 75 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: в 2 т.- М., 1982.- 384 с.
- 76 Ж.Ж.Руссо педагогические сочинения: в 2-х т. / под.ред.Джиблидзе; сост.Джуринский. -М.:Педагогика, 1981 - 656 с.
- 77 Дистервег А. Руководство к образованию немецких учителей // Избранные сочинения. - М.: Учпедгиз, 1956. - С. 136-203.
- 78 Павлов И.П. Условный рефлекс // Сочинения.- М., 1949. – Т. 3. –518 с.
- 79 Әлімов А.Х. Интербелсенді әдістерді ЖООда қолдану мәселелері:оқу құралы. - Алматы, 2013. – 448 б.
- 80 Кларк Б.Распределение богатства. – М.: Экономика, 1992. – С. 426–447.
- 81 Гальтон Ф. Наследственность таланта: законы и последствия. - М.: Наука, 2003. - 254 с.
- 82 Кант И. Критика чистого разума. Гиганты мысли / пер. с нем.; предисл. И. Евлампиева. - М.: Эксмо; СПб.:Мидгард, 2007. - 1120 с.
- 83 Мейман Э. Архив общей психологии. - Лейпциг, 1903.

- 84 Айзенк Г., Кэмин Л. Природа интеллекта битва за разум. - М.: ЭКСМО-Пресс, 2002. - 252 с.
- 85 Spencer D. Background Helps Most // The Times Educational Supplement. - 1990, July 6.
- 86 Stern R. The concept of «giftedness»: A pentagonal implicit theory. – Chichester: Wiley, 1993. - P.18-42.
- 87 Пиаже Ж. Избранные психологические труды. М.: Международная педагогическая академия. 1994. – 680 с.
- 88 Божович Л.И. Проблемы формирования личности // Избр. психол. труды. - М.: Межд.пед. академия, 1995. - 212 с.
- 89 Heller, K.A. and Hany, E.A. German–Chinese study on technical creativity: cross-cultural perspectives. Paper presented at the World Council for Gifted and Talented Children meeting in Hong Kong. - Oxford:Pergamon Press, 1995. – 953p.
- 90 Бине А., Симон Г. Методы измерения умственной одаренности / под ред. Б.М. Рубинштейна. - Киев: Госиздат, 1923.
- 91 Стернберг Р., Григоренко Е. Учись думать творчески. Основные современные концепции творчества и одаренности / под ред. Д.Б. Богоявленской. -М.: Молодая гвардия, 1997. - С. 186-213.
- 92 Матюшкин А.М. Проблемные ситуаций в мышлении и обучении. –М.: Педагогика, 1972.-208 с.
- 93 Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников. –М.: Педагогика, 1991.-155 с.
- 94 Gagne F. ‘Learning about the nature of gifts and talents through peer and teacher nominations’, in M.W. Katzko and F.J. Monks (eds) Nurturing Talent: Individual Needs and Social Ability. – Assen; The Netherlands: Van Gorcum, 1995. – P.274-278.
- 95 Рензулли Дж., Райе С. Модель школьного обучения. Основные современные концепции творчества и одаренности / под ред. Д.Б. Богоявленской. - М.,1997. - С. 214-242.
- 96 Уайт Б.Первые три года жизни / пер. с англ. - М., 1982. – 176с.
- 97 Ожегов С.И. Словарь русского языка.- Екатеринбург, 1994.-800 с.
- 98 Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі.-Алматы: Републикалық баспа кабинеті, 1995.-185 б.
- 99 Лейбниц Г.В. Адамның ойлануы туралы жаңа тәжірибелер. Жаңа дәуір философиясы. - Алматы: Жазушы, 2006. -510 б.
- 100 Петровский А.В. Психология развивающейся личности. – М.: МГУ, 1968. – 268 с.
- 101 Левитов А.Н. Деятельность, сознание, личность. - М., 1975. – 304 с.
- 102 Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. - Алматы, 1998.- 321 б.
- 103 Жарықбаев Қ.Б.және т.б. Психологиялық энциклопедиялық сөздік. - Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 152 б.
- 104 Эфроимсон В.П. Педагогическая генетика: научно-техническая революция и биосоциальные проблемы формирования и развития личности. Родо-

словная альтруизма: Этика с позиции эволюционной генетики человека. - М.: Тайдекс КО, 2003. - 239 с.

105 Нарикбаева Л.М., Калиева С.И. Подготовка будущего учителя к работе с одаренными детьми: методическое пособие. – Алматы: АГУ им. Абая, 2001. - 65 с.

106 Клименко В.В., Как воспитать вундеркинда – Харьков: «Фолио»; Санкт-Петербург: Кристалл, 1966. – 218 с.

107 Үмбетова Ж. О. Методические основы выявления и развития интеллектуального потенциала одаренных детей в процессе обучения математике: дис. ... канд.пед.наук. - Алматы, 1996. – 160 с.

108 Мейман Э. Архив общей психологии. - Лейпциг, 1903.

109 Одаренные дети / пер. с англ.; под ред. Бурменской Г.В., Слуцкого В.М.) – М., 1991.-270 с.

110 Ericsson K.A. and Lehman A.C. Expert and exceptional performance: evidence of maximal adaptation to task constraints // Annual Review of Psychology. – 1996. - №47. – P. 273–305.

111 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы, 2012. – Б.211

112 Казангапова, Л.К. Бастауыш мектепте дарынды оқушыларға саралап білім беру нәтижелерін қалыптастырудың теориялық және қолданбалы амалдары: Педагогика ғылымд. канд.... дис. автореф. - Астана, 2010.- 24 б.

113 Torrance E., Thinking creative in action and movement (Research Ed). - Bensenville IL: Shoats Testing Service, 1980. – 252 p.

114 Gardner H. Multiple Intelligences: New Horizons. - New York: Basic Books, 2006.

115 Лейтес Н.С. Что значит «одаренный ребенок» // Искусство в школе. - 2003.-№3. -С.3.

116 Аверина И.С., Щепланова Е.И., Перлет К. Адаптация мюнхенских тестов познавательных способностей для одаренных учащихся // Вопросы психологии. - 1991. - №5. - С. 173-178.

117 Бабаева Ю.Д. Психологический тренинг для выявления одаренности / под. ред. В.И.Панова. - М.: Молодая гвардия, 1997.- 278 с.

118 Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. – Ростов на Дону: Изд-во Рост. Ун-та, 1983.-173 с.

119 Дружинин В. Н. Психология общих способностей. Серия "Мастера психологии"). - СПб.: Издательство "Питер", 1999. - 368 с.

120 Дьяченко О.М. Проблема индивидуальных различий в развитии способностей у детей дошкольного возраста // Психолог в детском саду. -2000. - №2-3. -С.81-98.

121 Мелик-Пашаев А.А. Психологические основы способностей к художественному творчеству: дис. ... док. психол.наук. - М., 1994.-225с.

122 Ушаков Д.М. Интеллект: Структурно-динамическая теория. – М.:ИП РАН, 2003. – 243 с.

123 Холодная М.А. Психология интеллекта // Парадоксы исследования. -2-е изд., перераб. и доп. -СПб.:Питер, 2002. -272 с.

- 124 Шадриков В.Д., О содержании понятий «способности» и «одаренность» // Психологический журнал.- 1983.- Т.4, №5. - С. 97.
- 125 Щебланова Е.И. Психологическая диагностика одаренности школьников: проблема, методы, результаты исследований и практики. - М.: Моск.психол.-соц.инс-т; Воронеж: Изд-во НПО «МОДЕК», 2004.-368с.
- 126 Юркевич С.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. – М.: Просвещение, 2000. – 136 с.
- 127 Перленбетов М.А.Тұлға қасиеттері мен психикалық процесстердің байланысы: психол.ғыл.док. ... дис. - Алматы, 2010. – 235 б.
- 128 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - СПб.: Питер, 2001. — 288 с.
- 129 Gagne F. Transforming gifts into talents // High Ability Studies. – 2004. - №15(2). – P. 119–147.
- 130 Gyarmarthy E. Developmental learning disabilities and giftedness // VII European Conference on De-velopmental Psychology. Book of abstracts. – Krakow, 1995. - P. 163.
- 131 Немов Р.С. Психология // В 3 кн. - М., 1995. – Книга 2.- 496с.
- 132 Gagne F. Giftedness and talent // Gifted Child Quarterly. – 1985. - №29. – P. 103–112.
- 133 Torrance E.P. Predictive validity of the Torrance tests of creative thinking // Journal of Creative Behaviour. – 1972. - №6. – P. 236–652.
- 134 Наседкина Е.И. Активизация воспитательной деятельности родителей. - М.: Просвещение, 1977. - С. 157.
- 135 Лесгафт П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. - СПб: Товарищество худ. печати, 1990. - 247 с.
- 136 Сқақова А.Ж. Отбасы жас ұрпақты әлеуметтендіру институты: әлеум.ғыл.канд. ... дис. – Түркістан, 2010. – 143 б.
- 137 Халитова І. Р. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2007. – 200 б.
- 138 Каган М.С. Философия культуры. - СПб.: Петрополис, 1996. -416 с.
- 139 Bloom В. (ed.). Developing Talent in Young People. - New York: Basic Books, 1985. - P.86-90.
- 140 Ляудис В.Я. Структура продуктивного учебного взаимодействия. Психолого-педагогические проблемы взаимодействия учителя и учащихся. - М.: Просвещение, 1980. - 83 с.
- 141 Кунц О.Р. Беседы о семейной педагогике. - Уфа, 1981. -150 с.
- 142 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 127 б.
- 143 Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. Алматы : Заң әдебиеті, 2007. - 320 б.
- 144 Харчев А. Г. Семья как фактор социально-культурного развития общества. Семья и общество. - М.: Наука, 1982.- С. 128.
- 145 Сухомлинский В.А. Ата-аналар педагогикасы. – Алматы: Мектеп, 1983. – С. 124-129

- 146 Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Минск, 1997.- 574 с.
- 147 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы: 2007. 236 б.
- 148 Дереклеева Н.И. Классный руководитель. - М.: Верум-М, 2001.- 64 с.
- 149 Қоңырбаева С.С.Қазақ отбасында жұбайлық өмірге өз ұрпағын даярлаудың маңыздылығы // Білім. - 2004. - №2. – Б.55-59.
- 150 Абсатова М.А. и др. Методология научно-педагогического исследования: в схемах и таблицах. - Алматы:Шугла, 2012. -136 с.
- 151 Философский энциклопедический словарь / гл.ред. Л.Ф.Ильичев, П.Н.Федосеев, С.М.Ковалев, В.Г.Панов. -М.: Сов.энцикл., 1983.-840с.
- 152 Крупина И.В. Образовательная среда семьи и школы как средство воспитания и обучения: дис. ...док.пед.наук.- М., 2001.-314с.
- 153 Леонтьев А.Н. Педагогика и психология. «Школа 2100». Пути модернизации начального и среднего образования / под ред. А.А.Леонтьева. - М.: Баласс, 2002. - Вып. 6. – С. 258-265.
- 154 Урбанская О.Н., Работа с родителями младших школьников. - М.: Просвещение, 1986.- 78 с.
- 155 Кузмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя. - Л.: Знание, 1985.- 32 с.
- 156 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. –Алматы: Мектеп, 1982. - 247 б.
- 157 Б.З.Вульф, В.И.Харькин Педагогика рефлексии.- М.:НВ Магистр, 1997.-115 с.
- 158 Харькин В.Н. Педагогическая импровизация: теория и методика. М.: НВ Магистр, 1992. - С.15.
- 159 Краевский В.В. Педагогика и ее методология вчера и сегодня // Педагогическая наука и ее методология в контексте современности: сб. науч. ст. / под ред. В.В. Краевского, В. М. Полонского. -М., 2001.- С. 6-29.
- 160 Фельдхьюсен Д. Виды одаренности. - М.: Пресс, 1999.-180 с.
- 161 Юнг К.Г. Психоанализ и искусство.- М.:РЕФЛ-БУК-К,Ваклер, 1996.- 280с.
- 162 Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб.: Питер, 2008. –352 с.
- 163 Роджерс К.Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Издательская группа Прогресс; Универс, 1994. - 480 с.
- 164 Щепланова В.И. Трудности в учении одаренных школьников // Вопросы психологии. - М., 2003. -№3.– С.159.
- 165 Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6 т.- М.: Педагогика, 1982-1984.- Т.1. – С. 97-110.
- 166 Стернберг Р. Практический интеллект. - Спб.: Питер, 2002.-272с.
- 167 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии - М.: Педагогика, 1989. - 322 с.
168. Maslow A.H. Motivation and Personality. -N.Y.: Harper & Bros, 1954. – 273p.
- 169 Лидере А.Г. Психологическое обследование семьи. - М.:Academia, 2006. – С. 430.

- 170 Хмель Н.Д. Теоритические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
- 171 Рысбаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2003. - 266 с.
- 172 Турдалиева Ш.Т. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін қарым-қатынас арқылы дамыту: психол.ғыл. канд. ... дис. - Алматы,2009. – 148 б.
- 173 Савенков А. И. Одаренный ребенок дома и в школе: потенциал личности и программа развития. – Екатеринбург: У-Фактория, 2004. – 267 с.
- 174 Борисовский А.М. В.А.Сухомлинский: книга для учащихся. -М.: Просвещение, 1985.-С.124.
- 175 Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. – М., 1971. – 279 с.

ҚОСЫМША А

Дарындылық картасы А.И.Савенков әдістемесі бойынша

I. Балалар үшін нұсқаулар:

Жауаптар парағының оң жақтағы бұрышына өзіңіздің аты-жөніңізді жазыңыз. Сұрақтарға берілген жауаптарды торларға орналастырыңыз. 1-сұраққа жауап 1-нөмірлі торда, 2-сұраққа жауап 2-нөмірлі торда және т.с.с. Барлығы 35 сұрақ. Егер айтылған жағдайда бір нәрсе ұнамаса (-) белгісін қойыңыз; егер ұнаса (+); егер өте ұнаса (++) белгісін қоюыңызға болады.

II. Мұғалімдер мен ата-аналар үшін нұсқаулар:

Сіздің балаңыздың немесе оқушыңыздың қабілеттіліктеріне нақты ұсыныстар беру үшін, бізге оның бейімділігі туралы білу қажет. Сізге 35 сұрақ ұсынылып отыр. Әрқайсысына мұқият қарай отырып, баланың мүмкіндіктерін жоғарылатпай және төмендетпей тырысып көріңіз. Егер бала бір себептермен жауап беруге қиналса, берілген торды ашық толтырмай қалдырып кетуіне мүмкіндік беріңіз. әрбір сферадағы белгілеулерді (+) санаңыз, қайсысында жоғары болса, сол сферада бейімділіктің басым болуы шарт.

Сұрақтар парағы:

(Әрбір сұрақ "ұнай ма?" сөзімен аяқталады).

1. Логикалық есептерді және тапқырлыққа арналған есептерді шешу.
2. Өз бетіңмен ертегілер, әңгімелерді оқу.
3. Ән айту, әнмен шұғылдану.
4. Дене шынықтырумен айналысу.
5. Басқа балалармен түрлі топтық ойындар ойнау.
6. Табиғат туралы оқиғаларды оқу (тыңдау).
7. Ас үйде бір нәрсе істеу (ыдыс-аяқ жуу, тағам істеуге көмектесу).
8. Техникалық конструктормен ойнау.
9. Тілді оқу, қызығу және жаңа сөздермен қолдану.
10. Өз бетімен сурет салу
11. Спорттық және жылжымалы ойындар ойнау.
12. Балалар ойындарына жетекшілік ету.
13. Тоғайға, жазық далаға бару, өсімдіктердің, жануарлардың, бунақденелілердің артынан бақылау жүргізу.
14. Дүкенге азық-түлікке бару.
15. Техника, машина, космостық кемелер және т.б. туралы оқу немесе тыңдау.
16. Сөзжұмбақ ойынын ойнау (қала аттарын, жануарлар).
17. Өз бетімен ертегілер, оқиғалар ойлап табу.
18. Күн тәртібін сақтау.
19. Жаңа, таныс емес адамдармен әңгімелесу.
20. Үйдегі аквариумның артынан бағып күту, құстарды, жануарларды бағу.

- 21.Өзіңнің кітап, дәптер, ойыншықтарыңды және т.б. жинау.
- 22.Жинақтау, ұшақ, кеме жобаларын құрастыру және суретін салу.
- 23.Тарихпен танысу (тарихи мұражайларға бару).
- 24.Үлкендердің айтқанымен жүрмей, өз бетіңмен әртүрлі көркем өнер шығармашылығымен айналысу.
- 25.Спорт туралы кітаптар оқып, тыңдау, спорттық телехабарларды көру.
- 26.Басқа балаларға немесе ересек адамдарға бірнәрсе туралы түсіндіру, сендіру, пікір алысу.
- 27.Үй жануарларын және өсімдіктер артынан қарау, емдеу, оларға көмектесу және т.б.
- 28.Үлкендерге пәтерді жинастыруға көмектесу (шаң сүрту, сыпыру және т.б.).
- 29.Мектептегі математикамен өз бетімен айналысу.
- 30.Қоғам құбылыстарымен және халықаралық оқиғалармен танысу.
- 31.Драмалық ойындарға, спектакль қойылымдарына қатысу.
- 32.Спорт секцияларында спортпен айналысу.
- 33.Басқа адамдарға көмектесу.
- 34.Бау-бақшада өсімдіктер өсіру мен жұмыс істеу.
- 35.Өз бетімен тігіс тігу, көмектесу.

Жауаптар парағы:

4-кесте

Күні, айы _____ тегі, аты _____

| I сфера | II сфера | III сфера | IV сфера | V сфера | VI сфера | VII сфера |
|---------|----------|-----------|----------|---------|----------|-----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 |

Бала бейімділігін 7 сфераға сәйкес бөлуіңізге болады;

- математика және техника;
- гуманитарлы сфера;
- көркемөнер қызмет;
- дене шынықтыру және спорт;
- қарым-қатынастық қызығушылық;
- табиғат және жаратылыстану;
- үй міндеттемесі, өз-өзіне қызмет ету еңбегі.

ҚОСЫМША Ә

«Балалармен бірге өмір сүру өнері» атты ата-аналарға арналған сауалнама

(таңдаған жауабыңыздың астын сызыңыз)

1.Сіздің отбасыңызда балаңызбен өзара түсінісу бар деп ойлайсыз ба? *иә, жоқ, онша емес.*

2.Балалар сіздермен сырласа ма? Жеке ойларын ақылдаса ма? *иә, жиі, өте сирек.*

3.Балаңызбен бірге ортақ тапсырмаңыз, ортақ көңілді ісіңіз бар ма, қандай? *иә, жоқ, _____*

4. Балаңыздың үй тапсырмасын қадағалайсыз ба? *сирек, күнделікті, уақыт жоқ*

5. Балаңызбен оның білімі жайлы талқылайсыз ба(қиыншылықтарды, жетістіктерді, педагогтармен өзара қарым-қатынастарын)? *жиі, сирек, мүлдем талқыламаймыз*

6.Оқыған кітап, газетті және көрген телехабарды балаңызбен бірге талқылайсыз ба? *жиі, сирек, мүлдем*

7. Бос уақытыңызды балаңызбен жиі өткізесіз бе? *сирек, жиі, бос уақытым жоқ*

8. Балаңызға әсер беруге қабілеттісіз бе? *иә, жоқ, үнемі емес*

9. Балаңыздың мектептегі жетістіктері мен сәтсіздіктері жайлы мәлімет аласыз ба? *иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын _____*

10. Балаңыздың тәрбиесіне қатысты проблемалық жағдаяттарға ақыл-кеңес алу үшін сынып жетекшісіне, немесе мұғалімдеріне хабарласыз ба? *иә, жоқ, өте сирек*

11. Балаңызбен театрларда, мұражайларда, қойылым мен концерттерде бірге боласыз ба? *иә, жоқ*

12. Мектептің іс-шараларына қатысуға мүмкіндігіңіз бар ма? *иә, жоқ, _____*

13. Мектепке қандай деңгейде, қандай көмек ұсына алар едіңіз? _____

14.Мектеп тарапынан қандай көмекті қажет етесіз? _____

15.Осы оқу жылында қанша ата-аналар жиналысына қатыстыңыз?а)барлығына ә)1-еуіне қатыспадым б)2-еуіне қатыспадым

16. Сыныпқа қатысты қанша мұғалімді, қызметкерді танысыз? а)барлығын ә)кейбіреулерін б)тек сынып жетекшісін в)көпшілігін

Құрметті ата-ана! Жауабыңызға көп рахмет!

ҚОСЫМША Б

«Отбасы және мектеп ынтымақтастығы» атты ата-аналарға арналған сауалнама

1.Сіздің көзқарасыңыз бойынша бала тәрбиесіндегі ең бір толғантатын мәселеніз:- балаларды өзара түсінбеу; -балалардың үлгерімі; - тыңдамаушылық; - руханисыздық; -жыныстық тәрбие;

2.Қалай ойлайсыз, балаға көбірек әсер ететін кім? Отбасы ма әлде мектеп пе?- әрине сөз жоқ отбасы; - көбінесе отбасы; -отбасы мен мектеп тең деңгейде; -мектеп, яғни баланың көбірек уақытын өткізетін жері; -мектеп және көше;_____

3.Сіздің мәселенізді шешуде мектеп қандай жұмыс түрлері арқылы көмектесе алады? -тәрбие жайындағы дәрістермен; - арнайы тәжірибе сабақтармен; -сіздің балаңыздың даму ерекшеліктері жайлы ақпараттармен; - менің көкейдегі мәселем бойынша не оқуға болатыны жайлы ақпараттармен;

4.Егер де біздің мектепте сіздің педагогикалық құзыреттілігіңізді жоғарылату үшін арнайы сабақтар болатын болса, сіз қанша уақытыңызды бөле алар едіңіз? -аптасына 1 сағат; -айына екі сағат; - айтуға қиын; - уақыт жоқ;

5. Қанағаттанасыз ба: **оқыту деңгейіне**- иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын; **мектептегі тамақтануларына** - иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын; **сыныптағы қатарластарымен ара қатынасы** - иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын;

Сіздің педагогтармен қарым-қатынасыңыз - иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын;

Әкімшілікпен сіздің қарым-қатынасыңыз - иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын;

Балаңыздың педагогтармен қарым-қатынасы- иә, жоқ, онша емес, айтуға қиын;

6. Балаңыз сабағына қатысты қандай шағымдар жасайды?

7. Балаңыздың сабағына қатысты мектепте көңіліңіз толмайтыны не?

8. Балаңыздың мектепке қатынасуы: а/ жағымды ә/орташа деңгейде б/жағымсыз

9.Ол қалай оқиды? а/ өте жақсы ә/жақсы б/орташа

10. Сіздің _____ ескертпеңіз,

ұсыныңыз:_____

Жасыңыз:_____

Мамандығыңыз:_____

Жынысыңыз:_____

ҚОСЫМША В

Дарындылықты анықтауға байланысты тест

(ата-аналарға арналған)

Беріліп отырған тест-сұрақнама оқушының дарындылығын анықтауға арналған.

Жауап беру барысында жауаптарын жазып отырыңыз. *Келісетін жауабыңызға, «иә»-1 ұпай, келіспейтін жауабыңызға «жоқ» -0 ұпай.* Содан соң барлық ұпайларыңызды қосып, қорытындыны шығарасыз. Қорытынды шкаладан сіздің балаңыз дарынды ма, жоқ па?. Тест арқылы біле аласыз.

1. Балаңызда қандай да бір пәнді қалыптан тыс қабылдайтын кездері бола ма?
2. Ол өзінің қызығушылықтарын, ептілігін өзгертіп отыра ма?
3. Көрген-білгендеріне өз ойынан құрастырып сурет салғанды ұната ма?
4. Абстрактылы суреттерді салғанды ұната ма?
5. Қиял ғажайып оқиғаларды немесе т.б. ұната ма?
6. Өлең, тақпақтарды, әңгімелерді өзі ойлап шығара ала ма?
7. Қағаздан жасалған, құрастырылған фигураларды салғанды ұната ма?
8. Өзі білмеген, көрмеген немесе өмірде мүлдем болмайтын нәрсені ойлап тапқан кезі болды ма?
9. Бірнәрсені өз талғамына қарай қайтадан жасаған кезі болды ма?
10. Қараңғыдан қорқады ма?
11. Жаңа сөздің мағынасын болжау жасап айтқан кезі болды ма?
12. Осындай сөздердің мағынасын түсіндірмей-ақ, өзі түсінеді ме?
13. Жиһаздарын өз ойындағыдай етіп орналастыруға талпынды ма?
14. Бұл ойлағаны сәтті болды ма?
15. Өз қалауынсыз бір затты пайдаланған кезі болды ма?
16. Кішкентай кезінен бастап, әр түрлі пәндердің айырмашылығын түсіне білді ме?
17. Киім сатып аларда сіздің талғамыңызбен келісіп ала ма?
18. Айналасындағылардың қолы жетпейтіндей өз әлемі бар ма?
19. Ол әлі түсінбейтін жәйттердің жауабын іздей ме?
20. Өзінің айналасындағылардың қалай пайда болғандығы жайында жиі сұрай ма?
21. Суреттері жоқ кітаптарды оқығанды ұната ма?
22. Бейне көріністі ойындар кезінде тапқырлығын көрсете ме?
23. Өзінің көрген түстерін есіне сақтап айта ма, мұңлы сырымен бөлісе ме?

Қорытынды шкала:

20-дан 23ұпайға дейін: сіздің балаңыз өте зерек, өзінің айналасындағыларға нақты көзқарасын білдіре алатын қабілеті бар.

15-тен 19ұпайға дейін: сіздің балаңыз өз қабілетін түсініксіз нәрселер үшін үнемі іске асыра бермейді, ол бірнәрсеге қызыққанда ғана зейін қойып түсінеді.

9-дан 14 ұпайға дейін: сіздің балаңызда білім алу барысында түсінбеушіліктер көптеп орын алып отырады, ол өзіне міндеттелмеген нәрсеге көзқарасын тудырмайды. Балаңыздың білім алуы үшін шығармашылық іс-әрекеттер жетіспейді.

4-тен 8 ұпайға дейін: сіздің балаңыз өзіне жүктелген тапсырма үшін ғана шығармашылық ойлау әрекеттерін жасайды, ол іс-әрекеттер арқылы ғана жасауға икемді.

4 ұпайдан төмен болса, сіздің балаңызға ойлану жетіспейді, бірақ ол жетістікке жақсы орындаушы ретінде ғана жете алады.

ҚОСЫМША Г

Ата-аналарға арналған тест (толыққанды жанұяға арналған)

Әке мен ананың балаға деген қарым-қатынасының негізі қалай қалыптасады?

Егер сіз төмендегі келтірілген сөйлеммен келіссеңіз: **1ұпай**, егер келіспесеңіз: **0 ұпай** жазыңыз.

- Баламыздың тез ержетіп кететіні кейде өкінішті-ақ.
- Егер бала шындықты айтпаса, онда ол өтірік сөйлемегені, жәй қиялдайды.
- Қазіргі мектеп бағдарламалары өте қиын.
- Ана - әке мен бала арасындағы эмоция арқылы қызмет ететін делдал, өйткені әкенің өзіне тән артықтау кететін қаталдығы да бар.
- Егер балаңыз пайдалы іспен айналысып отырса, бірақ нәтижесін шығара алмаған жағдайда да, соған уақытын жұмсап, күш жұмсағаны үшін мадақтаулар айту қажет.
- Сенгіштік қасиет - бұл, балалық шақтың айтарлықтай жақсы көрсеткіштерінің бірі, бұл қасиетті кемшілік деп ойламаңыз.
- Егер бала қараңғыда ұйықтай алмайтын болса, оған түнгі шам жағып қою керек.
- Балаларға арналған кейбір қылықтар ақымақтық секілді көрінеді.
- Әрбір баланың бойында өзіне тән лайықты қасиеті бар, бұл қасиет бала бойындағы кемшіліктерден гөрі әлдеқайда маңызды.
- Егер мұғалім балаға бар жүрегін арнап қарайтын болса, онда бала үлкен жетістіктерге жетеді.
- Әке мен ана балаларының тәртібін бағалағанда, ананың көзқарасы маңыздырақ болуы тиіс, өйткені, ана-туа біткен тәрбиелеуші.
- Балалық шақта әр бала спортпен шұғылдануы тиіс.
- Отбасылық дастархан басында ең дәмдісі балаға берілуі керек.
- Ата-ана балаға шамадан тыс талап қоятын болса, онда бала бойында жиі тыңдамаушылық пайда болады.
- Баланы кішкентайынан қиындықтарға мойымайтындай етіп тәрбиелеу керек, өйткені бала үлкейе келе, қиындықтарға тап болады.

Қорытынды: 15-20ұпай.

Әке: Сіз бала тәрбиесіндегі ер адамның рөлін бағаламайсыз, сіздің балаға деген талабыңыз балаңыздың тәрбиесіне байланысты емес , ол сіздің көңіл-күйіңіздің болуына байланысты жасалынады.

Ана: Сіз балаңызды өте жақсы көресіз, бірақ балаңыз үлкейгенде өз мәселесін өзі шешуі тиіс екендігін ұмытпаңыз.

8-11ұпай

Әке: Бала тәрбиесін сырттай бақылаушы.

Ана: Балаңыздың өмір тіршілігіне сіздің эмоциялық қатынасыңыз керек.

8ұпайдан төмен:

Әке: Балаңызды қатты сөкпеңіз.

Ана: Сіздің балаңызға сіз тарапынан жұмсақтық, кеңпейілділік керек.

ҚОСЫМША Ғ

МҰҒАЛІМДЕРГЕ ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ТАНЫП БІЛУГЕ АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ДИАГНОСТИКА

Мұғалімдерге арналып дарындылықтың белгілері жайлы шкалалар дайындалды. Шкалалар Дж.Рензуллидің(1977) қолдауымен ұсынылып, қабілеттіліктің пайда болуын 10 аймаққа бағыттады. Біз, төменде дарынды балаларға арналған әуелі 4 шкаланы толтыруды ұсынамыз, яғни ұсынып отырғанымызды көбіне оқу бағдарламасына сәйкестендіріп жасадық.

Дарынды балалардың оқу-тәрбиелік сипаттарына рейтинг жасау үшін шкалалар

Оқушының Т.А.Ә. _____

Мерзімі _____

Мектебі _____

Сынып _____

Жасы _____

Рейтинг жүргізетін мұғалімнің немесе басқа тұлғаның аты-жөні _____

Сіз бұл баланы қай уақыттан бері білесіз? _____

Құрылымы. Бұл шкалалар мұғалімнің оқушыны мазмұндық, мотивациялық және шығармашылық, көшбасшылық аймақтары арқылы сипаттап бағалауға құрылған. Шкалалардың әрбір бөлімшесі келесі шкалаларға қатысы жоқ. Сіздің бағаңыз әрбір сипатқа сәйкес қойылуы тиіс. Сондай-ақ 4 шкаланың жүргізілу тәртібі әр түрлі. Шкалалар бойынша беретін бағаңызды қосуға болмайды.

Сіздерден өтінеріміз, әрбір цифрдың беріліп отырған нұсқауларымен мұқият оқып танысыңыз:

1 -егер Сіз, осы сипаттамаларды ешқашан байқамасаңыз;

2-егер Сіз, осы сипаттамаларды уақыт келе байқасаңыз;

3-егер Сіз, осы сипаттамаларды жиі байқасаңыз;

4-егер Сіз, осы сипаттамаларды барлық уақытта байқасаңыз;

I Шкала. Оқушылардың танымдық сипаттамасы

1.Өзінің жас ерекшелігіне қарамастан, үлкен сөздік қоры бар; ұғымдардың мағынасын түсіне отырып пайдаланады; ауызекі сөйлегенде тіл байлығы бар және ол мағыналы, терең.

1 2 3 4

2.Әр түрлі деңгейдегі мәтіндер жайлы тереңірек ойланып айтуда кең көлемде сөздік қоры бар; (өз жас ерекшелігіне қарамайды).

1 2 3 4

3. Факт бойынша ақпараттарды тез есте сақтайды және ұтқыр ойлап табады;

1 2 3 4

4.Себеп-салдарлы байланыстарды оңай ұғып алады; «неге», «қалай» сұрақтарына жауап іздеп, түрлі ойларды тудырады; адамдардың іс-әрекеттерін, кез-келген нәрсенің негізгі көздерін білгісі келеді.

1 2 3 4

5.Нақты және болжамды байқаушы; әдетте басқаларға қарағанда әңгімелерді, фильмдерді және т.б. «көбірек көреді» немесе «көбірек көңіл аударады»

1 2 3 4

II Шкала. Мотивациялық сипаттамасы

1.Белгілі бір тақырыпқа, мәселеге барынша «кірісіп кетеді»; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ұмытлады;

1 2 3 4

2.Күнделікті үйреншікті өзі біліп тұрған тапсырмалардан тез жалығып кетеді;

1 2 3 4

3. Шындыққа ұмтылады; өзінің сыни ойлауымен ерекшеленеді;

1 2 3 4

4.Өздігінен жұмыс жасауды дұрыс деп санайды; мұғалімнен аз ғана бағытты талап етеді;

1 2 3 4

5.Айналасындағы адамдарды түрлі жағдаяттарға ұйымдастыруға қабілеті бар;

1 2 3 4

III Шкала. Көшбасшылық сипаттамасы

1.Жауапкершілік пайда болады; уәде берсе, орындайды және жақсы орындайды;

1 2 3 4

2.Жасы үлкендермен араласқанда, құрдастарындай сезінеді; сол ортада өзін сенімді ұстайды; өзінің жасаған жұмыстарын көрсетуді өтінетін болса, өзін өте жақсы сезінеді;

1 2 3 4

3.Өзінің ойын және сезімін нақты жеткізе біледі; нақты және түсінікті сөйлейді;

1 2 3 4

4. Адамдармен бірге жүргенді ұнатады, көпшіл және жалғыздықта қалмауды ұйғарады;

1 2 3 4

5.Басқа адамдардың ортасында ерекшеленіп көрінуге икемділігі бар; өзі қатысып отырған іс-әрекетті басқарады;

IV Шкала. Шығармашылық сипаттамалары

1.Көптеген заттарға немесе іс-әрекеттерге қатынасқанда жоғары қызығушылықтары пайда болады; үнемі барлық ортада, барлығына сұрақ қояды;

1 2 3 4

2. Мәселелер шешуде және сұрақтарға жауап беруде жоғары және көптеген идеялар туындатады; сондай-ақ әдеттегідей емес, ерекше, ақылды, көңілге қонымды жауаптар ұсынады;

1 2 3 4

3. Өз ойын ішке бүкпей айтады; кейде пікірталастарда қызу қандылық, тұрақтылық, табандылық көрсетеді;

1 2 3 4

4. Тәуекелге барғанды ұнатады; сондай-ақ оның соңын күтуге шыдамы бар;

1 2 3 4

5. Ойын ойнағанда әр түрлі идеяларды туындата отырып ойнауға икемі бар; қиялдайды, ойлап табады («қызық, не болады екен, егер...»); пәндер мен жүйелерді және қоғамдық институттарды өзгертумен, ауқымын кеңейтумен айналысады да бос уақыты болмайды;

1 2 3 4

6. Аздаған және сыпайы түрде әзілдеп, қалжыңдасатын қасиеті көрінеді және басқаларға күлкілі болмайтын жәйттерден ол қалжыңды көреді;

1 2 3 4

7. Ішкі дүниесі әдеттен тыс сезімтал және өзіне иррационалды ашық-жарқын; эмоциональды сезімтал;

1 2 3 4

8. Таңғажайыптарға сезімі жоғары; өмірдің эстетикалық жақтарына көңіл бөледі;

1 2 3 4

9. Топқа әсер беруші; ретсіз нәрселерді бірден көзі шалады; бөлшектерге қызықтап қарайды; үздік болуға, басқалардан да үздік болуға қорықпайды;

1 2 3 4

10. Сыни ойлай отырып, құрастыра біледі; сыни тұрғыдан ойлап көрмейінше, шешім қабылдамайды.

1 2 3 4